Дүниедегі Жәннат

ТҰҒЫРЛЫ ОТБАСЫ

Осман Нұри Топбаш

ХИКМЕТ
БАСПА ҮЙІ

بسم الله الرحمن الرحيم

Алматы, 2014

УДК 28=03:512.161=512.122
ББК 86.38 (5Түр-Қаз)
Т 59

Қазақстан Республикасы Дін Істері Агенттігінің
дінтану сараптамасы жүргізілген

Аударған: Хайреттин Өзтүрк
Әсет Ануарбек
Редактор: Закия Махитжанқызы

Топбаш О.Н.
Т 59
Дүниедегі Жәннат — Тұғырлы отбасы / ауд. Х. Өзтүрк, Ә. Ануарбек; ред. З. Махитжанқызы. - Алматы: «Хикмет» баспа үйі, 2014. - 216 б.

ISBN: 978-601-7094-90-4

Исламтанушы ғалым Осман Нұри ТОПБАШ ұстаздың түрік тілінде жазған «Dünyadaki Cennet Huzurlu Aile Yuvası» атты кітабы «Дүниедегі Жәннат ТҰҒЫРЛЫ ОТБАСЫ» деген атпен қазақ тіліне аударылды.

Бұл шығармада адам баласының жаратылысында бар махаббат пен сүйіспеншілік қасиетіне сай көтерген шаңырағында қалай бақыт пен тыныштыққа кенеле алатынын баяндап, сол туралы тақырыптар қозғалған. Тақырыптар оқырман қауымның назарын тартатындай тартымды етіп ұсынылған әрі отбасы деген киелі ошаққа өте маңызды мәселелерді қамтиды.

УДК 28=03:512.161=512.122
ББК 86.38 (5Түр-Қаз)

ISBN: 978-601-7094-90-4

Дүниедегі Жәннат

ТҰҒЫРЛЫ ОТБАСЫ

Осман Нұри ТОПБАШ

ХИКМЕТ
БАСПА ҮЙІ

АЛҒЫ СӨЗ

Адамзатты бір ер адам және бір әйелден таратып, араларына мәңгілік бақыт көзі боларлық махаббат беріп, біздерге Өзінің Ұлылығына деген сүйіспеншілік пен махаббаттың есіктерін ашып берген Хақ Тағалаға шексіз хамд және мадақтар болғай!

Иләһи сүйіспеншілік пен махаббаттың босағасына жан дүниемізді әзірлейтін, тұғырлы отбасылық өмірдің ең керемет және кіршіксіз үлгісі болған ұлы жолбасшы көсеміміз Мұхаммед Мұстафаға ﷺ сансыз салауат пен сәлемдер болғай!

Еш күмәнсіз бүкіл тіршілік иелерінің жаратылуында махаббат бар.

Осы әлем жаратылмай тұрғанда Аллаһ Тағала «жасырын қазына» еді. Өзін танытуды қалады және сол сүйіспеншілігімен бүкіл тіршілік атаулыға өмір сыйлады.

Сондықтан да барлық махаббаттардың негізі иләһи махаббаттан бастауын алды және Хақ Тағала құлдарына берген жақсы көру және махаббат сезімдерінің барлық түрін негізінде Өзіне деген махаббатқа даярлау үшін, Өз сүйіспеншілігіне апаратын баспалдақ ретінде тарту етті. Оған деген махаббат шыңына жету жолында ең бағалы баспалдақ етіп, ер адам мен әйелдің арасындағы махаббат пен ғашықтықты сыйлады. Алланың атымен қиылатын некемен құрылатын отбасы атты ең мәнді де берекелі ұяны, осы махаббат пен ғашықтықтың құтты мекені етті.

Осы жағынан қарағанда отбасы атты құтты ұя әрі Аллаһқа деген махаббатқа апарар бір баспалдақ, әрі нәсіл мен ұрпақтың жалғасуы үшін қойылған иләһи заңдылық болып тұр. Басқаша айтқанда отбасы құру тәніміздің қажеттіліктерімен қоса, әрі рухани дамып, жетілуіміздің де алғашқы және негізгі бастауы қызметін атқарады.

Осы себептен Исламның көзқарасында неке қашан да асыл борыш ретінде қабылданып, дініміз баршаны үйленуге ынталандырады. Бұлай болмаса бұл адамзат жаратылысына да қайшы келер еді. Өйткені үйлену — салмақты себептер болмаса, адам баласының онсыз тұра алмайтын қажеттілігі және ізгі дәстүрі.

Алайда отбасы ұясын құрудың осыншалықты маңызды болуына байланысты, үйленудегі асыл мақсаттарды орындау және жас отауды жәннаттай жайлы ортаға айналдыру үшін бірнеше маңызды мәселелерге көңіл бөлу қажетті.

Иләһи махаббатқа баспалдақ болатын отбасын құру үшін не істеу керек? Үйлеріміз бақыт пен ынтымақтың мекені болуы үшін нелерге абай боулымыз керек? Бүкіл отбасы болып кешкен ғұмырымыздың сапары мәңгілік бақытқа апаруы үшін қалай өмір сүруіміз керек? Дүниедегі өміріміздің бақыты ақыретте жалғасын табуы үшін қандай шара қолдануымыз керек?

Міне бар мәселе, осы сауалдардың жауаптарында жасырылған. Бәлкім бұл жауаптарды өзіміздің өмір сүріп жатқан орта мен заман

ағымына орай әркім әр-түрлі бағамдауы мүмкін. Сондықтан да Ислам адамдарды отбасылық өмірлерінде қалаулы мақсаттар мен армандарға жеткізетін жолдарды, тәсілдер мен қағидаларды ең көркем түрде, бүге-шүгесіне дейін анықтап беріп кеткен. Сонымен қатар сол жолдар мен қағидаларға бағынбаған жағдайда қандай үрей тудырарлық нәтижелер белең алатындығын да айтып кеткен.

Бұл тұрғыда кіршіксіз табысқа жетуіміз үшін, яғни тұғырлы жанұя құра білу үшін Ұлы Жаратқан бізге ең көркем және мінсіз өнеге нәсіп етті, ол көңілдер сұлтаны Хазіреті Мұхаммед Мұстафа ﷺ Өмірінің ешбір кезеңінде кішкентай да үйлесімсіздікке жол бермеген пайғамбарлардың Пайғамбары өзі құрған отбасында да осы ұлы үйлесімділігінен танбаған. Сондықтан да жақсы отбасы негізін қалау үшін Оның абыройлы және теңдессіз әсемдіктерге толы отбасылық өмірін білуге және өнеге тұтуға мәжбүрміз десек артық болмас.

Әйтпесе мына қилы замандағы қыңыр қоғамымыз тұғырлы, ынтымақты, ыстық жанұялардан махрұм қалып, құрдымға домалап кете бармақ.

Барлығымыз куә болып жүргеніміздей, дұрыстап, терезесі тең жанұя құра алмаған қаншама жастарымыз орынсыз ажырасулармен өздерінің де, өз балаларының да өмірін қарайтуда. Одан да жаманы қаншалаған ғапыл жандар үйленуден қашуда және соның кесірінен күнә мен харамның уысында қор болуда.

Міне осы және осыған ұқсас себептер түрткі болып, қалам тартқан мына шағын еңбегіміз иншаллаһ қоғамымыздағы отбасы мәселесіндегі сырқаттарымыз бен жараларымызға — осы тақырыпта жазылған өзге еңбектер секілді мың да бір ем болар деген үміттеміз.

Осы үміт және тілекпен кітапшаны жеті бөлімде, төмендегі тақырыптармен әзірледік:

1. Исламда неке және отбасы.

2. Әйелдердің өз отбасында көңіл бөлуі қажетті мәселелер.

3. Еркектердің өз отбасында көңіл бөлуі қажетті мәселелер.

4. Еркектер мен әйелдердің біріге өз отбасында көңіл бөлуі қажетті мәселелер.

5. Бала тәрбиесі жайында.

6. Исламда әйелдің алатын орны және қыз балалар тәрбиесі.

7. Османлы падиша аналарының уақыф мәдениетіндегі имани құлшыныстары.

Еңбекте қысқаша түрде Ислам шеңберлерінде тұғырлы отбасы құру үшін қажетті мәліметтер орын алған. Үйленудегі асыл мұрат пен көзделген мақсаттардың орындалуы үшін қажетті қағидаттар мен принциптер жайында ой қозғап, оларға байланысты мысалдар да келтірілді. Сонымен қатар Ардақты Пайғамбарымыздан бастап өзге Ислам қаһармандарының өнегелі өмірлерінен де үлгілер келтірдік. Осылайша қадірлі оқырман қауымның назарына айқын пікірлер мен жарқын ойларды ұсынуға тырысып бақтық.

Осы шағын ғана еңбектің бір отбасын құрап отырғандарға, әсіресе жаңа-жаңа жанұя құруға дайындалып жүрген жастарымызға пайдасын тигізуін Аллаһ Тағаладан сұраймыз.

Бүкіл әлемдегі жанұялар ахлақсыздық, селқостық пен мейірбансыздықтың зілзалаларынан зардап шегіп жатқан осы қиын

қыстау заманда Раббымыз жанұяларымызды шайқалмайтын шаңырақ етіп құруды және ынтымақпен дәурен сүруді нәсіп еткей! Шаңырағымыздың асты махаббатқа, ынтымаққа және бақыт пен шаттыққа толы жәннатқа айналғай! Сол жәннаттың соңғы есігі – Аллаһтың көркем дидарына жеткізетін шексіз жәннат есіктеріне ұласқай!

Әмин!

Осман Нұри ТОПБАШ

Қантар/2014

Стамбул

Исламдағы
Неке және отбасы

Неке — пайғамбарлардың жолы, Расулуллаһтың сүннеті, ұрпақтың көктемі, ер мен әйелдің абыройы мен ары, намыс пен іззеттің берік қамалы және адамның өзге жаратылыстардан көркем айырмашылығы.

Енді мынау бүгінгі таңда үйленуге қатысты көптеген сөзталастар болып жүр. Солардың бірі осы адамдар қоғам болып шоғырланып өмір сүруге және отбасы құруға мәжбүр ме? Әркім құ басымен ғана тіршілігін жалғастыра берсе болмас па еді?

Жалғыздық тек Аллаһқа ғана жарасқан. Өйткені Ол Ұлы Жаратушы, жалғыз болуды тек дара Өзіне ғана тән етіп, сол себепті де бүкіл жаратылыстарын жұп-жұбымен жаратқан. Сондықтан да бүкіл тіршілік иелері жұп болып жаратылғандықтан бір-біріне мұқтаждық сезінеді. Сондай-ақ олар жаратушы емес, жаратылған махлұқат болғандықтан табиғаттарында бір әлсіздік пен мұқтаждық болады. Яғни «масиуәллаһ» деп аталатын Аллаһтан өзге барлық жаратылғандар мыңдаған

мұқтаждықтарын табу үшін әрі бір-біріне, әрі барлық нәрсені жоқтан бар етіп Жаратушы Аллаһқа мәңгілік мұқтаж.

Әсіресе жаратылыстың ішінде «адам баласы» басқаларға мұқтаждығы тұрғысынан бірінші орында келеді. Себебі адам баласының қажеттіліктері басқа жаратылғандарға қарағанда есе-есе артық. Оның үстіне ол қажеттіліктер үнемі артып отырады да, соңы ешуақытта көрінбейді. Өйткені адам баласы рухани және материалдық тұрғыдан әрқашан амандықта болып, рахат өмір сүргісі келеді. Қиыншылықтар, жоқшылық, қайғы-қасіреттер, пәлекеттер мен апаттар оған қиынға соғады. Әсіресе сондай сәттерде адам баласы арқа сүйейтін пана және қолынан ұстайтын жанашыр іздейді.

Сол себепті (Құранда) адам баласы **«достық пен татулық»** мағыналарына келетін **«үнс»** немесе **«үнсият»** сөздерінен тараған **«инсан»** деген сөзбен аталған. Осының өзі оның басқа жаралытыстарға, әсіресе, өз түріндегі адамдармен бірге өмір сүруге мұқтаж екенін көрсетеді. Бұл мұқтаждық адамның ең негізі ерекшелігі және де адам көбіне осы ерекшелігімен танылады.

Осы ақиқаттың ең айқын түрде көрініс тапқан жері әйел мен еркектің бірге өмір сүруі деуге болады. Бұл ұрпақтың үзілмей, жалғасын табуын қамтамасыз ету үшін аттап өтуге болмайтын зәрулік, тіпті шарт десек те болады.

Айталық бұл зәрулік өзге жәндіктерде еркек пен ұрғашының қосылуы, жансыз денелердің химиялық құрамында болса плюс(+) және минус(-) түрінде көрініс тапқан. Құран Кәрімнің көптеген аятарында осы жайында тоқталып кеткен:

«Барлық нәрсені сендер ойланып, ғибрат алар деп жұп-жұбымен жараттық» (Зәрият сүресі, 49-аят).

«Жердің өсіріп шығарғандарын, адамдарының өздерін және олар білмейтін нәрселерді жұбымен жаратқан Аллаһ кемшіліктерден пәк» (Йәсин сүресі, 36-аят).

«Және сендерді жұптарыңмен жараттық» (Нәбә сүресі, 8-аят).

Бұл аяттарда айтылып отырған жұппен жаратылудың мағынасы әр жаратылыстан екі данадан емес, жоғарыда айтып өткеніміздей, барлық нәрсенің «еркек-ұрғашы» немесе

«плюс-минус» болып жаратылуы. Әйтпесе жәй ғана екі данадан жаратылған нәрсенің біреуі артық болады, оның мәні де болмайды және мұндай қажетсіздік Хақ Тағаланың «барлық кәміл сипаттардың иесі» мағынасына келетін **«Мүтәал»** деген сипатына қайшы келеді. Қысқасы, Аллаһ барлығын бір-бірінен аумайтын егізді емес, жұп-жұбымен жаратқан. Бір жұмыртқадан шыққан егіздердің өздері ішкі жан-дүниелері, саусақтарының ұштары мен көздеріне дейін бір-бірінен өзгешеленіп тұратын көптеген түрлі тұстары болады..

Сонымен қатар Аллаһ Тағала барлық нәрсені жұп-жұбымен жаратып қана қоймай, олардың араларына бір-бірімен жақындық құрулары үшін бірін-бірі тартып тұратын байланыс орнатқан. Осылайша олардың рухани және материалдық тұтастығын қамтамасыз еткен.

Бұл ақиқат төңірегінде ер адамның әйелге, әйел адамның еркекке құмарлығы негізінен алғанда ұрпақтың жалғасуы үшін жаратылған. Алайда жалғыз мақсат осы ғана емес. Құрылған отбасы шаңырағының беріктігі мен оның мүшелерінің рухани үйлесімділігі, тыныштығы мен жарасымдылығы да адамзат үшін өте

қажетті әрі маңызды мақсаттардың бірі. Осы рухани үйлесімділік пен жарасымдылықтың қалаулы шыңына тек қана «Аллаһқа махаббат» арқылы баруға болады. Яғни жүректің Хақ Тағалаға ғашықтықпен бет бұруы арқылы... Ләйліден Мәуләға (Аллаһқа) қарай апаратын сапар арқылы болмақ...

Яғни бұл сапарға үшін Ләйлі керек. Өйткені махаббатуллаһпен Хақ Тағалаға жақындаудың бірінші кезеңі әйел мен ер арасындағы махаббаттан тұрады. Өйткені махаббат нәпсілік қалаулармен басталған болса дағы, оның асуын асып өтпейінше «ғашықтыққа» айналмайды. Ғашықтық ол, сүйіктілердің бойына бірін-бірі тартып тұруы үшін дарыған иләһи сый.

Осы тартылыс күшінің өзегі болып тұрған жүректер бір-біріне махаббатпен байланған жұбайлардың сезімдері арқылы құдды бір дайындық жасағандай болып, махаббатуллаһқа әзір күйге келеді. Бұл Аллаһты сүю қабілетін ояндырады. Жанұяның табиғи жемісі болып табылатын балаларға махаббат арқылы бұл қабілет одан әрі дамып, жетіліп, махаббатуллаһқа лайық халге келеді.

Міне осылайша жүрек махаббатуллаһқа лайықты болып, жан-дүниені баурап алуы үшін

отбасылық өмір иләһи бұйрықтарға сәйкес түрде өрбуі қажет. Тек қана ақылмен, нәпсілік құмар-құштарлықтармен құрылған неке махаббат жемісін бермей жатады.

Сондықтан да мұндай түрде құрылған жанұяларда некеден күтілген рухани жетілу және жүректің махаббат тәлімі іске аспай қалады. Яғни қос көңіл бір-бірінен нәр ала алмайды. Өйткені бұндай некемен құрылған отбасыларда адамдар көбіне нәпсілік құмар-лықтарының құлы болады. Олар рухани жетілу былай тұрсын, жан дүниелері одан ары кері кетіп, құрғап, солып, сөнуге дейін баруы мүмкін.

Рухани дамып, жетілуге, яғни діннің тең жартысын орындауға теңелген неке өмірінде әркімнің жетуге тырысатын идеалы болуы керек. Бір нәрсеге толықтай қол жеткізе алмаған жағдайда, оның қол жететін бөлігінен де бас тартуға болмайтыны тәрізді, некеде де әркім күшінің жеткенінше осы идеал неке сипаттарына жетуге асық болуы керек. Тек осылай ғана үйленуден күтілген отбасы құзыры, берекесі мен тыныштығына қол жеткізе аламыз.

Сонымен қатар бұдан бұрын айтып өткеніміздей адам баласының махаббатұллаһқа

деген қабілетке және соған лайықтыққа жету жолында әйел мен еркек арасындағы осы байланыс жалғыз ғана себепші емес. Егер бұлай болғанда бойдақтар рухани пісіп, жетілу тұрғысынан ешбір нәтижеге қол жеткізбей, орындарында тұралап қалған болар еді.

Алайда олар арасында Құран Кәрім мақтаумен еске алған Хазіреті Мәриәм және Хазіреті Исалар сынды қаншалаған салихалы жандар бар. Бұл жағдай бізге әркімнің жаратылысынан бойына дарыған қасиеттерінің бірдей емес екендігін және әсер ететін сыртқы факторлардың да бірдей болмайтындығын көрсетеді.

Яғни иләһи тағдыр ығысы шеңберінде сыйы үлкен сынақ ретінде осы дүниеде кей-бір жандарға некелесу нәсіп болмай жатады, ал кейбіреудің үйленуге кедергілері болып, соның салдарынан үйлену мүмкін болмай жатады. Ал кейбіреулер үшін некелік өмір үлкен қасірет пен қиыншылық алып келіп те жатады. Ондай адамдар сабырлық танытқан жағдайда Аллаһ Тағала ондай құлдарына басқа бір қабілеттер дарытады және сол қабілеттердің көмегімен үйлену арқылы іске асатын пайдалар бәлкім тіпті артығымен қол жеткізіле алады.

Осылайша үйлене алмаса да кейбір жандар осы рухани жетілу мектебін жан-жануарлар мен өсімдіктерге деген махаббатпен толықтырса, кейбіреулер басқа түскен қиындықтар мен пәлекеттерге сабыр мен табандылық таныту арқылы рухани ұлылық баспалдақтарын басып, асып өткен. Мысалға алтын ғасыр дәуірінде үйленуге мүмкіншілігі болмаған асхабу суффа да ғылым мен ағарту жолындағы қызметтерімен рухани жетілудің шыңына жеткен. Әрине бұлардың бәрі сирек болатын, әдеттен тыс жағдайлар. Ал негізгі шарт болып табылатын ақиқат, адам баласының міндетті түрде некелесу арқылы үйленіп, өзіне ыстық отбасы құруы болып табылады.

Расында махаббат пен сүйспеншіліктен жұрдай жүректер ұзық мерзім егістік егілмей, ағаш тігілмей қараусыз қалған, тастанды жер телімі сияқты. Еркек пен әйел арасындағы байланыс пен қарым-қатынастар сол топырақты өңдейді. Әрине бұл нәпсілік құштарлықтарға жармасу арқылы емес, оларды асып өту арқылы болатын іс. Яғни бұл байланыс иләһи махаббатқа қарай бағытталған болуға мәжбүр. Өйткені әйел мен еркек арасындағы махаббат тек қана иләһи ерекшеліктерді бойына сіңірген уақытта ғана қос көңіл махаббатуллаһқа қарай

жоғарылайды. Осындай некеде бала дүниеге келсе, оған деген махаббат бұл жүректің махаббатуллаһ жолындағы екінші кезеңі болады. Одан кейін дос-жаран, ұстаз және т.б. келеді. Осылайша жүрек кезеңнен кезеңге өтіп, қадамның артынан қадам басып ең ұлы мақсат-мұраты махаббатуллаһпен біртұтас болып, Хақтың сүйіспеншілігіне жеткен бақтияр құлдардың арасына кіреді. Міне осы нәтиже адамзаттың жаратылыс мақсатының ең шыңы болмақ.

Қысқасы әйел мен еркек бірлігінің діни әрі әлеуметтік атауы болып табылатын отбасы осындай ұлы да киелі мақсаттың орындалуы үшін жаратылысымызға орналастырылған тым қажетті ақиқат. Осы мақсат орындалуына қадам басқан сайын отбасы ағашы бүршік жарып, өсе береді. Көркем әрі дәмді жемістер береді. Қоғамда қалаулы тыныштық, құзыр, әлеуметтік тәртіп және ынтымақ орнауы сол жемістердің бірнешеуі.

Сол себепті қоғамның мәдениетті дәрежеге көтерілуі үшін және жанұялардың екі дүниелік қуаныш пен бақытқа кенелуі үшін ең маңызды мәселелердің басында тұғырлы жанұя ортасы келеді. Сондықтан отбасы құрылып жатқан

кезде еркек пен әйел бір-біріне Аллаһтың атынан сөз береді. Олардың бұл сөздері өздерінің жаратылыс мақсаттары жолында бір махаббат түрін орындау ниеті мен ұмтылысы. Осы ниет пен ұмтылысты демеп, жебеп отыратын ол әрине өзара құрмет, сыйластық, сенім және ықыласты таза пейіл.

*Исламның **жанұяға** көзқарасы қандай?*

Жоғарыда санап өткен мәселелер тұрғысынан Ислам жанұяға үлкен маңыз береді. Мұның себептерінің бірі жанұя қоғамның ұрығы секілді. Тарихтан көз жеткізген ақиқат мықты негізге орнықты етіп құрылған жанұялар қоғамның тұтастығын сақтап, көркейтіп отырса, керісінше бір-біріне рухани тұрғыдан тең емес жұбайлардан құрылған немесе бұзық мақсаттармен, қате түрде құрылған отбасылар қоғамды күйретіп отырған.

Осы тұрғыда Ислам махаббат пен кісі ақысы өлшемдерін сақтай отырып, терезесі тең

және бақытты отбасылар құруға мән береді. Тіпті жанұя деген ұғымның өзін тыныштық пен бақытқа балайды.

Сол себепті:

«Адамның жәннаты оның отбасы..» делінген.

Шынында да иләһи өлшемдерден ауытқымай құрылған жанұя дүниедегі шарттар тұрғысынан қарағанда жәннаттай болады. Осындай жоғары түсінік және киелі мекен әлбетте жоғары дәрежелі өлшемдер мен махаббатқа негізделе отырып, адал түрде құрылғанда ғана мүмкін болатындықтан **Ислам отбасын неке атты ұлы «келісімшарт/өзара сөз байласу»-дан бастайды**. Яғни екі жақтың да Аллаһтың құзырында бір-біріне Аллаһ атымен белгілі түрде сөз берулерін шарт қосады. Бұрынғылардың сөзімен айтқанда: **«Некеде кие бар»** деген сөз, бақытты да тұғырлы жанұяның құрылуында некенің маңыздылығын және оның тигізетін пайдаларының молдығын білдіреді. Өйткені ізгі амалдардың бағасы ниетке қарай.

Осындай ұлы ниетпен жасалмаған некелер мен қосылулар адамның жаратылу мақсатына теріс болғандықтан оның нәтижесі де үлкен қасірет пен күйреуге ғана апарып соғады. Бір отбасын алып қарасақ та, бүкіл бір халықты алып қарасақ та бұл осылай. Сол үшін де некесіз қосылулар дінмен тыйым салынып, Хақ құзырындағы жазасының ауыр екендігі ескертіліп, әрі өте қауіпті күнә ретінде харам етілген.

Маңыздылығына орай неке тақырыбын тағы да біраз аша түсер ме едіңіз?

Неке пайғамбарлардың жолы, Расулұллаһтың сүннеті, ұрпақтың көктемі, ер мен әйелдің абыройы мен ары, намыс пен ізеттің берік қамалы және адамның өзге жаратылыстардан көркем айырмашылығы.

Некенің екі куәгердің алдында жасалуы әйел мен ердің әлеуметке араласып, оның негізгі құрамдасы болатындығы себепті баршаға жария ету үшін. Өйткені мұндай бас қосуды басқалар білуге тиісті. Қандай да бір істерге ниет еткен

кезде әрқашан куәгерлер қажет емес. Алайда үйлену мәселесінде куәгерлердің шарт қойылуы неке актісінің әлеумет тарапынан қабылдануын қамтамасыз ету үшін. Өйткені бойдақ екендігі белгілі қыздар мен ұлдарға үйлену ұсыныстары келіп тұрады. Бірақ неке актісімен жария етілген және баршағы естіртілгеннен соң ол қыз бен балаға енді ұсыныстар тоқтатылады, осылайша жас жұбайларды тек қана бір-біріне арнаған түзу отбасы ұясының негізі қаланады. Сол себепті де екі куәгермен де шектелмей той-томалақ ұйымдастырылып, бүкіл қоғам неке актісіне куәгер болуы қамтамасыз етіледі. Сондықтан да той дегеніміз тұғырлы отбасы құрудың сыйлаған шаттығын басқалармен бөлісу ғана емес, сонымен қатар неке актісін баршаға жариялап, естірту мақсатынан туындағаны сөзсіз.

Әсілі өзінің бүкіл ерекшеліктерімен неке адамның жаратылысындағы көркем табиғаты мен қасиеттерін қорғау ниетімен бізге әмір етілген иләһи заң. Сондықтан да Ислам дінінде неке ұрпақ жалғастыру, бала тәрбиелеу, жанұяның сақталуы, адамдық қасиеттердің сақталуы тұрғысынан отбасының ең негізгі іргетасы деуге болады.

Ислам бұл іргетасқа соншалықты маңыз береді, оған қайшы келетін тәрбиесіздіктің барлық түрін қабылдамайды. Сол себепті некеден тыс жасалған жамандықтардың ең жаманы болып табылатын «зина» әрекетін ең ауыр харамдардың бірі дей отырып, тыйым салады. Өйткені ол өте ұсқынсыз әрекет, неке атты киелі, адал да ізгі дәстүрге қарсы шабуыл, бір ұрпақты жойып жіберердей барып тұрған аяусыз қылмыс. Неке атты бақыт пен құзыр әлемін жеңіл жүрістің ұсқынсыздығына айырбастаудан өткен ақымақтық пен надандық болмас.

Абыройы үстем халық пен мемлекеттің көшелері абыройды айрандай төгетін көріністерге сахына болмауы керек. Алаңдар тәрбиесіздікті тарыдай шашатын орындар болмауы керек.

Бір халықты күйреуден сақтап қалатын ең негізгі нәрсе оның діні мен көркем тәрбиесі екендігін естен шығармаған жөн. Ал тәрбиенің басы осы некеден басталады. Сол себепті Аллаһ Расулы ﷺ оның қиындатылмауы жөнінде үмметіне ескерту жасап:

«Некенің ең абзалы әуресі аз болғаны», деген.(Әбу Дәуіт, неке, 32)

Сондықтан да некеге қажетсіз әурелер мен артық қиындықтар тудыратын салттар мен ырым-жырымдар дінде орыны жоқ, жәһилия дәуірінің сарқыншақтары.

Хақ Тағала құлының адал және құзырлы тіршілік етуін қалайды. Адалдықты сақтаудың бірден бір жолы әрине үйлену. Қоғам ішіндегі үйленуге күші жеткендердің үйленулері қандай қажеттілік болса, үйленуге шамасы келмегендерді де үйлендіру Ислам қоғамының ортақ жауапкершілігіне артылған діни борыш. Құран аятында былай бұйырылады:

«Араларыңдағы үйленуге дайын бойдақтарды, құлдарың мен күңдеріңді үйлендіріңдер. Егер олар пақыр болса, Аллаһ өз кеңшілігімен оларды байытады. Аллаһтың кеңшілігі мол, бәрін білуші» (Нұр сүресі, 32-аят).

Осман империяторлығының кезінде осындай қайырлы қызметтерге жеке арналған арнайы қорлар құрылған. Өйткені қоғамның түзу және тәрбиелі болуы оның мүшелерінің адал және таза ғұмыр кешуіне тікелей байланысты.

Мухийддин Араби үйленбегендерді үйленуге ынталандырып, үйленгендерге арқа тосудың ізгілігі жайында былай дейді:

«Жәри садақалардың ең абзалы — үйленуге себепкер болу. Өйткені сол үйленгендердің ұрпағынан болған әр адамның жасаған әр игілігінен себепшіге де сауап тиесілі болады».

Сонау Хазіреті Адам عليه السلام және Хазіреті Хауа анамыз арасында жәннатта басталған отбасылық өмір, Аллаһтың бұйрығымен Адам атаның ұрпағына да өтіп, Ислам дінімен мәңгілікке өмірімізден орын тепкен. Шын мәнінде Ислам діні, қойған заңдылықтарымен отбасылық өмірге жәннат құзырын және мәңгі солмас көктем болып нұрын төккен рахым аспаны. Сол бақытқа жету үшін неке және үйлену заңымен әрбіріміз Адам мен Хауадай болып, солар секілді Аллаһқа махаббат пен тақуалық жолында бір тұтасқа айналып, бір кісіше болып, бір тамырдай соға білуіміз қажетті.

Некеменен бір-біріне бөтен болып келген екі адамның таңданарлық дәрежеде біртұтасқа айналуында, ес кетіре таң қалдыратын сабақтар мен даналы хикметтер жасырулы. Ата-анасының ошақ қасынан ұзаған екі бір-біріне бөтен жастың Аллаһтың сыйлаған махаббаты және мәрхаматымен бір-біріне көңіл байласуы, тіпті өздері өсіп-өнген ата-ана ұясын да жолда қалдырарлық дәрежеде бір-біріне бауыр

басып, ыстық қарым-қатынаспен ғұмыр кешуі неткен ұлы хикметтің көрінісі. Терең ойға батырарлықтай қандай үлкен сабақ.

Хақ Тағала некені Мұхаммед үмметіне берекенің көзі етіп, Кітап пен сүннет аясындағы отбасылық ғұмырды дүниенің жәннатына айналдырған.

Адамзатқа ізетті және адал өмір сыйламаққа жіберілген Ислам діні әйелді ең бағалы орынға қойып, әйелді шеттетудің тудыратын зияндарын басып айтады. Әйел жанұяның бақыты мен құзырының керегесіне асулы, арайлы шамдай. Некенің берер нәрі және нұрымен ол қоғамға жарығын төгіп тұрады. Жанұяның ар-намысын қорғайды. Әйел отбасын, ошақ қасын күнәның тырнағынан қорғап отыратын жанұя қарашығы болуы керек. Олай болмаса ұрпақтар бұзылады, отбасының құты қашады. Ұрпақтың бұзылуымен туысқандар арасы ашылады, туыстардың суынуы қоғамның күйреуіне дейін апарады. Бұл жағдайда фитнә кенедей жабысып, сезімталдық пен ыстық ықылас жойылады. Адамдардың құтын қашырар заман туады. Мұның бәрі кез-келген қоғам үшін күйреудің белгісі және пәлекеттердің бастауы болмақ.

Әйел бақыты бір үйдің зайыбы болып ғұмыр кешу арқылы мүмкін болады. Әйел өзінің асыл аналық борышынан тысқары кетер болса отбасының ошағы сөне бастайды. Әйелдің сыртқы өмірге араласуы тек қана зәрулік себептермен, әрі өзінің табиғи жаратылысына сай істер үшін болғаны жөн болады. Ол зәрулік себептер де объективті түрде қарастырылуы керек. Яғни қоғамның мұқтаждықтарына қарай белгіленіп, ақылға қонымды әрі шариғатқа жат емес болуы қажет. Қажетсіз бос қиялдар мен желпілдеген желеулермен, әр-түрлі болар-болмас сылтаулармен шектен шығу тек қана өзімізді алдау ғана болады. Оның нәтижесі де өкініштен басқаға жетелемейді. Қаншама әйел, қыздарымыз осындай ақыр заманның ғапылдық торына ілігіп, жоғалтылды. Небір ірік пен шіріктің үстіне қапталған жалтырларға алданған қаншама көздер, иләһи ақиқаттар алдында көр соқыр болып, өз бақытын қолдан жіберді.

Біле білсек, Ислам назарында әйел заты жанұяның әйнек шамында жарқырап нұр шашып тұратын тіршілікке нәр таратушысы. Әйелдің тәрбиелік, әлеуметтік және ұлттық нақышы мен көркіне отбасы, ошақ қасында ғана сәні кіреді. Әйел некемен құрылған ұясына

аттап кіруімен жап-жаңа өмірге аяқ басады. Бәлкім бұрын-соңды еш танымаған, бөтен бір ердің және оның отбасының қасында бірге өмір сүре бастайды. Алайда Аллаһтың некеге дарытқан киесі сол, неке арқасында бірігіп ғұмыр бастаған екі жұп бұрын бір-біріне бөтен болғанына қарамай, әп-сәтте дүниенің бір-біріне ең жақын адамдарына айналып шыға келеді. Ал олар құрған ұя, өздеріне көбіне өз ата-аналарының ошағынан да ыстық бола бастайды. Раббымыз осы төңіректе былай дейді:

«Орнығып, тұрақтауларың үшін өз араларыңнан жұбайлар жаратып, араларына сүйіспеншілік, мейірім орнатқандығы да оның белгілерінің бірі. Расында мұнда ой жүгірте білетін қауым үшін көптеген ғибраттар бар» (Рум сүресі, 21-аят).

Олай болса жанұя бақыты үшін оның төрінде тек қана жұбайлар арасында махаббат, ықылас және шапқат болуы керек.

Әрбір отбасында осындай бақытты табу мүмкін болмай жататын жайы бар. Осы бақыт пен құзырға қол жеткізу үлкен нығмет болса керек.. Оған жету үшін нелерге көңіл бөлу керек?

Мұндай бақытты да тыныш ұя құру үшін ең әуелі жар таңдауда Исламның орнатқан қағидалары мен ұстанымдарына абай болу — алғашқы шарты. Ол қағидалар мынадай: Үйленетін жандар өз жарын сұлулық, байлық секілді өткінші және нәпсіге жағатын себептерге ғана қарап таңдау жасамай, одан гөрі иманы мен тәрбиесі секілді рухани сипаттарына көбірек мән бере отырып таңдау жасағаны жөн. Бұл жөнінде Хазіреті Пайғамбарымыз ﷺ былай дейді:

«Әйел төрт ерекшелігіне, яғни материалдық жағдайы, сұлулығы, тегі мен діндарлығына қарай некеленеді. Сендер діндарларын таңдаңдар, қолдарың қайырға толсын!..» (Бұхари, Неке, VI, 123; Мүслим, Радаъ, 53).

Ұяны ұрғашы құс салады дейді. Осы ақиқаттың аясында жар болуға таңдалатын әйелдің

бойынан ізделетін ерекшеліктерді санап шыққан бұл хадис шәриф еркектің бойында болуы тиіс ерекшеліктерді де меңзеп тұр. Өйткені әр мүмин үшін тақуалықтан кейінгі ең бағалысы — үйленетін адамының ізгі амалдар істеуші жан болуы. **Салихалы еркек бақыт сарайының шайқалмас тірегі болса, салихалы әйел — бақыт бағының ең қымбат сәнді безеуі**. Бұл ақиқат хадис шәрифте былай баян етіледі.

«*Адамның көркі иманында, мәрттігі мен абыройы ақылында, тектілігі мен сұлулығы алған тәрбиесінде жатады*».

Отбасылар арасындағы теңдік мәселесі де міндетті түрде назардан тыс қалмауы тиіс. Ол теңдік материалдық жағдайы, салт-дәстүр мен мәдениеттері бір-біріне жақын болуы секілді түрлі жағдайларына қарай анықталады.

Бұдан кейінгісі иман мен амалдың кәмілдігі мен Исламның әмірлері мен тыйымдарына бекем болу арқылы іске асады.

Аллаһтың әмірлері мен тыйымдарына сай ғұмыр кешуді жіті қадағалайтын тұғырлы отбасы — дүние бақытының кепілі және

Раббымыздың ең үлкен ізгі тартуларының бірі. Сол нығмет пен бақыттың жалғасын таба білу екі жақтың да жайлы рухани ортада өмір сүруінде, ал бұл өз алдына өзара жан пидалық пен түсіністікке байланысты.

Бүгінгі таңда көптеген жанұяның эрозияға ұшыраған топырақтай құнарсыздануының ең басты себептерінің басында «әйелдің еркекке, еркектің әйелге ұқсай бастауы» жатыр. Аллаһ Тағала әйелге бөлек, еркекке бөлек табиғат берген. Бұл олардың қоғам ішіндегі атқаратын міндеттері мен жауапкершіліктеріне қарай қалыптасқан. Олардың дене бітімінен бастап рухани жан-дүниелеріне дейінгі бүкіл табиғи ерекшеліктері ер мен әйелдің бойын-да Аллаһтың оларға артқан жауапкершілік-теріне қарай ыңғайластырылған. Мысалы, бұл жанұяның асыраушысы және қорғаушысы етіп міндеттелген ер адамның бойында рухани төзімділік, табандылық пен дене бітімінің мықтырақ болуы түрінде өзін көрсетеді. Бұл өз алдына еркектің жанұяда басшы болуын және сол отбасының тіршілік етуі үшін күресуін қажет етеді.

Әйел жанұяға табыс тауып әкелуге міндеттелмеген. Егер бұлай болған жағдайда оған үлкен қиындық пен машақат тудырар еді. Өйткені оның жаратылысы, рухани және дене бітімі ерекшеліктері де тіршілік ету үшін күресуге арналмаған. Оның мойнына ең әуелі осы бас қосудан пайда болатын балаларды дүниеге әкелу, оларды адам болып кеткенше бағып-қағу секілді ана мейірбандығын қажет ететін асыл борыш артылған. Алайда, мүмкіншіліктері мен өмір шарттары сай келген жағдайда қажет болса, шариғат шеңберінде әйелдерге тән қызметте мамандық иесі болуына болады. Қыздар медресесі, балалар бақшасы секілді орындарда және т.с.с...

Аллаһ тарапынан арнайы қондырылған осы табиғат ерекшеліктері әйел мен еркекке берілген бөлек әрі бірін бірі толықтырушы сипаттар. Жұбайлар осы сипаттардың сыртына қарай ауытқитын болса, жанұяның бақыты шашырай бастайды.

Сонымен қатар, мынаны да айта кеткен жөн: отбасындағы ер адамның басшы болуы «билік жүргізу», (күш қолданып бағындыру),

ал әйелдің оған бағынуын «құлдық» деп қате түсінбеу қажет. Бұл рөльдер Исламның бекіткен өлшемдерінен аспай ұқыптылықпен орындалатын жанұяда «жәбірлеуші» де болмайды, «жәбірленуші» де болмайды.

Әйелдің ізеттілік пен бағыну шеңберінен шығып, күйеуіне зұлымдық жасауы, керісінше, күйеуінің өз үстемдігін нәпсі жолында өктемдігін жүргізу үшін пайдалануы жанұяны құрдымға сүйрейді. Сыртта жүріп тіршілік үшін тер төгіп, еңбегін сатқан ер адам кей кезде үйіне жабырқаулы, шаршаған күйде келуі мүмкін. Сондай сәттерде оның үйінде жұбайынан өзін жұбататын, мейірім оятатын, сүйіспеншілікке толы бағыныштылық көруі оның әрі құқығы әрі қажеттілігі. Дәл сол сияқты кешке дейін үйінде күйбең тіршілігін жасап, күйеуін асыға тосып отырған әйелдің күйеуінен өзіне көңіл бөлуін күтуі әрі табиғи құқығы, әрі қажеттілігі.

Сондықтан отбасындағы әр адам Аллаһтың өзіне артқан міндеттері мен жауапкершіліктерін дұрыс ұғынуы тиіс. Жанұяда еркек мейірімді, қамқор, ал әйел бағыныштылық пен құрмет көрсете білуі керек.

Шынында, отбасын тыныш та бақытты ететін, сол күйі мәңгілікке сақтап қалатын жалғыз ұлы қағида — өзара сүйіспеншілік пен құрмет болса керек. Бірақ, ұмытпау керек, ата-бабамыз «Ұяны ұрғашы құс жасайды» деп айтатын. Расында да, жанұяға ие болып отыру тұрғысында әйелдің рөлы басымырақ. Сондықтан осы тұрғыда әйелдің парасаттылық пен пидагершілік көрсетуі ер адамдікінен де маңыздырақ болып табылады. Өйткені Хақ Тағала әкеге қарағанда анаға көбірек сезімталдық берген.

Осыған қатысты Исмаил Хаккы Бұрсауи Хазірет Тарық сүресінің 7-ші аятында өткен «әр-Тәраиб» сөзіне былай деп түсініктеме береді:

«Селге баласы түсіп кетсе, қаншалықты қатерлі болса да, ана өзі де селге қарай ұмтылып, баласын құтқару үшін жанын тігіп, шырылдайды. Бірақ әке ондай болмайды. Баласынан үміт жоқ болса, ол тек қайғырып, селдің жағасында отырып, көз жасын төгеді».

Әрине, мұндай пидагершілік жаратылысындағы ұлы қабілеттерін жоғалтпаған ана-

лардың бойынан ғана табылады. Әйтпесе мазарлар мен ауруханалардың есігінің алдына балаларын тастап кетіп жатқан рухсыз, аяусыз тас жүрек аналар да жоқ емес. Тек олар өз жаратылысындағы көркем қасиеттерді жойған, өлтірген, рухы күйреген жандар.

Әдеттегі жағдайда аналық сезімі өз баласын еш уақытта жамандыққа қимайды. Бұл ұлы сезімталдық жан-жануарлардың бойынан да көрініп тұратын иләһи ақиқат. Мысалы, бір деректі фильм түсіру барысында сол жердегі адамдар куә болған мына оқиға осы ақиқаттың ең айқын көріністерінің бірі:

Кения Самбуру Жануарлар бақшасында 21-желтоқсан 2001 және 1-2 қаңтар 2002 мерзімі аралығында бір арыстан аналығы мен киіктің баласы таңдай қақтырарлық дәрежеде таңырқатар ана мен бала жақындығын көрсетіп, бірге ғұмыр кешіпті. Киіктің баласы алғаш камераға көрінгенде, кіндігі әлі арқасында тұр екен. Арыстан ананың оған мейірімі түсіп, өзіне бала етіп алғандай. Киіктің баласы да арыстан ананың ыстық ықыласын сезгендей, оның қасынан қалмайды. Сүт еме ал-

мағандықтан жапырақ жеуге тырысып жүр. Арыстан ана оның киіктің баласы екенін білетіндей-ақ, оған ет беріп тамақтандыруға тырыспайды. Тіпті, сол аралықта қарны ашып, арықтап кетсе де аң аулауға шықпайды. Соған қарамай, екеуінің де денсаулығы мықты болып шықты. Яғни, киік баласы ана сүтін ембесе де, арыстан ана аңға шықпаса да, қатты арықтап кетсе де тіршіліктерін сақтап қалды.

Бір кезде баласын жан ұшыра іздеген ана киік шыға келеді. Өз баласын арыстанның құшағында көрген кезде ол да аң таң болады. Жақындай алмайды. Бірақ ол жерден ұзап та кетпейді. Алыстан дыбыстап, баласымен түсініседі. Осылай бала киік ана киікке жақындап, тіпті, екеуі бірге жайылып, шөп жейді. Бірақ арыстан ана бәрін қадағалап, бақылап отырады. Өйткені ол киік баласына қатты бауыр басып, үйреніс іп алған. Сондықтан да оның қасынан кетуін көңілі қаламайды. Бірақ өз анасымен бірге жайылуына алысқа ұзап кетпейінше үнін шығармайды. Бала киік алыстап бара жатса болғаны, араға түседі. Өйткені бала киікті қатты жақсы көреді. Тіпті, оны жақсы көргені соншалық, тілімен сипалап, құлағын

жалап, бетін бетіне тақап ойнатады. Ақыры арыстан ана киіктің өз анасына баруы тиіс екендігін ұғынған болса керек, бала киікпен қоштасады. Оны иіскеп, сипалап, терісіне терісін үйкелеп, құдды бір көңілі құлазыған күйде қасынан кетеді. Бірақ Аллаһтың жазғаны болып, киік анасымен оңаша қалғанын көп ұзамай арыстанның еркегі көріп қалады. Дереу барып әлгі әлсіз киік баласын аулап жейді. Мұны көрген арыстан ананың жүрегіне бұл қатты тиеді. Киік баласының өлген жеріне барып, оның қанын иіскеп басын иеді. Кәдімгі сол жерде іштей жылап, көз жасын төгеді.

Камераларға түскен осы оқиға қандай таңырқатарлық иләһи құдіретті мысал. Аналық қасиеттің қандай жоғары дәрежеде паш етілуі, әрі бір-біріне дұшпан екі хайуан арасында түсіністік, махаббат. Міне, бұл Хақ Тағаланың ұлы аяттарының бірі. Аналық құдіретті көрсеткен иләһи мұғжиза деуге болады.

Мұнда бізге алар үлкен ғибраттар мен сабақтар бар. Яғни ана өзінің дене бітімімен ғана емес, рухани ерекшелігімен ана болады. Егер әйел сол ерекшелігінен, яғни бұл демек әйелдік және аналық сезімінен айрылатын болса, ол

бұдан былай мейірім бұлағы емес, аяусыз аңшыға айналады. Қаншама балаларды құртады. Сол үшін де әйелдер аналық қазынасын еш кемітпей, өзге тіршілік иелерінен артық түрде сақтауы керек. Өйткені өзге махлұқаттар үшін ақырет әлемінде балалрымен беттесіп, есеп беру жоқ. Бірақ адамдар үшін бар. Яғни адамдар үшін махшар күнінде балалары не қайыр болып, не қасірет болып алдарынан шығады. Сол себепті балаларға көрсетуіміз тиісті аналық мейірімнің ең жоғарғысы оларды жәһаннам отынан қорғайтындай етіп тәрбиелеу және оларға жәннатқа апарар тіршілік сүруді үйрету. Ол үшін діни тәрбие, көркем әдеп, құлшылық жасау құлшынысын бойларына сіңіру ең баста келеді.

Енді мынау, қоғамымызда үйленетін адамдар айттыру кезеңінен өтеді. Осы айттырып қойғаннан кейін кейде проблемалар шығып жатады. Айттырғаннан кейінгі екі жастың жүруі, сөйлесуі секілді мәселелерде нелерге көңіл бөлуі қажет?

Жоғарыда айтып түсіндіруге тырысып жатқанымыз осы, жанұяның берік, шайқалмас тіректермен құрылуы мәселесі. Сондықтан да жанұяны түзу және дұрыс қаланған негізден бастау тек қана айттыру кезеңінде ғана емес, басынан аяғына дейін барлық кезеңде иләһи өлшемдер мен тепе-теңдікті сақтай отырып әрекет етуге байланысты. Алайда өкінішке орай бүгінгі заманда кейбір адамдар айттыру кезеңінде өздерін үйленіп қойғандай сезініп, көптеген қателіктерге бой алдырып, жүректерге қайта жазылмас жаралар салып жатады.

Айта кетсек, құда түсу, айттыру кезеңі екі жақтың бір-бірімен үйленуге шешім қабылдап, келісуінен ғана тұратын оқиға. Яғни бұл кезең әлі некелі отбасы кезеңі сияқты емес әрине.

Екі жақ әлі де бір-біріне махрам (бөтен), яғни араларындағы харам қабырғасы әлі алынып тасталмайды. Сондықтан бұл харамның шегіне және адал істің шекарасына абай болу керек.

Қысқасы, айттырып қойғанымен де әлі некелері қиылмаған екі жастың оңаша жерлерде кездесуі, қажетінен артық сөйлесулері және бірге тұрулары мүлдем дұрыс емес. Мұндай жағдайлардың бүгінде қаншама зияндарына баршамыз куә болып жүрміз.

Бұл жөніндегі Ибн Аббастың мына риуаятын еске сала кеткім келеді:

Хақ Тағала Хауа анамызды Хазіреті Адамның сол қабырғасынан жаратты. Адам сс ол кезде ұйықтап жатқан болатын. Оянып қасында жайнап отырған Хауаны көрген кезде жүрегі оған тәнті болып, қолын соза бастады. Періштелер айқай салды:

«Ей, Адам! Қол тигізбе оған!.. Әлі некелерің қиылған жоқ!.»

Бұдан кейін Хазіреті Адам мен Хазіреті Хауа анамыздың некелері қиылды. Мәһір-

дің шарты ретінде үш рет Хазіреті Мұхаммед Мұстафаға салауат айту деп келісілді.

Бұл Аллаһтың құзырындағы және Мұхаммеди ақиқаттың алдында қиылған алғашқы некенің бастауы болды.

Сөйтіп, неке Хазіреті Мұхамед Мұстафаға салауат айту арқылы ұлы мағынаға ие болды. Рахым, береке және рухани нәрге қарық болды.

Той жасау жайында не айтар едіңіз?

Үйлену тойын жасау дос-жаран, жек-жаттар мен туысқандармен бақытты бөлісудің себепшісі. Сонымен қатар некенің жария етіліп, естіртілуі қағидасын артығымен орындау секілді мақсаты да бар. Сондай-ақ адам ұрпағының жалғасуы үшін жанұя құрылуындай өте маңызды іс-шара қуаныш пен шаттануға себеп боларлық жағдай. Қуану да жаратылысымыздың бір қажеттілігі.

Алайда мынаны ұмытпаған жөн, тойларды отбасыларды күйрететін дәрежеде ысыраппен

және басқа да қажетсіз істермен қиындату Исламның түсінігіне мүлде қарсы іс-әрекет. Бұл Ислам тіпті күрілдеп тасып ағып жатқан өзеннен дәрет алған кездің өзінде суды ысырап жасамауды бұйыратын, ұқыпты болуды әдетке айналдыруды бұйыратын дін. Сондықтан да екі жақ қаншалықты байлығы тасып жатса да сол қоғамның байлықтан махрұм жандарын да ескеріп, орта жолды ұстанулары керек. Бүгінгі таңда көптеген азаматтардың жасайтынындай тойды бір дәулет пен байлықта жарысып, оны баршаға паш ететін тамашаға айналдыру ысырапшылдықтың және Исламды дұрыс білмегендіктің көрсеткіші.

Шынында да тойлар, қарапайым және биязы болуы керек. Ысыраптың барлық түрі, көзге ұрып, мақтанудан аулақ болып, әркім өз жағдайына сай қарапайым бір салтанат ұйымдастырғаны жөн. Материалдық байлықты паш ету үшін жасалатын тойлардың мақсаты мен рухани жағы бұзылады.

Әсіресе Аллаһтың бұйрықтарына қайшы келер неше түрлі бұзық дәстүрлерге жармасып, үйлену атты киелі жолды жаман әдетпен бастату надандық пен қасіреттің нақ өзі. Тек қана Ұлы Аллаһтың үкімдеріне сай түрде,

ахлақ қағидаларына бағына отырып жасалған неке рәсімдері ғана мүбәрәк болып, дұғалар мен тілектердің қабыл болатын мекені болмақ.

Тек қана әйел мен еркектің аралас отырмауы шартымен әйелдердің өз араларында және еркектердің өз араларында адал түрде көңіл көтерулеріне рұқсат етілген.

Сонымен қатар жәннат асы деп бағаланатын және маңызды сүннет іс болып табылатын той дастарханына ғаріптер мен ешкімі жоқтар да шақырылуы тиіс. Себебі Аллаһтың Расулы бұл жөнінде былай деп ескерткен:

«Тек қана байлар шақырылып, кедейлер шақырылмаған той дастарханы қандай жаман дастархан!». (Бухари, неке, 72; Мүслим, неке 107; Ибн Мәжә, неке 25)

Бұл үмметке оның ішіндегі әлсіз адамдардың дұғасы себебінен жәрдем келетінін білгеніміз жөн. Сондықтан да ғаріп жандар мен пақырлар той асына арнайы шақырылуы тиіс. Мұса пайғамбардың Хақ Тағалаға қалай жалбарынғандығын еске алайық:

«Я, Рабби! Сені қайдан іздейін?», — деп сұрады.

Аллаһ Тағала оған:

«Мені жүрегі мұңлы адамдардың қасынан ізде!» деп бұйырды (Әбу Нұайм, Хилиә, II, 364).

Себебі жүрегі мұңлы және ғаріп жандардың тілектері Аллаһтың құзырында қабыл болады. Сол үшін олардың дұғаларын алуға және әсіресе үйлену секілді отбасы негізі қаланатын маңызды сәттерде көбірек мән берілуі керек. Сондай-ақ салихалы жандардың да дұғасын алуға тырысып бағу керек.

Бүгінгі жас үйленген ерлер мен әйелдердің жанұя берік болуы үшін қандай мәселелерге мән берулері керек?

Мынаны жақсы білген жөн: халықтың тұғырын көтеретін ер адамдар. Ал әйелдер оны ары қарай толықтырады. Еркексіз даму болмайтынындай, әйелсіз де даму мен жоғарылау болмайды, болса да кем болады. Осы тығыз байланысқа қатысты өз отбасында бақытсыз

өмір сүрген ер адам қызметінде де көбіне жетістіктерге жете алмайды. Сондықтан мемлекет әйелдің ересектігі мен парасаттылығы арқасында алға басады деп нық сеніммен айта аламыз. Әрине мұның керісіншесі де болады. Яғни мемлекет пен халық әйелдердің төмендеуі нәтижесінде құны мен күшін жоғалтады. Тарих бетті мұның сансыз үлгілеріне толып жатыр. Міне сондықтан да мықты жанұяларға қажеттілік қашан да бар. Негізінен алғанда;

Адам баласының жаратылыс болмысы өте керемет кәміл түрде жаратылған. Бірақ сол кәмілдікті бойынан көрсететін тұлғаны мықты жанұялар тәрбиелеп шығарады. Сондықтан да адам үшін отбасы ұясы жан дүниесін орнықтырып, іс-әрекеттерін түзейтін ең ыстық тәрбие ошағы болары сөзсіз. Осылай болғанда ғана жүректер рухани дәрежеге көтеріледі. Пайғамбарлар мен әулиелердің отбасылық өмірінен өз үлестерін алады. Осы төңіректе;

Жанұяның бақыты екі жақтың өз араларында құрметті болуына және сол құрметті махббатпен бекітулеріне байланысты болады.

Жанұя бақытының шындыққа айналуы тұрғысында аяттағы: **«иттақу/Аллаһтан қорқыңдар!»** сөздерінің шақырып отырған «тақуалық» бұлағынан сусындай білу аса маңызды. Жер мен көк куәгер, мына әлем әйелдердің құқықтарына көңіл бөлудің берекетімен жәннат, селқос қараудың жаман нәтижелерімен жәһаннам халіне айналады. Хазіреті Пайғамбар ﷺ әйелдердің құқықтары жайында өзінің қоштасу құтбасының бір бөлімінде былай деп бұйырады::

«*Ей адамдар! Әйелдердің ақысына абай болыңдар! Оларға мейірім және махаббатпен қарайлаңдар! Олар мәселесінде Аллаһтан қорқуларыңды өсиет етемін. Сендер әйелдерді Аллаһтың аманаты ретінде алдыңдар, олардың намысы мен арын Аллаһтың атына сөз бере отырып өздеріңе адал еттіңдер!*» (Сахих Бухари мұхтасары, X, 398).

Сондықтан да әйелдерді салиқалы ұрпақ тәрбиелеудей ізгі істен ажыратып, киелі жаратылыстарына қайшы келетін істерге бағыттау ақыл мен санаға да, иманға да жат қы-лық. Жат, себебі жанұядағы құзыр мен бақыт тек

қана әйел мен ердегі ерекшеліктер мен қабілеттердің орын орнымен қолданылуы және қорғалуы арқылы қол жететін нәсіп.

Осы нәсіпке ие болатындай отбасын құру Исламның қайта-қайта басып айтқан мәселелерінің бірі. Оның рухани және материалдық жағы да болады. Сондықтан да жанұяны екі жақты етіп құра білу барынша салмақты ниетті және абай болуды қажет етпек. Әйпесе үйлену жәй ғана бас қосу деп түсініп қалуы да мүмкін. Осындай тар түсінікпен құрылған жанұялар өкінішке орай орынсыз ажырасулармен аяқталып жатады. Шынында да дін мен ахлақ сезімдері бірлестірмеген жұбайлардың үйленуінің нәтижесі не ажырасу, не болмаса мазарға дейін жалғасатын бір-бірімен арпалыс шынжыры болады. Әлбетте бұл ешкім қалайтын нәтиже емес. Сол себепті ажырасулар ұлы ғарышты сілкіндіретін үлкен оқиға деп айтылған. Аллаһ Расулы ﷺ айтады:

«Үйленіңдер, ажыраспаңдар!.. Өйткені, ажырасу ғарышты сілкіндіреді..» (Әли әл-Мүттақи, IX, 1161\27874).

Ал енді жәй ғана қызық дәурен сүру үшін ажырасуға келер болсақ, оның есебі де, азабы да тым ауыр күнә, зұлымдық. Әсте халал болмайды. Бұл Хақ Тағала кешірмейтіндей құл ақысын жеу, өз-өзіңді құрдымға, қасірет ойпатына қарай сүйрелеу.

Ойланбай және жәй қызық көру үшін үйленулердің және кейін оның ізімен келетін ажырасулардың соңдары сондай қайғылы, оларды санап біте алмаспыз. Мұның ең ауыр және ең жүрекке батар тұсы — балалардың тағдыры. Жанұясында отбасы ыстық ықыласты қарым-қатынас таба алмаған, өнеге болудың орнына ата-аналарының ұрып-соғып, қараусыз тастаған балалары оған тек көшенің берерін алып, өмір сүреді.

Үйі анандай болған соң қашып, көшедегі балаларға қосылатын мұндай балалар қысқа уақытта шылым, спиртті ішімдік, есірткі, жеңіл жүріс және түрлі қылмыстарға жеңін малып, сондай қылмыс ұйымдарының торына ілігеді. Бұл да өз алдына қоғамды қиратын апатқа апарары анық. Әрі қоғамның өмірін құрғатып, құнарсыздандыратын қорқынышты ахлақи эрозияның түрткіші болады.

Осы жерде ажырасу жайында тағы бір шындықты айта кету керек. Әрине, Ислам бойынша неке актісі католиктердегідей ешуақытта бұзуға болмайтын және өмір бақи шарасыз түрде жалғастырылуы тиісті шара емес. Әрбір сөз байласу сөз байласушы пенделердің ісі болғандықтан, кейбір мәжбүрлік жағдайларда екі жақтың қайта ойланып, келісімге келуімен, әлбетте, аяқталуы мүмкін.

Бұл Исламның қабылдаған қағидасы, ақыл мен санаға қонымдысы да, әрине, осы. Әйтпесе жаңылыс пен білместіктен өзіне сай емес адаммен үйленіп қойғандардың ажырасу құқығы болмаса, өмір ол адам үшін уға айналары хақ. Ондай бірлесулер құлдық пен тұтқындыққа айналады. Мұндай тұтқындықтан шығар жол таба алмаған жандар бұл жолы сырттан жұбаныш іздеп, адасып, тентіреп кетеді.

Міне, сондықтан да Ислам зәрулік пайда болған жағдайларда ажырасуға рұқсат беріп, бұл мәселені ерік-жігері мықтырақ болғандықтан, еркектің қолына табыстаған.

Ислам дінінің ажырасу құқығын негізге қағида бойынша еркекке беруіне әйелдердің

оңай жараланатын сезімталдықтары себеп болған. Ал, неке қию барысында әйел сондай шарт қойса, ажырасу құқығы әйелге де берілуіне ешбір кедергі жоқ. Мұны «тәфуизү талақ» деп атайды. Сондай-ақ мұндай шарт орын алмағанның өзінде ажыраспаса болмайтын дәрежеге жеткен жағдайда әйел белгілі органдарға жүгіну арқылы ажырасу құқығына ие.

Сол себепті қажетсіз ажырасулардан қорғану, шүбәсіз, әйел мен еркектің бір-бірінің қадірін біліп, бағалай алуы арқылы мүмкін болады.

Ғұмырлық жолдасыңның бақытты күндері, есте қалар қызықтар, ықыласты көңіл көтерулер, тыныш ұйқылы түндер — барлығы Алланың қойған өлшемдерінің аясында болғаны жөн. Мұның бәрі қос жұбайдың өзара махаббаттарына берік болып, ықылас танытуларына байланысты жәйттар.

Хадис шәрифтерде былай делінеді:

«Кімде-кім түнде оянып, жұбайын да оятып, екеуі бірге немесе бөлек екі рәкәат намаз оқыса, Алланы көп зікір етуші

ерлер мен Аллаһты көп зікір етуші әйелдер қатарына жазылады» (Әбу Дәуіт, Татавву 18, Уитр 13).

«Түнде тұрып намаз оқыған, әйелін де тұрғызған, тұрмаса, жүзіне су себелеп оятқан адамға Аллаһтың рахымы жаусын. Дәл сол секілді түнде тұрып намаз оқыған, күйеуін де тұрғызған, тұрмаса, жүзіне су себелеп оятқан әйелге Аллаһтың рахымы жаусын» (Әбу Дәуіт, Татавву 18, Уитр 13).

Бұл хадис шәрифтерден ұғатынымыз — жанұяның бақыты екі ауыз сөзбен айтқанда:

1. Жұбайлар арасындағы пейіл мен ықылас,

2. Бірін бірі тақуалыққа ынталандыру сияқты екі үлкен әдетке тікелей қатысы бар.

Осы айтқандарыңыздың барлығы бір бойынан табылатын өнеге жанұя көрсету керек болса, бұған жарқын мысалдар бар ма?

Әлбетте. Көптеген мысалдар келтіруге болады. Алайда, барлығының басында, әрине, Хазіреті Пайғамбарымыз Мұхаммед ﷺ құрған тұғырлы да бақытты отбасы келеді.

Өйткені, өмірінің барлық сәттерінде, барлық мәселелерде баршаға үлгілі жолбасшы болған Расулұллаһ ﷺ жанұя бақыты мен тыныштығы мәселесінде де бәрімізге өнеге боларлық отбасын құрып, барлық жағынан кәміл, кемшіліксіз дерлік, берекесі мен ынтымағы жарасқан тіршілік жолын көрсетіп берген.

Яғни, ол бақытты жанұя құру үшін ең кәміл отағасы әрі ең кәміл әке үлгісін көрсетіп берген. Ал оның мүбәрак жұбайы Хазіреті Хадижа анамыз — ең кәміл әйел және ана үлгісі. Пайғамбарымыздың басқа жұбайлары да осындай.

Қысқасы, Ол құрған отбасы ұясында

Оның бойынан кішкентай да мін орын алмаған. Бұл қиялымыздан да асып кететін үлкен жетістік. Әрине, пенде болғандықтан пәк жұбайларымен өз арасында ұсақ-түйек мәселелер туындаған кездері бар. Алайда, Оның ұлы биязы мінезінің және идеал тұлғасының арқасында олардың барлығы қайырлы да берекелі нәтижеленіп, сондай жағдайларда өзін қалай ұстау керектігі жайында да үмметке көркем өнеге болып қалған. Сондықтан Пайғамбарымыз құрған отбасы ұясы өзінің ұлы тұлғасы секілді барлық жағынан ең идеалды әрі өнегелі отбасы болып қала бермек.

Ол жанұя дүниедегі сондай құзырлы да көркем отбасы болғаны соншалық, бірнеше күн бойы ыстық тамақтың иісі шықпаса да, бақыт пен шаттықтың иісі аңқып тұратын. Оның үстіне сол киелі ұядағы пәк жұбайларының бөлмелері тек бастарын сұғатындай ғана ықшам орын болатын. Алайда, ол ұядан азықтың ең ләззаттылары ризалық пен сабыр, тобашылық үзілмейтін. Аллаһ Расулының жанұялық өмірінде қолданған тәрбие әдісі олардың жүректеріне шексіз бауырмалдық пен махаббат ұялатқан еді. Ешбір әйел өз

отағасын сол аналарымыздың Аллаһ Расулын сүйгеніндей сүйе алмас, сірә. Ешбір отағасы өз жұбайын Аллаһ Расулының өзінің мүбәрак жұбайларына сыйлаған махаббатындай сүйе алмайтын шығар. Ешбір бала Фатиманың өз әкесін жақсы көргеніндей жақсы көріп, ешбір әке өз перзентін Аллаһ Расулының Хазіреті Фатиманы жақсы көргеніндей жақсы көре алмайтын шығар.

Расулуллаһ ﷺ әрбіреуі мүминдердің аналарындай болған жұбайларына осындай әділдікпен қарайтын. Бұл тұрғыда ол қолынан келгенше тырысып баққан, әйтсе де кемшіліксіз әділдік орнатудың қиындығын мойындай отырып, Хақ Тағалаға жалбарынған болатын:

«Я, Рабби! Өзім байқамай, біреуін екіншісінен артық сүюім мүмкін. Ол әділетсіздік болады. Сондықтан да Раббым, қолымнан келмеген жерлерде Сенің рахымыңа сиынамын!..»[1].

1. Бұл дұға тілегінде Пайғамбарымыздың өз әлсіздігі мен қауқарсыздығын мойындауының көптеген хикметі бар. Солардың бірі – өзін барлық жағынан үлгі тұтатын үмметінің Оның да айналып келгенде бір пенде екендігін ұмытпауын қамтамасыз ету. Себебі, бұрынғы үмметтердің кейбірі Пайғамбарларына шектен тыс құрмет пен тағзым ету арқылы таухид сенімінен ауытқып, тіпті, пайғамбарларын тәңір дәрежесіне көтеруге дейін жеткені белгілі. Сол себепті Ислам діні иманның негізін құрайтын шәһәдәт кәлимасында Хазіреті Пайғамбардың **«Аллаһтың Расулы»** сипатынан бұрын, ең әуелі **«Аллаһтың құлы»** сипатына назар

Уа, Раббымыз! Біздерге және отбасыларымызға Саған құлшылық пен итағатқа толы тақуалы ғұмыр нәсіп ет. Шаңырағымызды өз мейіріміңмен бақыт бақшасына айналдыр! Мың бір түрлі керіс пен ғапылдықтың алаулары жайлаған азап жәһаннамына айналудан сақта!

Әмин!..

аударған. Әрине, бұл мәселеде Оны тек құл ретінде ғана қарастырып, расул болу сипатын назардан тыс тастау да үлкен сауатсыздық пен әділетсіздік болады.

Отбасында әйелдер көңіл бөлуі қажет мәселелер

«Салихалы әйел жүзіне қараған кезде жұбайын қуантады, күйеуінің адал қалауларын орындайды және ол болмаған кезде оның малы мен намысын қорғап отырады» (Ибн Мәжә, Неке, 5/1857).

Отбасы ұясында тыныштық пен бақыт орнату үшін әйелдің көңіл бөлуі қажетті мәселелер жайында айтсаңыз?

Бәрінен бұрын, әйелдер бәрімiздiң жаратылысымыздың қажеттілігі ретінде құлшылық пен тақуалыққа көңіл бөлулері қажет. Бұл тұрғыда намаз бен ораза сияқты ғибадаттарға көңіл бөлумен қатар, халал мен харамға мұқият назар аударулары қажет.

Жанұядағы әйелдің тақуалығы мен туралығы жұбайы мен балаларын, туыстарын, ақыры, көршілерін жақсылық пен қайырымдылыққа баулитындай болуы керек. Салихалы әйел айналасына шаттық тарататын жәннат иісті гүлдей.

Әйелдер үшін Аллаһқа құлшылықтан кейінгі ең маңызды міндет — отағасы мен жанұя мүшелерінің көңілін тауып жүру. Күйеулерін разы қылып, жанұя бақытына көлеңке түсірмей алып жүру әйелдерге Аллаһтың разылығын әпереді. Бұл жайында Пайғамбарымыз ﷺ:

«Салихалы әйел жүзіне қараған кезде жұбайын қуантады, күйеуінің адал қалауларын орындайды және ол болмаған кезде оның малы мен намысын қорғап отырады» (Ибн Мәжә, Неке, 5/1857), деген. Олай болса, әйел жұбайын разы қылу жолдарын іздеп табуға, оның көңілін аулауға асығуы керек.

Осы тақырыпты тағы біраз аша түссеңіз. Әйел заты үйінде қандай нәрселерге мұқият болғаны абзал?

Үйдің ішінде өзіне жақсы қарап, таза да сүйкімді болып жүруге тырысуы керек. Кез-келген еркектің көзінде әйелдің салақ, қалай болса солай жүруі оның абыройының түсіп кетуі үшін жеткілікті. Әйел күйеуінің қасында жағымсыз кейіп танытудан аулақ болғаны жөн. Үйінде іздегенін таба алмаған адамның көңілі сыртқа ауып, қате жолдарға түсіп,

түбінде жанұясының бақытын қатерге тігуі мүмкін. Сондықтан әйел терілген әртүрлі хош иісті гүл шоғындай жайнап, жұбайына бақыт пен көңіл-күй сыйлап жүруі керек. Күйеуі кештің батуын асыға күтіп, жұмыстан үйіне жеткенше, асығатындай болуы керек.

Салихалы әйелге жарасатыны — күйеуін есіктен күлімдеп қарсы алып, үйден шығарда жақсы сөзбен, ізгі дұғалармен шығарып салу. Ол шаршап тұрған күнде де мұнысын білдірмей, бетін тыржитып тұрмауға тырысқаны жөн. Күйеуінің туындаған мәселелерін бөлісіп, шаршауын басуына қолынан келгенше көмек-тескені дұрыс.

Шектен тыс, қажетті-қажетсіз шағымданулар мен түкке тұрғысыз нәрселерге ренжіп, тырысып, құрысумен бір-бірінің көңілін түсіріп, берекесін қашырмаулары керек. Бұл тұрғыда ардақты сахабалардың бірі Үммү Сүләйімнің күйеуіне көрсеткен мәмілесі қандай үлгілі! Баласы қайтыс болған кезде бұл оны күйеуіне қызмет етуден бөгемеген болатын. Әбу Талханың ауыр наукас ұлы өзі үйде жоқ кезде қайтыс болады. Үммү Сүләйім баласы қайтыс болғаннан кейін оны жуындырып, кепендейді. Әбу Талха келгенде:

«— Бала қалай?» деп сұрады. Үммү Сүләйім:

«— Баланың ауырғаны басылды, тыныш дем алып жатқан болар» деді. Үммү Сүләйім үйдегілерге:

«Әбу Талхаға ұлының қайтыс болғанын мен өзім айтқанша, айтып қоймаңдар!» деп, қатал ескертті. Сосын күйеуінің тамағын алып келді. Әдеміленіп, күйеуінің қасына келді. Кешкісін жатып, тынықты. Таң атқан кезде Әбу Талха үйден шығуға әзірленіп жатқан кезде ақылды да тақуалы әйелі оған:

«— Әбу Талха, мына көршіміздің істегеніне қарашы, бізден уақытша алған аманатын сұраған кезімде қайтарып бергісі келмеді» деді. Әбу Талха:

«— Сөйтуге бола ма, дұрыс істемеген екен!» деп жауап берді. Сонда Үммү Сүләйім:

«— Әбу Талха, ұлың сенің қасыңа Аллаһ Тағала табыстап қалдырған аманаты еді, оны қайтарып алды», деп айта қойды. Әбу Талха бірден абдырап қалды, біраз үнсіз тұрды да, сосын:

«Біз Аллаһқа тиесіліміз және Аллаһқа кері қайтамыз» деуге ғана шамасы келді. Намаз оқу үшін мешітке барған кезінде болған жағдайды Хазіреті Пайғамбарға айтып берді. Аллаһ Расулы:

«Аллаһ осы түндеріңді мүбәрак қылсын!» деп, дұға жасады. Сол дұғаның берекетімен арадан бір жыл өтпей-ақ, Аллаһ бұл отбасыға тағы бір ұл бала сыйлады. Пайғамбарымыз сол жаңа туған балаға құрма шайнап беріп, дұғасы мен батасын берді. Балаға Абдұллаһ деп ат қойды. Тағы да сол дұғаның берекетімен Абдұллаһтың 9 немесе 7 баласы болып, барлығы түгел Құран хафыздары болғандығы риуаят етіледі (Бұхари, Жәнәиз 42, Ақиқа 1; Мүслим, Әдеп 23; Фәдайлүс-сахаба 107).

Салихалы әйел бірлігі мен ынтымағы жарасқан отбасы болуы үшін жұбайымен қарым-қатынастарында тағы да қандай нәрселерді есте шығармауы керек?

Күйеуін еш уақытта қараусыз қалдырмауы, отбасы мүшелерінің алдында оны екінші орынға қоймауы керек. Бұл жаратылысқа қайшы болатындықтан, ер адам мұны еш уақытта қабылдай алмайды.

Біреуді разы ету үшін оны ең алдымен жақсылап танып алу керек. Сондықтан әйел жұбайын түсінуге, оның қалауларын, неге қызығатынын, сезімдерін және нені ұнатып, ұнатпайтындарын біліп, онымен барлық сезімдерін бөлісіп, одан ажырап суып кетпеуі тиіс. Еркек те өз алдына әйеліне дәл сондай мәміле көрсетуі тиіс. Егер олар бір-бірін елеусіз қалдыратын болса, өмірлік жолдастықтың табиғи қажеттелігі болып табылатын «ортақ әңгімелері мен қызығушылықтары» таусылып, уақыт өткен сайын бір-біріне суып кетеді. Уақытында алдын алмаса, заман ілгерілеген сайын бұл отбасы бірлігіне кері әсерін тигізіп, жұбайлар арасындағы махаббат пен сыйластық орнына жек көрушілік пен өшпенділік жайлап алуы әбден мүмкін. Мұның ең жаман мезгілі — кәрілік кезі. Бір шатырдың астында қаншама жыл бірге тұрса да, бір-бірін түсінуге, тануға тырыспаған адамдардың әбден қартайғанда ажырасуы — қайғылы жалғыздық пен орны толмас өкініш пен қасірет.

Әйел адам өз жұбайының қайырлы да адал істерінің барлығында қолдау көрсетіп, көмекші болғаны дұрыс. Оның туыстарына да құрмет көрсетуден аянбауы керек. Егер таңдау немесе пидагершілік жасау керек бола қалса, оның туыстарын қолдауы керек.

Өмір тосын сыйларға толы емес пе?! Қиынқыстау заман тууы мүмкін. Ондай шақтарда күйеуінің жанында болып, жүгін жеңілдетуге көңіл бөлуі қажет. Бұрынғы үлкендеріміз қандай керемет айтқан:

«Ұлық болсаң, кішік бол!» (Едендегі кілем бол, қырық табан үстіңнен бассын, басыңа тәж болып қонсын!)

Осыған ұқсас қаншама мақал-мәтелдер бар! Сол сөздерден шабыт алып, сөзді әрі қарай мәтелмен жалғайтын болсақ, қиыншылық көрген шақтарда «аузынан қан тамшылап тұрса да, қызылша шербеті ішкен едім» дей салып, қолы сынса, жеңінің ішінде қалуы керек.

Жанұя табалдырығын ақ орамалмен аттап кірген күнінен бастап, сол отбасын бақыт пен шаттыққа толтырып, сол есіктен аппақ, кіршіксіз кебінмен мәңгілік сапарына аттануы қажет.

Дәл осындай жұбай болған Хазіреті Хадиша анамыздың сабырлылығын, түсінігі мол ақылын, пидагершілігі мен тағдыр алдындағы жуастығын Пайғамбарымыз ﷺ өмір бойы ұмытпай, тек жақсы сөзбен есіне алып жүрген.

Қысқасы, сүйікті болғысы келген адамдар сүйе білуі керек. Сый көргісі келетіндер сыйлай білуі керек. Пидагершілік таныту керек. Сонда алдынан тек жақсылықтар мен сыйлар тосып тұрады. Бірақ, жанұяда бұлар ең алдымен әйелдің бойынан табылуы керек. Ақылы бар әйел – күйеуіне өзін жақсы көргізе алған әйел, осылай өз бақытының жолын тапқан әйел. Хадисте айтылғандай:

«Күйеуі өзіне разы болған күйде қайтыс болған әйел жәннатқа кіреді» (Термези, Рада 10; тағы қрңз.: Ибн Мәжә, Неке 4).

Бұл хадис шәриф әрі салиқалы әйелдің отағасын разы еткен жағдайдағы алатын сыйы жайында баян етеді, әрі жанұяда еркектің орны мен әйелдің ахлағы жайында сыр шертеді.

Еркек сыртта еңбектеніп, ақша тапқан кезінде тапқан табысының халал болуына өте мұқият болып, өзінің қайдан ақша тауып келіп жүргенінен қаперсіз жүрген әйелі мен балаларына харам немесе күмәнді ас жегізбеуге тырысып бағуы тиіс.

Тағы бір хадис шәрифте:

«Адамның көркі иманында, мәрттігі мен абыройы – ақылында, тектілігі мен

сұлулығы — алған тәрбиесінде», деліне отырып, жұбай таңдау барысындағы назар аударарлық сипаттарға нұсқау жасайды.

Салиқалы әйел тек өзінің отағасын сүйіп, құрметтеумен ғана шектелмей, оның туыстары мен дос-жарандарына да дін рұқсат ететін өлшемде жақын бола білуі қажет. Себебі, әйелінің оларға құрмет етуі күйеуін разы қылары сөзсіз. Бірақ мұнда абай болатын бір мәселе бар. Ол — Ислам белгілеген махрамдық шектерге мұқият болу. Әйел үйде жалғыз отырған кезде өзімен үйлене алатын туыс еркекті үйіне кіргізіп, оңаша отырмауы керек. Бұл өте маңызды. Ешкім адалдық пен күнәсіздік бетпердесін тағып алып, махрамдық асуларын бұзбауы керек. Әсіресе әйел адам өз арына сөз тиюіне жол беретін әрекеттерден аулақ болғаны дұрыс. Өйткені, әйел аппақ киім сияқты оның бойын кішкентай да кір шалса, ол көзге батып тұрады. Пайғамбарымыз ﷺ күмән ұялататын жағдайлардан алыс тұрғанды қалайтын: *«Күмәнді жерлерде отырмаңдар!»* деп айтатын.

Тағы бірде түн уақытында Аллаһ Расулы жұбайларының бірімен көшеде келе жатқанда алдарынан шыққан ансарлық екі кісіге жанындағы адамды таныстыру мақсатымен:

«Бұл аналарың Сафия бинт Хуей» деп айтқан болатын.

Әлгі сахабилердің:

«Расулының ыңғайсыз істер жасауынан Аллаһты пәктейміз, уа, Расулаллаһ!» деген сөзіне:

«Шайтан адамның тұла бойында қан сияқты айналып жүреді. Оның сендердің жүректеріңе жаман ой немесе күмән тастауынан қорқамын» (Бұхари, Иғтикәф 11; Мүслим, Сәлем 23-25), деді. Осылай адамдардың көкейіне күмән қалуына себеп пен сылтау бермеуді ескерткен болды.

Әйелдер күйеулерінің адал жұмыстарында үнемі қастарынан табылуға тырысқаны абзал. Сонда ерлерінің көңілі жұбанып, құлшыныстары арта түседі. Бәріміз білетініміздей, қайыр мен жақсылықтар бөліскен сайын арта түседі. Бәлекет пен қайғы-қасіреттер бөліскен сайын азая түседі. Жұбайлар әрі осы дүние сапарында, әрі ахірет сапарында бір-біріне жолдас екенін ұмытпағаны жөн. Бұрын әрқайсысы өзінің жеке өмірін сүрген болса, үйлену арқылы олардың өмірі де, тағдыры да ортақ болады. Олай болса, ортақ өмірдің қажеттіліктеріне абай болып, бірінің аяғы

сүрінсе, екіншісі сүйеу болып, қолынан ұстап, аяққа тұрғыза білуі керек.

Әйел өз күйеуінің қабағын аңдып, қандай да бір мәселеде оның ашу кернегенін байқаған кезде мәселені үлкейтіп, салғыласуға апармауы керек. Өйткені ұзақ уақыт беріліп тұрып, сөз таластыру арадағы махаббат пен сыйластық сезімдерін жаралайды, отбасы тыныштығына қара бұлт төндіреді. Мұндай жағдайларда әйелдер күйеулерінің алдын кеспей, өзіне тоқтау салып, салмақтылық танытқаны абзал. Соңында күйеуі де қатесін түсініп, әйелінің алдына құрметпен өзі келеді. Олай етпесе, күйеуі өзінікі дұрыс емес екенін көре алмай, араларына кірген шайтан екеуінің де жүрегіне өшпенділік пен дұшпандық тұқымын сеуіп кетеді.

Жұбайлар арасындағы тағы бір мұқият болатын жәйт — бірі-біріне сенімсіздік таныту мен орынсыз қызғану мәселесі. Адамдардың көңіліне ең көп қаяу түсіретін нәрселердің бірі — өзара сенімсіздік танытулары. Егер бұл мәселеде салмақты себептер болып жатса, бірін-бірі айыптамай тұрып, отырып сөйлесуге тырысулары керек. Керісінше, ұсақ-түйек нәрселерді үлкейтіп, түймедейді түйедей етіп, үлкен мәселеге айналдырудың мүлде қажеті жоқ.

Кейбір оқиғалар орын алғанда адамдардың көрегендігі мен ішкі парасаттылық сезімдері байланып қалуы, ұмытып немесе қателесіп қалуы мүмкін. Күйеуі өзімен ақылдасуға келген кезде әйелі барлық ықыласы мен пейілін ортаға салып, жақсы ниетпен оның жанынан табылуы керек. Мұндай кездерде бар білгенімен ақыл қосуға ат салысқаны жөн. Ең жақын сырласы болғаны жөн. Ер мен әйелдің бірін-бірі толықтырып тұратын жарты бөлшектер екенін ұмытпау керек. Пайғамбарымыздың жұбайлары да реті келгенде өз ойларымен Пайғамбарымызға ақыл қосқан кездері болған. Мысалы, Худайбия келіссөзі оқиғасы барысында сахабилер жасалған келіссөздің кейбір тармақтарына ризашылық танытпай, Пайғамбарымыздың әмірін орындаудан тосылып, кідірген кездерінде Пайғамбарымыз ﷺ бұған қатты көңілі түскен болатын. Сол жерде болған Үмму Сәләмә رضي الله عنها анамыз Расулуллаһты жұбатып, өз бұйрығын ешкімнің орындауын күтпей, өзі шығып істей беруіне ұсыныс жасады. Себебі ол Хазіреті Пайғамбар шашын қиып, ихрамнан шықпайынша, Худайбия келіс-сөзі шарттарынан қайтуы мүмкін және сол себепті сахабилер күтіп отырған еді. Өйткені олар сырт көзге Худайбия келіссөзінің хик-

метін түсіне алмаған, сондықтан одан бас тартады деп күтіп отырған болатын. Ақыры, Үммү Сәләмә анамыздың өте парасатты ақылы бойынша Пайғамбарымыз ﷺ шашын қиып, ихрамнан шықты. Мұны көріп отырған сахабилері де бастарын салбыратып, ихрамнан шыға бастады. Сөйтіп, бұл мәселе келеңсіз нәтижелерге апармай шешімін тауып, аяқталды. Сондай-ақ Хазіреті Хадиже анамыз Пайғамбарымыз алғаш уахи алған кезінде оны жұбатып, алаңдаушылығы мен қорқынышын бөлісіп, Уарақа бин Нәуфәлмен кездесіп, сөйлесуін ұйымдастырып, Расулуллаһтың алғысын алған.

Ислам тарихы әдебиеттерінде Хазіреті Омар رضي الله عنه жайында да осыған ұқсас мысалдар келтіріледі. Бірде Хазіреті Омар мешітте халқына хұтба оқып тұрған кезінде әйелдердің тым көп мәһір сұрай бастағанын, сондықтан бұл үйленуді қатты қиындатып жібергенін айтып, мәһірге шектеу қоюға тырысқан еді. Сол кезде мешіттің артқы жағында Хазіреті Омарды тыңдап отырған әйел орнынан тұрып, әйелдердің қалағанынша мәһір сұрауына болатынын меңзейтін (Ниса сүресі 20) аятты оқып, Хазіреті Омарға қарсы шыққан болатын. Сонда Хазіреті Омар өз қатесін мойындап:

«Әйел дұрыс айтты, Омар қателесті», деп, көзқарасын өзгерткен болатын (Әли әл-Мүттақи, XVI, 536-537\45796).

Бірақ осы жерде айта кететін маңызды жайт бар. Әйел қандай тақырыпта болмасын кеңес кезінде өз пікірі дұрыс болған жағдайда да тәкаппарланбауы керек. Күйеуіне қандай мәселеде болсын, ақылын қосқан кезде әдептен аспай, оған құрметсіздік көрсетпей, сенбеушілік танытпай, өзімсініп, өз ақыл айту мансабына кіріп кетпеуге тырысуы керек. Өйткені ер адамдар әйелдің ақыл айтқанын онша жақтыра бермейді. Сондықтан шынайы салихалы әйел Аллаһтың өзіне берген даналығы мен ақылын күйеуінің намысына тиіп кетпейтіндей, орынды пайдалануды жақсы білуі керек.

Әйел атаулы күйеуіне жағатын өнерлі болғаны абзал. Тарихта мұның көптеген үлгілері бар. Мысалы, талай ханшайымдар өз патшаларының көңілін табу үшін олардың патшалығына өз үлестерін қосқан. Осылай арттарына жәри/үзілмес садақа болатын қаншама мешіттер мен қайырымдылық мекемелерін салдырып кеткен. Олар бүгінгі күнге дейін қызметтерін жалғастырып келе жатқан сол мекемелердің арқасында әлі күнге елдің қайыр дұғасы мен алғысын алуда.

Сондай-ақ әйел адамның күйеуіне басқа адамдардың көзінше ақыл айтуға тырысуы да әдеп қағидаларына жат қылық. Ерінің ісі мен сөзі қаншалықты қате болса да, күйеуін елдің көзінше масқара етіп, кемшілігін сыртқа жар салмауы керек. Күйеуінің осындай қылық көрсеткені, әрине, қате. Өйткені Құран аяттарында: **«Әйелдер сендер үшін, сендер де олар үшін киім сияқтысыңдар[2]»** (Бақара, 187) делінген.

Әйел адамның күйеуін елдің көзінше жамандағанындай, күйеуінің көзінше басқа еркекті мақтағаны да, әрине, орынсыз іс. Әйел күйеуін ешкімге, тіпті, өз ата-анасына да жамандап бармағаны абзал. Оны ешкімнің алдында жер қаратпағаны дұрыс. Араларында түсініспеушілік болса, оны сыртқа шығармай-ақ, өз араларында шешуге тырысқаны жөн.

Айналамызда көріп жүргеніміздей, кейбір отбасыларда екі жақтың бақыт таба алмауының себебі көбіне әйелдердің күйеулерін, немесе күйеулердің өз әйелдерін бағаламауы болып табылады. Шын мәнінде, ерлі-

2. Аудармашыдан: Киім дененің айыптарын жауып тұратыны секілді жұбайлардың да бір-бірінің кемшіліктерін жауып жүруіне теңеу жасалған.

зайыптылар бір-біріне жәннат та, жәһаннам да болуы мүмкін. Қорыта айтсақ, Аллаһқа құлшылығын жалғастыра отырып, жұбайының адал талаптарын орындап, оның разылығын алып жүрген әйел нағыз салиқалы әрі жәннат жолына түскен әйел.

Пайғамбарымыз Хазіреті Мұхаммедтің ﷺ осындай салиқалы әйелдер жайында қандай сүйінші хабарлары бар?

Пайғамбарымыз ﷺ айтады:

«Мұмин адам Аллаһқа деген тақуалығынан кейін ең көп салиқалы жұбайынан қайыр көреді. Ондай әйелге бұйрық берсе, бас иеді. Оған қараудың өзі сүйініш сыйлайды. Бір нәрсе істеп-істемеуі жайында ант берсе, әйелі оны орындау арқылы антының бұзылуынан құтқарады. Әйелін үйде қалдырып, ұзаққа кетсе, әйел өз намысын да қорғайды, күйеуінің малына да адал болып отырады» (Ибн Мәжә, Неке 5/1857).

«Жақсы әйел күйеуіне бағынышты, балаларына мейірбанды болып келеді».

«Дүние өткінші пайдадан ғана тұрады. Оның пайдаларының ішіндегі ең қайырлысы — діндар жұбай» (Мүслим, Рада 64; тағы қрңз: Нәсәи, Неке 15; Ибн Мәжә, Неке 5).

Сәубән ﵁ риуаят етеді:

«Алтын мен күмісті біріктіріп, оларды Аллаһ жолында жұмсамағандарды ашулы азаппен сүйіншіле!» (Тәубе сүресі, 34-аят) аяты түскен кезде Аллаһ Расулымен бір сапарда келе жаттық. Сахабилердің арасынан біреулер:

«Алтын мен күміс жайында түсетін нәрсе түсті. (Енді біз оларды жинай бермей, инфәқ жасаймыз). Шіркін, енді қандай малдың қайырлы екенін білсек, өзімізге содан алып қалсақ!..» деді. Расулұллаһ ﷺ :

«Қолдағы нәрселердің ең бағалысы — зікір ететін жүрек, шүкірлік ететін тіл және күйеуінің иманына көмекші болатын салиқалы жұбай..» деді (Термези, 9/9).

h

Бүгінгі таңда материалдық тұрғыдан көптеген қиыншылықтарды бастан кешірдік, кешіп жатырмыз да. Жанұяда қаражат мәселесінде отбасының тыныштығы мен бақыты бұзылмауы үшін нелерге абай болу қажет?

Ең алдымен, адамдар нәпсілеріне ие болуды үйренгені және өз қаражаттарын үнемдеп, әр көрген нәрселерін қызығып сатып ала беруге тырыспағаны дұрыс. Өйткені, бұл ақыр аяғында артық жүк болып мойынға артылып, үйдің тыныштығы мен берекесін бұзуына себепкер болады.

Бүгінгі таңда барған сайын кеңінен таралып бара жатқан несие мен кредит карточкаларымен әр көргенін оңай әрі тез қолға түсіремін деп ойлайтын кей отбасылар жұмсаған ақшаларының санына жете алмай қарыз бен пайыздың торына түсіп, қор болып жатады. Қаншама бақытты жанұя осы себеппен күйреген немесе күйреуге тақаған жағдайға жетіп отыр. Отбасының материалдық жағдайы жақсы болған күннің өзінде босқа шашылып, ысырапқа бой алдырудан қашу керек. Бұл әйелге де, еркекке де қатысты міндет.

Аллаһ сақтасын, бір күн келіп, есеп-қисапсыз жұмсағандардан есеп сұралады. Аллаһ Тағала аятында бұйырады:

«Туыстарға, жоқ жітіктерге, жолда қалып қойған жолаушыға (қол ұшын беріп, тиісті) **ақысын бер! Бірақ,** (малыңды) **ысырап қылып, шашпа!**

Өйткені (мал-мүлкін) **шашып төккендер — шайтанның бауырлары. Шайтан босла, Раббысына қарсы тым опасыз»** (Исра сүресі, 26-27-аяттар).

Егер өзімізден артылған тамақ пен киім-кешек болса, мұқтаж болып жүргендерді анықтап, оларға тиесілісін беру керек. Өйткені кедейлер мен мұқтаждардың көңілі мен алғысын, батасын алу отбасына қуаныш әкеледі, ризыққа береке қосады. Мынаны естен үнемі шығармауымыз керек — олар біздің, біз олардың орнында болуымыз әбден мүмкін еді.

Ал инфәқтағы өлшеміміз: **«Сүйген нәрселеріңді** (Аллаһ жолында) **жұмсамайынша, бирге** (жақсылыққа) **әсте қол жеткізе алмайсыңдар. Не жұмсасаңдар да, Аллаһ оны сөзсіз біліп тұрады»** (Әлү Имран сүресі, 92-аят) аяты болуы керек.

Инфәқ ниетімен таратылатын нәрселер — киілген киімдер немесе тозығы жеткен ескі-құсқы болғаннан гөрі, өзіміз үшін бағалы, өзіміз ұнатып пайдаланып жүрген заттар болғаны абзал. Хадис шәрифтің бірінде былай астарлап айтылған:

«Инфәқ еткен алдымен Аллаһтың қолына береді, сосын Аллаһтың қолынан мұқтаждың қолына өтеді».

Мына мәселені басып айту керек: отбасы ішінде қаражатты үнемдеп пайдалануға көңіл бөлу — ең алдымен әйелге қатысты міндет. Ол өзінің киімі мен ішіп-жегені сияқты өзге мәселелерде қарапайым және ұстамды болуды, ысыраптан қашуды үйренген отбасының табысы тым төмен болған жағдайда да үйде береке мен молшылық болары сөзсіз. Сондықтан да ас әзірлейтін кезде бисмилләмен бастау, әр азық-түлікті керегінше ғана пайдалану және отбасы қаражатын қинайтын мөлшердегі заттарды сұрамауы отбасы құзырының кепілі. Бүгін осы өлшемдерге мұқият болмағандықтан күн сайын тонналаған көгерген нанның қоқысқа тасталуы берекемізді қашырып жатқан ащы шындық. Ал, шын мәнінде, ұстамды әйел тек нанды ғана емес, барлық нәрсенің тек

қажетті мөлшерде үйге кіруін қадағалауымен қатар, оларды орнымен пайдалану барысында да мұқиятты болғаны жөн. Өйткені қандай да бір азықтың сол күйі пайдаланылмай, қоқысқа тасталуы тек әйел қадағалай алатын ысырап түріне жатады.

Бұрын әйелдер сөгілгенді тігу, жамау, ескіргенді жаңарту арқылы ысыраптан сақтану жолында керемет мұқияттылық танытып, тіпті, бұл тұрғыда аса шебер болған. Ал бүгін кішкене ғана сөгіліп кетсе, көп адамдар дереу жаңасын сатып алуға асығатын болып алды. Бұл да жаман ысырапшылдыққа жатады.

Қорыта айтсақ, бұрын айтып өткеніміздей, бақытты отбасында әйелдердің міндеттері жайында ең соңғы айтқым келетін нәрсе:

«Ұяны салатын ұрғашы құс» екенін ұмытпау.

Әйелдер осы ақиқаттың төңірегінде ақылымен ұғына отырып, өз міндеттерін орындап, тиісті қарым-қатынас құрған жағдайда отбасы ұялары жәннатқа айналды дей беріңіз. Ал күйеулерге соның бәрінің қадірін біліп, қорғау ғана қалады.

Отбасында ерлер көңіл бөлуі қажет мәселелер

Жұбайы мен балаларының діни тәрбие алып, жетілуі, олардың дүниедегі және ахіреттегі бақыттарына себеп болатындай білім беру әрбір ер азаматтың мойнындағы асыл борыш.

Ер азаматтың өз отбасында атқаратын міндеттері қандай?

Отбасы бақытының мықты негізге қалануы салиқалы әкенің жанұяны дұрыс басқаруына тікелей байланысты. Салиқалы әке дегеніміз — отбасының күнкөрісін, тәрбие алуын, қорғалуы мен тәртібін ең көркем түрде орындап, қадағалайтын әке деген сөз. Ал бұл өз алдына білімді болуды, көзі ашық, көкірегі ояу болуды, еңбекқорлықты және ең бастысы, иманды да көркем мінезді болуды қажет ететін дүние.

Осы тақырып төңірегінде тағы да біраз айта түссеңіз. Әке өз отбасын қандай нәрселермен қамтамасыз етуі тиіс?

Ер азамат үйленуге шешім қабылдаған кезде ең алдымен өзін және өз мойнына алған бала-

шағасын адал киіндіріп, тамақтандыратындай табыс көзіне мұқтаж. Өйткені асыл дініміз отбасының күнкөрісін қамтамасыз ету міндетін еркектің мойнына артып қойған әрі арнайы соған байланысты оның мұрагерліктегі үлесін артығырақ етіп белгілеп қойған. Сондықтан ер азамат табыс көзі болса, үйленуге қадам жасауы керек. Әрине, өзін асырай алмай жүрген адамның үйленіп алып, басқаларды да қиын жағдайда қалдыруы дұрыс емес.

Сонымен қатар, қолындағы мүмкіншіліктердің аздығына қарамай, діни міндеттерімді орындаймын деген ниетпен үйленген адамға Аллаһ жәрдем ететіні де рас. Өйткені Хақ Тағала өз мейірімінің кеңдігін ескерте отырып, үйленуге шақырады:

«Араларыңдағы үйленуге дайын бойдақтарды, құлдарың мен күңдеріңді үйлендіріңдер. Егер олар пақыр болса, Аллаһ өз кеңшілігімен оларды байытады. Аллаһтың кеңшілігі мол, бәрін білуші» (Нұр сүресі, 32-аят).

Бұл аяттан ұғатынымыз – қоғам ішіндегі үйленуге шамасы келетіндер ертерек үйленгені, өз шамасы келмегендер басқалардың көмегімен үйлендірілгені абзал. Бұл Ислам қоғамы-

ның ортақ жауапкершілігі. Шын мәнінде, бұл үлкен қайырдың есігі. Себебі, осы арқылы қоғамның және оның мүшелерінің ар-намысы қорғауда болады.

Ар-намыс — адамға берілген ерекшелік. Өйткені, өзге жаратылыс иелерінде ар-намыс мәселесі жоқ. Бірақ адам осы адамдық сипатын жоғалтып алса, басқа мақлұқаттың, жан-жануардың дәрежесіне түсіп кетеді.

Еш күмәнсіз, Аллаһтың әр адамға берген зейін мен күші, қабілет пен бейімділіктері әртүрлі болып келеді. Сондықтан мамандықтар мен кәсіп түрлері пайда болған.

Қоғамдағы тәртіптің бұзылмай жалғасуы үшін әр қажетті мамандық пен сол мамандықтың иелеріне мұқтаждық бар. Қоғам арасында қасап та керек, тазалықшы да, дәрігер де, оқытушы да.. Олай болса, әркім өз мүмкіншіліктеріне қарай отбасын құруға тырысуы керек. Бірақ отбасы құрылатын кезде екі жақтың әлеуметтік жағдайларында теңдік болуы керек. Бұл тек материалдық жағдайы ғана емес, сонымен қатар алған тәрбиесі, білімі мен салт-дәстүр ұқсастығына да қатысты. Осылай болса, екі жақтың бір-біріне қоятын талаптары

арасында отбасын шайқалтатын қайшылықтар болмайды. Түсінісу әлдеқайда оңай болады. Мысалы, теңі емес әйелге үйленген еркек ол әйелге үйреніп қалған жағдайда тіршілік құрып бере алмаса, оның обалына қалады. Егер екеуі бірін бірі өте үлкен махаббатпен жақсы көрсе, мұндай қиыншылықтарға шыдауы мүмкін. Бірақ ондай махаббат жоқ деуге болады. Сондықтан неке жалпы қағида бойынша, бір-біріне тең отбасылар арасында қиылғанда ғана әрқашан пайдалы да, абзал болып табылады.

Бұлай дейтініміз, материалдық жағдайдың арғы жағында рухани әлемдері, қалаулары мен сенімдері бір-біріне жақын адамдардың түсінісуі мен бауыр басуы оңай болады.

Тағы айта кететін жайт — әрбір отбасының материалдық жағдайы сол үйдің ер азаматының қызметі мен табыс дәрежесіне қарай өлшенеді. Ешбір әкеден күші мен табысы жетпейтін нәрселерді талап етуге балалары мен жұбайының хақы жоқ. Әке тек өз табысына сай мөлшерде ғана «баспана, азық-түлік пен киім» жеткізіп отыруға міндетті.

Баспана мейлі жалға алынған болсын, мейлі жеке меншік болсын, отбасы мүшелерін емін-еркін паналайтын үлкендікте және мүм-

кіндігінше жақсы жерден, жақсы көршілер арасынан таңдалғаны жөн. Басқа жерде тұруға мүмкіншілік бола тұра тәрбиесіз, бұзақы көршілердің арасында, денсаулыққа зиянды аймақта тұруға мәжбүрлеу отбасы мүшелеріне жасалған зұлымдық болады. Мұндай қателік уақыт өте келе үйдегі тәрбиенің бұзылуына, тіпті, отбасының күйреуіне апарып соғуы мүмкін.

Азық-түліктің мөлшері отағасының тапқан табысына байланысты. Бұл мәселеде ол жалқаулық танытпауы керек. Өз мойнына көп алып, қатты қиналып да қалмауы керек.

Отағасының міндеті — үздіксіз еңбек етіп, отбасына жеткілікті болардай азық тауып отыру. Мұндағы тепе-теңдік — ысырап болатындай жұмсамау әрі қатты сараңдық танытпау. Өкінішке орай, ысырап бүгінгі таңдағы ең үлкен мәселелердің бірі. Бүгінде көп адам ысырап мәселесіне ат үсті, селқос қарайды. Ал негізінде ер азамат бай болған жағдайда да ысыраптан сақ болуға міндетті. Әйтпесе, ысыраптың қасіретін көріп, мұқтаж жандардың обалына қалады.

Өлмейтіндей дәрежеде ішіп-жеу — парыз. Қажеттілігінше жеу — мубах (рұқсат, адал, күнә

емес). Ал шектен тыс көп ішіп-жеу — харам. Хақ достарына айналған жандар ішіп-жеудегі ысырапты жан дүниенің тақуалық дәрежесіне қарай былай реттеген екен:

«Шариғатта тойғаннан кейін жеу —

ысырап,

Тариқатта тойғанға дейін жеу —

ысырап,

Ал, ақиқатта Алланың құзырында екеніңді ұмытып, ғапыл түрде жеу —

ысырап».

Бала-шағасы сүйіп жейтін тамақ пен жеміс-жидектер тұрғысында әкелер біраз мұқият болғаны дұрыс. Үйде ұялғаннан немесе қысылғаннан бір нәрсе сұрай алмайтын балаларын, әсіресе, қыз балаларын жақсылап бағуы керек.

Қонақтарға құрмет көрсету мәселесінде де шариғат шеңберінде жомарт болған абзал. Бұл әрі діни ахлақтың, алған тәрбиенің, әрі адамгершіліктің көрсеткіші болып табылады.

Үйдің отағасы киім мәселесінде өзіне, жұбайы мен балаларына қыстық пен жаздық

етіп, ең аз дегенде екі жұп киімнен әперуге тиіс. Жұма күндері мен айт және басқа да мейрам, той, томалақ секілді қуанышты күндерде киюге арнайы жеке киім қойып қою мубах, яғни шариғат бойынша рұқсат етілген. Ислам діні сәндenуге белгілі мөлшерде тыйым салмаған. Бірақ өзін көрсететіндей шектен тыс киіну, сол киімімен мақтану, керденддеп, адамдарға төбесінен қарап әсемпаздануға дін тыйым салады.

Киімнің арасында жібек киімдер кию, алтын жүзік пен алтын сағат және т.б. сәндік бұйымдар тағуға ер адамдарға тыйым салынады. Өйткені, әйелдерге дара арналған сәндік бұйымдарды еркектердің де қолдануы түрлі ахлақсыздықтар мен мінездің бұзылуына апарып соғады.

Ер балалардың киінуінде де осы мәселеге абай болу керек. Әсіресе, надандықпен «Киіп қалсын» деген оймен қыз балаларға аса сәнді немесе ұл балалардың киімін кигізу — үлкен қателік. Уақыт өте келе олай киіну әдет, одан кейін ауру халіне келіп, ол киімнен басқасын кигісі келмейтін дәрежеге жетуі мүмкін. Осылай балалардың ішкі жан дүниелері уланады.

Сондықтан да қыз балаларға орамал тарту әдеті кішкентай кезінен бастап үйретіліп, оның маңыздылығын түсіндіру керек. Олай істемесе, қыз бала қате бағытқа беттеп, бұл оның әйелдік абыройы мен қасиетіне нұқсан келтіреді. Мынаны біліп, ұмытпаған жөн: орамал тарту қыз баланы сырт көзден қорғауымен қатар, әйел затының әйелдік қасиеттерін де қорғайды. Маңыздылығы мен мәнін ұғына отырып, орамал тартқан әйелдер әрқашан қоршаған ортасында сыйлы әрі бағалы болмақ. Адамдар оларға тек құрмет көзімен қарайтындай болуы керек.

Ер адамдар отбасын тәрбиелеуде қандай нәрселерге басты назар аударуы керек?

Жұбайы мен балаларының діни тәрбие алып, жетілуі олардың дүние мен ахіреттегі бақыттарына себеп болатындай, білім беру — әр ер азаматтың мойнындағы асыл борышы. Олардың бұл міндеттері жайында Құран Кәрімде былай делінеді:

«Ей, иман келтірген жандар! Өздеріңді де, отбасыларыңды да оттан қорғаңдар,

(өйткені) **оның отыны адамдар мен тастар болмақ..»** (Тахрим сүресі, 6-аят).

Бұл міндеттің шегі мен шекарасы әркімнің жағдайы мен мүмкіншіліктеріне қарай жұбайы мен балаларынан бастап, үйдегі қызметшілер, көршілер мен туыстар, ауыл-аймақ, тіпті, осындай бүкіл елді ішіне алуы мүмкін. Себебі, отбасылар сыртқы қоғамды құрайтындай, сыртқы қоғамнан да әсер алады.

Әр әке өз отбасы мүшелеріне Құран Кәрім үйретуге маңыз бергені, балапандарына ғибадаттың дәмін таттырғаны абзал. Екінші жағынан, әрі ахірет, әрі осы дүниеге қажетті жолдар мен әдептіліктерді, қажетті тәжірибелерін де бөлісуге көңіл бөлуі керек. Мысалы, балалары оқитын жасқа келгенде жаздық курстарға, мектепке және мешіттегі сауат ашу курстарына міндетті түрде жібергені жақсы. Әсіресе, қыз балалар үшін бұл аса маңызды. Әр ата-ананың өз балаларына бере алатын ең бағалы мирасы – ахірет мирасы. Балаларына Құран үйреткен, Құран мәдениетін сіңдірген ата-аналар қандай бақытты!.. Хадис шәрифте бұл жөнінде былай айтылған:

«Кімде-кім Құран Кәрім оқып, оқығанымен амал етсе, қиямет күні оның ата-анасына тәж кигізіледі. Ол тәждің нұры күн жер бетіндегі бір үйге орнатылса, ол беретін жарықтан да жарық, әсем. Олай болса, Құран Кәріммен өзі амал істеген адамның нұры қандай болмақ? Өздерің ойлай беріңдер!» (Әбу Дәуіт, Уитр, 14).

Бүгінде шет тілін үйрену үшін мың бір еңбек етіп, оқудан оқуға жүгіріп, шығынына да қарамайтын болды. Ал, Құран курстары көзден таса қалып, тіпті, ешкім менсінбейтін болды. Бұл жанарымыздың нұрындай алтын балаларымызды құдайдың сөзінен және оның руханиятынан мақрұм ету өте қайғылы жағдай. Негізінде, ең үлкен табыс — өлгеннен кейін рухани өміріміз үшін рухани табыс көзі болатын, артымыздан дұға оқитын қайырлы ұрпақ тәрбиелеп қалдыру.

Балаларымыз Құранның береке мен рухани нәрге толы ауасынан, әсіресе, пайғамбарлардың қиссаларынан, сол қиссалардағы иләһи хабарлардан хабардар болып өсуі керек. Мынау ақырзаман тақаған заманда балаларымыздың қорлықтың шұңқырынан және дінсіздік апатынан өздерін қорғай алуы үшін

осындай иман тебіренісін жүректеріне бекіте білуіміз керек. Ол үшін Құран үйретумен қатар Аллаһ Расулының мүбәрак өмірбаянын құлақтарының құрышын қандыра сіңдіруіміз керек. Себебі Ол өнеге толы және теңдессіз өмірбаянымен Құранның тірі тәфсірі іспеттес. Пайғамбарымыздың өмірімен біртұтас болу және оның сүннеттерін шынайы түрде орындай алу үшін тіршілігіміз бен ахлағымыз – Оның ізімен айнымай жүріп, оған ұқсауға тырысу болуы керек.

Ата-аналар өз міндеттерін кем орындауының, сондай-ақ балаларына тиісті рухани тәлім мен тәрбие бермеуі нәтижесінде жанарымыздың нұрындай балапандарымыз жамандықтардың апаны болып бара жатқан бұқаралық ақпарттардың баласы болып, материалист пікірмен өсіп жетіледі.

Оларды теледидар емізіп, теледидар шаштарын тарап, сезімдері мен қиялдарын теледидар толтырып жатыр. Осылай оның ата-анасына оның еркеліктерін орындаудан басқа жұмыс қалмады. Әсіресе, теледидар мен ғаламтордағы жаман бағдарламалармен тәрбиесіздіктің құзына түсіп кеткен балаларымыздың жағдайы тым аянышты. Жүректерге қатты

бататын осындай жағдайларға разы болу ата-аналар үшін есебін бере алмас азап белгісі.

Ең қарапайым мұсылман балаларға дейін, өкінішке орай, көптеген шетел спортшылар мен атеисттердің өмір хикаяларына дейін жаттап алып, оларды өнеге тұтып, оларға еліктеп бағып жатыр. Бірақ, бақыт пен ақиқат жолының жолбасшылары — пайғамбарлардың есімдерін де білмейді, оларды танымайды. Олардың көркем ахлағынан хабарсыз ер жетіп, олар жайындағы Құран хабарларынан ғибрат алуға тырыспайды.

Бұл ащы шындықтың мағынасы балаларымызды біз емес, бөтен біреулер тәрбиелеп жатыр деген сөз. Яғни, сүйегін ата-анасы өсірсе, оның рухы мен жан-дүниесін бөтен біреулер жетілдіруде. Қиындығын ата-ана көреді, ал пайдасы бөтендерге қалады. Сол бөтендер осы мәдениет пен тәлім тұтқасын қолдарында ұстап тұрғанда, Аллаһ сақтасын, бұл жағдай ертең олардың бізге одан да зорғысын көрсетулеріне апарады.

Сол үшін де балаларымызды заманымыздың ең аяусыз мәдениет соғыстары мен тәлім-тәрбие қақтығыстары арасында тәрбиелеу

жолында тарих алдындағы сынағымызды табыспен қайтадан өтуіміз керек.

Балаларымызды өз абыройымыз бен намысымыз етіп өсіруіміз керек. Рухани жан дүниелерінен бастап киген киімдеріне дейін балаларымыз өз тамыры мен бұтағында бүршік атуы керек.

Ислам адамдық қасиеттерге сай келетіндей етіп киіну жайында кейбір қағидалар орнатқан. Солардың бірі — киім дене бітімін сыртқа көрсетіп тұратындай селдір және тар болмауы керек. Расулұллаһ ﷺ Хазіреті Айшаның сіңілісі Әсманың жұқа киім кигенін көрген кезде жанарын бұрып әкетіп, былай деген:

«Әсма, қарағым! Балиғатқа толғаннан кейін әйелдердің (өзінің жүзі мен қолын көрсетіп) мына жерлерінен басқасы көрінгені дұрыс болмайды» (Әбу Дәуіт, Либәс 31).

Бұл бұйрық Исламның әйелдің намысы мен абыройына дақ түсіретін әрекеттердің алдын алу үшін орнатқан негізгі қағидаларының бірі болып табылады. Бұл әйелдердің өз жаратылыстарына тән ие болған пәктіктері мен ар-намыстарына көлеңке түсірмеу үшін еркегі,

әйелі болып ортақтаса абай болуды қажет ететін мәселелер.

Сонымен қатар, балиғат жасына жетпей тұрып-ақ, ұл балалар мен қыз балалардың бөлмелерін бөлек қылу да балаларымыздың рухани жетілуі әрі адамгершілік қасиеттерінің орнығуы үшін көңіл бөлуді қажет ететін маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Отбасын қорғауы тұрғысында ер адамдардың қандай жауапкершіліктері бар?

Ер азамат өз отбасы ошақ қасын жамандық атаулының бәрінен қорғауға тиіс. Жанұяның діни нанымын, көркем тәрбиесін бұзатын жаман жолдастардан, босқа көшеде қаңғудан, неше түрлі теледидардағы бұзық көрсетілімдерден, тәрбиелік мәнсіз және мағынасыз кітаптардан, газеттер мен өзге басылымдардан отбасын қорғауы керек.

Қысқасы, отбасын сыртынан да, ішінен де қорғау ер адамға артылған жауапкершілік.

Еркектердің өз отбасын басқарып, тәрбиелеу барысында көңіл бөлуі қажетті өзге мәселелер қандай?

Ер адам діни шектеулерге өте абай болуы керек. Қажетсіз әйелдер мен ерлер араласып-құраласып жұмыс істейтін ортада жұмыс істемеуге тырысуы керек.

Өз қалауынсыз сондай орындарда жұмыс жасауға мәжбүр болса, көзі мен іс-әрекеттеріне абай болып жүруі, дін бұйырған әдеп пен ахлаққа мықтап жармасуы керек. Егер өзі басшы болса, мұндай аралас ұжымда жұмыс істетуге себепші болмай, қажет болса, әйелдер мен ерлер үшін бөлек орындар ғана емес, бөлек уақытта кезекпен жұмыс істеулерін ұйымдастырса, тіпті, жақсы.

Жұмыс барысында бір бөлмеде оңаша отыратын адамдарды өз жынысынан таңдап, әйелді әйелмен, еркекті еркекпен жұп етіп, түрлі сылтаулармен әйел хатшы ұстаудан аулақ болу керек. Өкінішке орай, бүгінде осы қателіктер ажырасуға, отбасылардың жанжалдасуына жол ашып жүргендігі ащы шындық.

Ақылды да көреген ер азамат үйіне аттап кірген кезінде жұмыс жайындағы ойларын, ал жұмысына аттап кірерде үйіндегі жағдайларын табалдырықта тастап кіре білу керек.

Отбасымен, балаларымен қарым-қатынасында олардың дүниелік істері жөніндегі қателері мен кемшіліктеріне кешірімді болып, оларға әкелік мейіріммен жұмсақ болуы керек. Әйелінің құпиялары мен айыптары болса, оларды ешкімге тіс жарып айтудан сақ болуы керек.

Діни жауапкершіліктеріндегі кемшіліктеріне арнайы көңіл бөліп, олардың білімсіздіктері мен жалқаулықтары секілді жаман әдеттеріне қарсы белсенді шара қолдануы қажет. Әйелі мен балаларының діни білімі мен амалдағы кемшіліктерін толықтыруға барлық жағдайда мұқият болып жүру керек. Бұл жолда өзінің еңбектенуімен қатар тәжірибелі тәрбиешілер мен ұстаздардың көмегіне де жүгінуіне болады. Осының бәрі әке міндеттері арасына кіреді.

Еркектер отбасы ішінде жанұясына жұмсақ болып, оларды жақсы сөздермен өзіне тартуы керек. Қабағын шытып, не болса соған ұрысып, оларды өзінен суытып алмауы керек. Пайғамбарымыз ﷺ:

«*Сендердің ең қайырлыларың әйелдеріне қайырлы болғандар*», деген (Термези, Рада 11; Тағы қрңз: Әбу Дәуіт, Сүннет 15; Ибн Мәжә, Неке 50).

Әйелімен күнкөріс пен үйдің жөн-жосықтары жайында ақылдасып, күші жетпейтін істерді оған арта салмауы керек. Әйеліне ара-тұра бала тәрбиесінде де көмекші болып отырғаны жөн. Өйткені бір жағынан балалар, екінші жағынан үйдің күйбеңі тіршіліктері оны артығыман шаршатады. Олардың осы ауыр жүгінде оларға жәрдемші болу арадағы махаббат пен түсініктің нығаюына түрткі болады.

Әйелінің бетіне қарап, сыртынан да тілеуін тілеп жүруі керек.

Әйеліне хабарламай, алыс жолға кетіп қалмауы керек. Сондай-ақ үйіне хабар-ошарсыз бөтен, әрі кім екені белгісіз бейтаныс кісілерді ертіп келе бермегені дұрыс. Әйелінен өзіне махрам емес, яғни бөгде кісілерге қызмет жасауын

талап етпеуі керек. Өз отбасын мүмкіндігінше мұндай әдеттерден аулақ ұстағаны жөн.

Мойнына артылған отбасының барлық дерті мен ауыртпалығын, жауапкершілігін әкелер қалай атқарғанда қандай сыйларға қауышады?

Ислам діні отбасын әкеге құдды бір аманаттай табыстап, олардың рухани және материалдық қажеттіліктерін тауып отыруды оған міндеттей отырып, қолына билік берген. Сондықтан да жанұядағы басшылық ету төрі әкеге берілген.

Әке отбасының бақыт көгінде жарқырап тұратын күні, ал ана көңіл нұры мен ізеттіліктің сәулелері маңдайынан жарқыраған айы, ал балалар сол бақыт аспанының інжудей жұлдыздары деуге болады.

Өз ақылын, күші мен ерік-жігерін, білімі мен тәжірибесін жанұясының тәрбиесі мен дамып жетілуіне арнаған әке, әлбетте, өзіне деген құрмет, бас ию, сүйіспеншілікті күтуге құқылы. Оған бағынбаушылық пен көргенсіздік көрсетіп, жаман сөздер айту ешбір отбасыға жараспайды.

Сол себепті Пайғамбарымыз ﷺ:

«Аллаһтың разылығы әкенің ризашылығында, ал азабы мен қаһары әкенің өкпесі мен ашуында жасырулы», деген (Термези, Бирр, 3).

Отбасы ішінде әйел мен балалар үйдің отағасы болып табылатын әкелеріне бас иіп, құрметтен қашпауы керек. Өйткені әке үйде болмаған кештер жанұяның ең көңілсіз кештері болады. Олардың отбасындағы орындарының маңыздылығы олар жоқта қатты біліндеді. Сондықтан олар аман есен, тірі тұрғанда қадірін біліп, дұғалары мен баталарын алуға ұмтылып, адал бұйрықтарына бағынып, сый құрметтен ада болмау керек.

Отбасында еркек пен әйелдің бірге көңіл бөлуі қажет мәселелер

Ең мейірбан ата-ана — бір-бірін және балаларын Аллаһқа құлшылық жасауға даярлағандар.

Ер мен әйел — бірігіп ұя құрып, өмірлерін ортақ қылып, бастарына түсетін барлық жағдайда ортақтаса бөлісуге келіскен адамдар. Тіршілікті ортақ еткеннен кейін екі жақтың маңыз беріп қарауы керек жәйттар жайында не айтасыз?

Бұл жөнінде екі нәрсеге назар аудару керек:

— Шаттық пен қуанышты бөлісіп отыру

— Өмірдің қиыншылықтары мен ауыртпалықтарын жұмыла көтеру

Ортақтасу деп отырғанымыз өмірдің барлық сәттеріне — рухани өмірге де, махаббатқа да қатысты. Қуаныш пен шаттықтарды бөліскендей. Қиыншылықтар мен қайғылар, алаңдаушылықтар мен түрлі басқа келген бәлелер-

дің барлығына бірге шыдап, екі жақ бір-біріне арқасүйер адамы бола білуі қажет. Бір-біріне үйкеліп жуылатын қос алақандай болып, бірін-бірі жұбататын ең жақын жанашырлар болуы керек.

Өйткені, өмір әрқашан жарқын түсті бұлттар үстінде жалғаса бермейді. Өмірдің өрі болады, сайы болады, бораны мен бұрқасыны және қиын асулары да болатынын естен шығармаған жөн. Адамдардың ертеңі белгісіз және тосын сыйларға толы. Тағдыр да иләһи құпиялардың бірі.

Сондықтан да бұл тұрғыда ең үлкен күш пен демеу көзі, әрине, ең әуелі Аллаһқа жақындық пен иман. Ал екінші үлкен демеу — бір-біріне бауыр басқан жұбайлар. Абай болу керек, егер шарасыз, күші біткен адамдар бастарына түскен ауыртпалықтарға өз жанұясынан күткен демеуін таба алмаса, одан да үлкен күйреуге, қиыншылықтарға тап болуы әбден мүмкін. Тек рухани жетілген, түсінігі мол мүшелерден тұратын отбасыларда басқа түскен қиыншылықтар отбасының бірлігі мен ынтымағына қарай тез арада шешіліп кетеді.

Жанұяның беріктігі рухани жетілгендікпен қатар өзара бір-бірімен жақсы тұрып жатса да тіл табысуларына тікелей байланысты. Бұл көптеген жақсылық пен қайырлы нәтижелердің ең маңызды шарттарының бірі. Мәуләнә Хазіреті айтады:

«Раушан гүл өзінің хош иісін тікенмен тіл табысып, жақсы тұрғандықтан иеленді. Бұл шындықты раушанның аузынан да есті. Қарашы, не дейді: "Тікенмен бірге болғаныма неге қам жейін, неге өзімнің көңіл-күйімді түсірейін? Өйткені мен күлімдеуді сол жаман мінезді тікенмен бірге тұруға көнгенімнің арқысанда үйрендім. Соның себебімен әлемге әсемдік пен хош иістер ұсыну мүмкіншілігіне ие болдым..."».

Бұл раушан гүлі бізге:

«Сен де мен секілді бол!» дейді.

Осындай мықты тұғырлы жанұя құру үшін екі жақ қандай мәселелерге қатты көңіл бөлулері керек?

Ең алдымен жанұядағы бақыт екі жақтап іске асырылатын шаруа екенін түсінуіміз керек.

Оның негізін мына мәселелер құрайды:

1) Бір-бірімен тіл табыса білу,

2) Бір-біріне түсінікпен және ақылға салып қарым-қатынас жасау,

3) Жанкештілік, пида болуға әзір болу.

Ал бұлар өз алдына ахлақи тәрбие, парасаттылық пен ақылдылық, пейілділік пен бір-бірінің жанын сезіне білу арқылы мүмкін болмақ.

Сондай-ақ бұрынғылар көп мән берген қарым-қатынас әдептері екі жақта мына бес ерекшеліктің болуын талап етеді:

1) Діндарлық,

2) Тәрбие,

3) Махаббат,

4) Мейірімділік,

5) Туралық пен адалдық сезімге деген беріктік.

Осы сипаттардың әйелге де, еркекке де қажеттілігі күнделікті орын алып жатқан от-

басылық апаттардан бұрынғыдан да айқын көрініп келеді.

Дәл қоғамдағыдай, отбасы ішінде де **діндарлық** пен **тәрбиелілік** барлық көркем ерекшеліктердің негізі болып табылады. Өміріне дінді дұрыс және көркем түрде енгізген, ахлақи көркемдіктер мен тәрбиелілік жайлаған отбасылар адамдарға екі дүниенің де бақытын сыйлайды. Ал, керісінше, діннен алыстаған және тәрбиеден жұрдай жерлерде жанұя мүшелерінен бастап отбасы мен қоғам түгелімен залал көреді. Мұндағы діндарлық дегенді дұрыс түсіну керек. Адам баласы әрі діндар, әрі қатты мінезді, көргенсіз, оңбаған болуы мүмкін емес. Өйткені Ислам діні басынан аяғына дейін биязылықтан, тәрбиеліліктен және әдептен тұрады. Яғни, діндарлық дегеніміз көркем әдеп, көркем әдеп және тағы да көркем әдеп.. Бір ақынның жырға қосқанындай:

Әдеп нұрлы тәж екен,
Аллаһтың нұрынан,
Сол тәжді ки де,
Аман бол әр бәледен...

Хазіреті Мәуләнә айтады:

«Ақылым жүрегімнің құлағына еңкейіп, сұрапты:

«Дін деген не?»

Ал жүрегім былай деп тіл қатты:

«Дін әдеп емей немене!»

Махаббатқа келер болсақ, ол да жанұяның азығы мен қазығы. Махаббат азайған жерде сезімдер қорланған жерде жанұя да шайқала бастайды. Махаббат дегеніміз екі жақты болып келеді. Өйткені махаббат жүректердегі физикадағы біріккен сауыттар секілді бір-бірінен әсер алуға ыңғайлы күйге келтіреді. Адам қаншалықты сүйсе, соншалықты өзі де сүйікті болады. Сондай-ақ махаббат артқан сайын іс-әрекеттер мен сөздер де жіңішкеріп, нәзіктеніп, сый құрметпен безенеді.

Махаббат еш уақытта дөрекілікті қабыл етпейді, белгілі әдеп шегі міндетті түрде болуы керек. Махаббат пен мейірім және оған ұқсас барлық сезімдер үнемі белгілі тепе-теңдікте болуы тиіс. Махаббаттың шектен тысы зиян беретініндей, сүйгендерімізді махаббаттан мақрұм қалдыру оларды сырттан махаббат іздеуге итермелейді.

Махаббаттың тек нәпсі қалауларына ғана тиісті жағы алынып, шектен шығуы шектен тыс қызғаншақтық пен басқа да қателіктерге апаратындай, назардан тыс қалуы да махаббат отының сөнуіне апарады. Бұлардың екеуі де отбасы үшін үлкен апат.

Мейірімділік те сол сияқты. Шамадан артық немесе жеткіліксіз мейірімдіктің де тигізетін зияны көп. Артық мейірім адамды әлсіретеді, өте зиянды, күйретуші қателіктерге хош қарауға итермелейді. Бұл мейірім емес, жүректің әлсіздігі деуге болады. Сонымен қатар мейірімнің аздығы да жүректі қатайтады, адамды зұлымдық пен дөрекілікке итереді. Орта жолды ұстанып, әрі тәтті, әрі қатты бола білу — нағыз жемісті мейірім. Осындай мейірім жанұяға бақыт әкелетін мейірім. Ең мейірімді ата-аналар — бір-бірін, балаларын таң намазына оятып, жан балапандарын барынша ахіретке дайындайтындар.

Туралық туралы айтатын болсақ, ол екі жақ болып бірігіп көңіл бөлетін жәйттардың бірі. Туралық дегеніміз адамның сөзі мен ісіне, сезіміне берік болып, жалған араластырмау деген сөз.

Шүбәсіз, отбасының амандығы үшін жұбайлар бір-біріне қандай жағдай болмасын — тура, шыншыл болып, өзара сенімдерін жоғалтуға себеп болатын қылықтардан аулақ жүргені өте маңызды. Ер мен әйелдің басқаларға көздері мен көңілдері алаңдамауы бұл мәселеде, әсіресе, отбасының берік болуына қажетті басты шарттардың бірі. Осындай қауіп-қатерлерге ілігіп кетпеу үшін Исламның бөгде, бір-бірін танымайтын әйелдер мен еркектердің арасындағы қарым-қатынас шектеулері мен қағидаларына жіті көңіл бөлген жөн. Адамдарды күмәнға, арам ойға, өсекке және басқа азғыруларға жетелейтін қылықтар әр адамның өз абыройын да, отбасы тыныштығын да бұзатын дұшпандық, жат әрекеттер.

Туралық пен сөз бен сезімге беріктіктің тағы бір көрінісі — жұбайлар бір-бірінің ата-анасы алдында құрметшіл болып, оларға қызмет жасауы арқылы болады. Сондықтан келін боп түскен қыздарымыз және күйеу балаларымыз аталары мен енелеріне өз әке-шешесіне көрсеткен құрмет және күтімді көрсетуі керек. Ертең өздері де солардың орнында болады. Егер бұл тұрғыда қателік жіберілсе, бұрынғылардың сөзімен айтқанда, «Күлме досқа — келер басқа» деген, ертең өздері де сондай мәмілеге тап болуы мүмкін.

Отбасын асырау — еркектер міндетінде. Ал енді отбасының үй-іші экономикасы мен үнемдеу мәселесінде де жауапкершілік тек еркек жағында ма?

Ислам діні отбасының күнкөрісі мен оны асырау мәселесін еркектің мойнына артқан. Бірақ бұл оның жанұясындағы мүшелердің барлық қалауларын тауып отыруы керек деген сөз емес. Негізгі қажеттіліктер мен дін рұқсат ететін нәрселер ер адамның мүмкіндігінше қамтамасыз етіледі. Тіпті, бай болса да адам баласының болар-болмас барлық зауқы соққан нәрселердің бәрін жиып сатып ала бермегені дұрыс. Өйткені әр қалауы орындала берсе, адам уақыт өткен сайын тойымсыз, қанағатсыз, тіпті, ақыр аяғы харамдарға да қол созатын азғынға айналуына себеп болады. Мұндай нәпсі барған сайын менменсіп, тек өзін ғана ойлайтын дәрежеге түсіп кететінін білмей қалады. Ол адам бүкіл отбасын өзінің тұтқындарындай сезініп, олардың ақысын жей бастайды. Қысқасы, жағдайы жақсы болып, сол мүмкіншіліктерін нәпсіқұмарлықтарына жұмсаған адамның нәпсісі құдды бір жүгенге бас бермейтін асау айғырға айналады. Сондықтан

көбіне мүмкіншілігі бола тұра кейбір артық қалаулары мен құмарлықтарын жүгендей білу, адамның рухани жетілуі, аяқтарын жерге басуы, өмірдің шындықтарын көруі және Аллаһтың ризашылығын табуы үшін қажетті шарт. Нағыз сабыр — дүние-мүлікке ие болған кездегі сабырлық. Өйткені кез келген байлық адамды күнәларға итермелеп тұрады.

Сондай-ақ, адам баласын тәрбиелеу жолында оның кезкелген қалауын дер кезінде орындамау арқылы тәрбие тәсілін қолдану — Аллаһтың хикметті сүннеттерінің бірі.

Хақ Тағала құлдарының тілектері мен дұғаларын кейде қабыл етпей, кейде кейінге қалдырып, кейде дереу қабылдайтын кездері болады. Мұның хикметі құлдардың мынау фәни дүниеге көңіл байлап қалмаулары және нығметтерге кенеліп, өзімсінуге түсіп кетпей, өзінің Хаққа мұқтаждығын біліп жүруі үшін болса керек. Өйткені адам көптеген қиындықтар арасында жүргенде де, қалауына қол жеткізе алмай жүрген кезінде де дүниеден айрылғысы келмейді. Ал енді әр тілегі орындала берсе, барлық қиялдары шынға айналса ше? Онда бұл дүниеден мүлдем ажырағысы келмей, үлкен қателіктерге, тіпті, көргенсіздік жасауға дейін

барар ма еді?! Мысалы, Адам ﷺ жәннаттан шыққысы келмегендіктен қателік жасап, осы дүниеге түсірілген болатын. Сондықтан да балаларға тәрбие бергенде және олардың тілектерін орындауға тырысқанда олардың ертең зиянын көріп қалмаулары үшін және есеп берілетін күнді есте сақтай отырып әрекет жасағандары жөн.

Әрине, қаражатты алақанына тарс қысып алып, шектен тыс сараңдық жасау және өмірге шын мәнінде қажетті кей нәрселерді сатып алудан бас тарта беру де дұрыс емес. Осы екеуінің арасындағы орта жолды ұстана білу керек. Құран аятында былай делінеді:

«Олар жұмсағандарында ысырапқа да, сараңдыққа да ұрынбай, екеуінің ортасынан тең жол ұстанады» (Фұрқан сүресі, 67-аят).

Осы орта жол дегені — өмірдің тепе-теңдігі. Сараңдық қандай жаман болса, ысырап, яғни ақшаны желге шашу да соншалықты жаман. Еркек болсын, әйел болсын, мүмкіншіліктері қаншалықты кең болса да, қолындағыны бекер жаратуға хақысы жоқ. Ешкім де «Байлық өзімдікі, қалағанымша жұмсаймын..» деп айта алмайды. Ол байлықты өздеріне ама-

нат ретінде табыстаған Аллаһ қиямет күні: «Байлығыңды қай жерге, нелерге жұмсадың?» деп, барлық жұмсағандарының есебін бір-бірлеп сұрайтын болады. Бұл Құран аяттарында былай баяндалады:

«Туыстарға, жоқ жітіктерге, жолда қалып қойған жолаушыға (қол ұшын беріп, тиісті) **ақысын бер! Бірақ,** (малыңды) **ысырап қылып, шашпа! Өйткені** (мал-мүлкін) **шашып төккендер — шайтанның бауырлары. Шайтан босла, Раббысына қарсы тым опасыз»** (Исра сүресі, 26-27-аяттар).

Ислам ысыраптың барлық түріне және барлық адамдарға тыйым салған. Отбасында есепсіз жұмсау, әйел болсын, еркек болсын — бәрі-бір бөгет болуды қажет ететін жаман әдет, тіпті, ауру деуге болады. Бұл ауру адамның рухына сіңіп кетсе, ол адамның еркі мен рахат өмір сүруін қиынға соғады.

Бүгінде «есепсіз жұмсау» деп аталатын бұл пәлекет қолдағы барға қанағат етпей, одан да жаңа, одан да жақсы және дүниенің түр-түріне құмар болуды кәдімгі әдеттегі іске айналдырып бара жатыр. Үй жиһаздары, телефон, киім, көлік және сол сияқты көптеген

нәрселерді қажетті болмаса да сатып алу немесе қолындағыны жаңасына ауыстыру, мода қуалап, жаңа киімдерді үсті-үстіне алу, тек маркалы киімдерді ғана кию — барлығы сол аурудың тырнағына іліккендердің әлсіздігі. Ал нәтижесі тек зиян әкеледі. Өз қаражаттары жетпей жатса, қарызданып-құрызданып, несие алып, пайызға қолын сұғып, өз қиялдары мен қалауларының соңынан қуалағандардың соңы жаман болмақ. Осылай істеп жүріп тағы да қарызға белшеден батқан кезде «Маған жәрдем көрсетілмей жатыр!» деп басқаларды кінәлауға асығатындарын қайтесің!

Бұл жағдай ақыл мен ойды тепе-тең түрде дұрыс қолдана білмегендіктің қайғылы нәтижесі. Сондықтан да есепсіз жұмсаудың орнына қанағаттың берекесіне бет бұру керек. Өйткені Аллаһ Тағала баршылықты да, жоқшылықты да адамдарға үнемі бір хикметке байланысты, сынақ үшін, сабырымыз бен шүкірімізді сынау үшін берген. Дені сау, күші бола тұра аз мүмкіншілікті болу құлды Раббысына жақындата түсетінін ойлау керек. Үнемі мүмкіншіліктері тарылған кезде адам: «Уа, Раббым!..» деп, Жаратқанын еске алады. Адамды адам ететін оның өз

дәрменсіздігін сезінуі болар. Пайғамбарымыз ﷺ *«Уа, Раббым! Сені лайықты түрде тани алмадым. Саған лайықты түрде құлшылық жасай алмадым!»* дей отырып, дәрменсіздік сезімімен Раббысына мойын иіп жүретін.

Хақ досы ізгі жандар мүминдердің жүректерінің жетілу дәрежесіне қарай олардың киіну өлшемдерін былай белгілеген екен:

— Шариғатта киіну — халал мен харам тұрғысынан шектен аспау,

— Тасаввуфта киіну — мұқтаждық шектерінен аспау,

— Ақиқатта киіну — киінуге деген әуес пен құштарлықты жою. Яғни, тек таза және қарапайым киіну, оған да әуестенбеу..

Егер адам шынымен де ақшасын жұмсайтын жер таппай қиналып жүрсе және сол үшін ысырапқа бет алмақшы болса, өзінен де мұқтаж жандарға жәрдем қолын созуды ұмытпағаны абзал. Егер онсыз да жәрдем етіп тұрса, жәрдемін арттыра түссін. Өйткені бұл — діни әрі адамдық борышы. Тауып жатқан ақшасында пақырдың, мұқтаж бен жетімнің ортақ ақысы бар екенін ойынан шығармаған адам дәулетін

қомағайлана жұмсамайды. Ислам ақшаны қайдан, қалай табу керектігін белгілеп қана қоймай, қайда жұмсау керек, қайда жұмсағанда харам болатынын да белгілеп берген. Құран аятында былай делінеді:

«Мал-мүліктеріңді Аллаһ жолында сарып қылыңдар. Өздеріңді өз қолдарыңмен қатерге итермелемеңдер. (Әрқашан) **жақсылық істеңдер,** (өйткені) **Аллаһ жақсылық істеушілерді, әрине, жақсы көреді»** (Бақара сүресі, 195-аят).

Адамдар аштық пен таршылық ішінде жанталасып, жоқтықта жүрген заманда ысырапқа жұмсалған бір тиынның да ахіретте ауыр есебі болатынын ұмытпау керек.

Сондықтан адам қол жеткізген нығметтерін күнде жатар алдында бір сәт ойланып, солар үшін Раббысына шүкір етуі тиіс. Ойланып көрейікші:

Дүниеде қанша адам тамақ пен су таба алмай, ұйқысы қанбай жүрген, қауіп пен мұқтаждықтың ортасында арпалысқан талай адамдар бар кезде мұң-мұқтажсыз, алаңсыз ұйықтау, сол сияқты апаттардың кесірінен қыс мезгілінде бой жылытар баспанадан мақрұм мыңдаған адам

Гималай тауларының етегінде түнеп жүргенде жайыл төсекте созылып жату — әрі үлкен нығмет, әрі неткен үлкен жауапкершілік!

Міне, күн сайын жатар алдында осылай өзіңді есепке тартып, тәфәккур жасап отырудың рухани өміріміздегі баға жетпес орны болу керек. Осы жайында: «*Есепке тартылмай тұрып, өздеріңді есепке тартыңдар!*» (Термези, Қиямет 25/2459) деген Хазіреті Омар ﷺ әр кеш:

«*Тигр өзенінің бойында бір қозы суға батып өлсе, Аллаһ оның есебін Омардан сұрайды*», «*Бүгін Аллаһ разылығы үшін не істедің, ей, Омар?*» деген сияқты сөздермен өзін өзі есепке тартып, тәфәккур жасайтын.

Ал біз осы сезімдерді қанша рет жүрегімізден өткіздік? Күндіз тіршілік күйбеңімен әуреленіп жүрген жүрегімізді осылай есепке қанша түн тарта білдік екен?!

Міне, нәпсісін есепке тарту сезімін ояу ұстай білген адамдарда рухани құзыр мен жан тыныштығын қамтамасыз ететін ерекшелік туады. Оның аты — қанағат.

Қанағат — ең үлкен байлық. Адамның көңіл байлығының дәрежесі оның қанағатымен

өлшенеді. Қанағатшыл адамдар қолдарындағы мүмкіншіліктерге разы болуды біледі. Одан да көп болса екен деген құштарлық олардың жүрегінде болмайды. Бұл олардың рухани рахат көруіне, тағдырына риза болуына көмектеседі. Бірақ мұны жалқаулық пен жұмыстан бас тарту деп қате түсінбеу керек. Керісінше, біздің айтып отырғанымыз діннің шеңберінен шықпай, тепе-теңдікті сақтай отырып еңбек ету және Аллаһтың бергеніне көніп, разы болу. Қолындағыға разы болған адам күші жеткенше басқаларға да жәрдем етуге тырысады. Ал, қолындағыны жеткіліксіз көрген адам әрқашан одан да артығын қалап тұрады. Ондай адам басқаға көмектесу, бөлісу былай тұрсын, өзіне біреу берсе екен деп тұрады.

Осы атағандарымыздың бәрі, одан басқа да талай ізгіліктер жасалып өткен асрұ саадат қоғамы — руханияттың шыңына жеткен қоғам. Ол дәуір Аллаһ Тағаланы және Оның Расулын ﷺ жақыннан, көкеймен танудың рухани нәрін татқан дәуір болған. Ол қоғамда жүректен дүниелік пайда мен құмарлықтар тазаланып, мал мен жан тек Аллаһқа, Расулына жақындаудың себепкері ретінде ғана қолданылды. Иман ләззат халіне жетті, ал мейірім бойларына сіңді. Аллаһтың жаратқандарына қызмет ету өмір

салтына айналды. Аллаһ Расулының жан-дүниесіне еліктеу ардақты асхабтың ең үлкен арманы болды. Аллаһ Расулының өсиет еткен кеңестері киелі бұйрықтай қабылданып, құрметпен, ұқыптылықпен маңдайға тәж болып киілді.

Ол қоғам түгелдей қанағат өлшемдерімен өмір кешті. Шектен тыс жұмсау, жан рахаты, ысырап, байлықты көзге ұру сахабилерге, сол қоғамға жат істерден болып саналатын. Саналары **«ертең бұл нәпсінің қонақтайтын жері мола болады»** деген ақиқатты шынайы аңғарды. Достықтың орталығына Аллаһ пен Оның Расулы жайғасты. Бұған дейін оқу мен жазуды білмейтін қоғам Ислам мен иманның мектебінен өткен соң мәдениеттің шыңына шықты. Барлық жүректер: **«Аллаһ бізден не қалайды? Расулұллаһ бізден нені көргісі келер еді?»** деген сезімдермен жасады. Өмір Аллаһтың ризалығына бөленді. Мархамат пен шапқат тереңдеді, хақ пен әділдікте мұқияттылық асып-тасты. Сахаба үшін өмірдің ең тәтті де мәнді сәттері адам баласына уахиді айтып жеткізген уақыттары болды. Бүгін біз де солардың осы ізгілік керуеніне еріп, солардай рухани көркеюге дәл сондай көркем ерекшеліктерге қоғамымызбен ұмтылуымыз қажет.

Әке-шешелер, міне, осындай кәмілдікке тән-ті болып, балаларын солай тәрбиелеуге міндетті. Әсіресе балаларын бөлмей бәрін бірдей көріп, бәріне бірдей қарау керек.Ер бала болсын, қыз бала болсын, бір жынысты балалар арасында болсын, әділдік пен теңдіктен айнымау керек. Адамдарға деген сүйіспеншілік шексіз болуы керек. Бірақ ең аз дегенде оны сыртқа шығарып, көзге түспеген абзал. Мысалы, біреуіне бір нәрсе алса, екіншісіне де алу, біреуін өпкенде, екіншісінің де бетін қайтармау керек. Сонымен қатар, ешқандай ата-ана балалары арасында қызғаныш тұқымының көктеуіне себепкер болмағаны жөн.

Жақсы ата-ана көршілерді жақсы таңдауы, жаман мінезді, дінге алыс көршілері мен туыстарымен қарым-қатынас жасағанда абай болуы қажет. Оларды жолға қоямын деп жүріп, өз бала-шағасын қатерге итермегені дұрыс.

Бала тәрбиесі жайында

Балаларымыздың кәміл азамат болып өсуін қаласақ, өзіміз кәміл ата-ана болуға тырысайық.

Отбасылар өз балаларын тәрбиелеу барысында неге көңіл бөлуі керек?

Ең алдымен, айта кететін жайт, бала — Аллаһтың берген аманаты және өз бойымыздан бөлініп шыққан баға жетпес дәнек. Сезімді бағалайтын адамдар үшін отбасының ең бақытты әуені, жаңа туған балалардың көңілдерге рахат сыйлар үндерінен басталады.

Хадис шәрифтерде баян етілгендей балалар — **«жәннат шешектері»**, **«жүректің жемістері»**, **«Аллаһтың сыйға тартқан ризықтары»**.

Сондықтан балаларды Раббымыздың ең көркем нығметі деп білуіміз керек. Алғашқы

сәбиіміз дүниеге келген кездегі жүрегімізде ұялаған ата-ана болудың сол керемет сезімі ұмытылар ма?

Олардың жарқыраған күлкілері жәннаттың жарық сәулелерін еске салады. Ана үшін ең жақсы міндет – оны бағумен айналысу, тәрбие беру, қоғамға сый етіп тарту ету. Өйткені ана жүрегі балаға тәрбие мен білім беретін тұңғыш мектеп. Еңбектеніп өсірілген салихалы перзент ахіретте ата-анасы мен жәһаннам арасында бөгет пердесі болады.

Отбасының ең маңызды міндеттерінің бірі – Хақ Тағаланың Исламға сай жаратылыспен жаратып берген балапандарының жан-дүниелерін қайырмен, ізгіліктермен жабдықтау.

Иманды, тура жолды және отанын сүйгіш балалар тәрбиелеу ата-ананың ең үлкен жауапкершілігі болуымен қатар, осы дүниеден озғаннан кейін де ашық қалатын амал дәптерлеріне сауаптар жазыла беруіне дәнекер болады. Балалар отбасы ұясының орнына бөлек жаратылған бақыт жемістері. Олар әке мен ана арасын жақындататын тамыры терең байланыс көпірі. Олар Аллаһтың ата-анаға сыйлаған құнды аманаты.

Пайғамбарымыз ﷺ бір хадис шәрифінде адамдардың міндеттері мен жауапкершілік-терін былай баян етеді:

«Барлығың шопансыңдар. Барлықтарың баққандарыңнан сұраласыңдар.. Еркек — жанұясының шопаны, сол отарынан сұралады. Әйел — күйеуінің үйінің шопаны, сол отарынан сұралады» (Бұхари, Уасая 9; Мүслим, Имара 20).

Аяттарда да бұл жайында сөз етілген:

«Ей, иман келтіргендер! Өздеріңді, жанұяларыңды отыны адамдар мен тастар болатын оттан қорғаңдар!..» (Тахрим сүресі, 6-аят).

Аллаһ Расулы ﷺ бұл аятқа былай түсініктеме береді:

«Аллаһтың сендерге тыйым салған нәрселерінен оларды алыс ұстап, әмір еткен нәрселеріне ынталандырарсыңдар. Міне, оларды жәһаннамнан сақтау деген осы» (Алюси, XXVIII, 156).

Бала тәрбиесін неден бастау керек? Таяқпен тәрбиелеу деген бар ма? Отбасының бала тәрбиесіндегі рөлі қандай және қандай нәрселерді қадағалауы керек?

Бала тәрбиесін әуелі ата-ананың тәрбиесінен бастау керек. Өйткені тәрбие атты киелі іс тек қана мүрәбби (тәрбиелеуші) сипатына ие болған тәрбиелі ата-ананың қолынан келетін іс. Бір ақын айтқандай:

Өзі мұқтаж қария баспанаға
Қайдан пана болсын өзі басқаларға!.. — өз тәрбиесі толық емес ата-ананың балаларына берер тәрбиесі қаншалықты болар?!..

Сондықтан бала тәрбиесі ата-анадан басталатын болса, нәтижесі де мол болады. Сол ақын айтқандай:

Болуы керек әке үйдің тұғыры берік тірегі,
Болуы керек ана үйдің әсем гүлі, жүрегі...

(Сейри)

Осы ақиқат аясында **бала тәрбиелеу мәселесінде ата-ананың мына нәрселерге көңіл бөлгені жөн:**

а) Балаға рухын көтеретін көркем есім таңдалуы керек. Баланың ата-ана алдындағы хақыларының ең басында өзіне жақсы ат қойылуы келеді. Өйткені адам есіміне тартады. Яғни балаға қойылған аттың мағынасы сол баланың бойынан көріне бастайды.

Табаранидің риуаят етуі бойынша:

«Хазіреті Пайғамбар ﷺ бір күні ұрғашы түйе алып келеді де, *«Оны кім сауады?»* деп сұрайды. Бұған ұмтылып шыққан екі адамның аты Мурра (ащы) екенін білген соң оларға:

«*Отырыңдар!*» деді.

Үшінші адам атының Жәмре (оттың шоғы) екенін айтады. Оған да:

«*Отыр!*» дейді.

Сосын есімі Иағиш (көп жасар) атты сахабиге осы міндетті табыстады» (Табарани, Мұғжәм, XXII 277; Муатта, Истизан, 24).

ә) Рухани таза ортада өсіп жетілу үшін оларға жегізген астың халал болуын қадағалау.

б) Балалар сөйлей бастаған күнінен бастап, қылықтары үнемі үлкендерге еліктеп жүріп өседі.

Өйткені олардың бойында біреуді үлгі тұтып, еліктеу сезімі басым болады. Сондықтан да оларға жақсы «үлгі болатындай іс-әрекеттер» көрсету керек. Мысалы, бала ұрыс-керіс, айқай мен шу ортада өссе, өз мінезі де сондай дөрекі болады. Құзырлы да байсалды ортада өссе, мінезі жақсы, тәрбиелі болып өседі.

в) Балалардың іс-әрекеттерін өздеріне сездірмей, үнемі қадағалап отыру керек. Әсіресе, көз алдында істеуге батпаған жаман қылықтарын сыртта немесе оңаша жерде істеулеріне жол бермеу керек. Өйткені ол әдетке сіңіп, мінездерін бұзады және оларды екі түрлі мінезді қылады. Мұның ең айқын мысалы — өтірік пен мақтаншақтық.

г) Балалардың көркем қылықтарын бағалап, сыйлықпен марапаттап отыру керек. Ал, қателіктеріне кешірімді болу керек. Өйткені олардың жақсы істері сыйлықтармен марапатталса, ол істері естерінде қалып, мінездеріне орнығады. Сонымен қатар, уақытында **ескерту** жасалмаған жаман қылықтары қайталанып, баланың мінез ерекшелігінің ажырмас бөлігіне айналуы мүмкін. Сондықтан, әсіресе қыз балалардың кіші жастағы орынсыз және жағымсыз киінуіне жол бермеу керек. Өйткені адамның

үйренісіп кеткен нәрселері уақыт өте келе адамды өзіне бағынышты, тәуелді халіне келтіреді.

ғ) Жиі жазалаймын деп жүріп, баланы арсыз етіп те алмау керек. Мысалы, табақ, тәрелке сындырып қойса, ұрыспау керек. Жәй ғана ескерту жасау керек. Өйткені мұндай қателіктерді өзіміз де жасайтын кездеріміз болады. Мұндай жағдайларда ұрыс естіген бала өзін әлсіз болғандықтан кінәлімін деп ойлайды. Өйткені дәл сондай тәрелкені өзіміз сындырсақ, бізге ешкім ұрыспайды. Бұл өз алдына, ата-ананың айтқан ақылдарын бала теріс қабылдап, өзіне айтылғандарды керісінше істеуге итермелейді. Сондықтан да өте мұқият болып, өзіміз де істемей тұрмайтын кесе сындыру, шәй төгу сияқты кішкентай қателіктер үшін балаға қатты ашуланбауымыз керек. Жұмсақ тілмен жәй ғана ескерту жасаған жеткілікті болады.

Алайда, балалардың мінез-құлықтарына сіңіп кететін қателерге үнсіз қалып, қолпаштамауымыз керек. Бірақ балаға жаза беріп, бір нәрсеге тыйым салатын кезде оның дұрыс емес екенін оған жақсылап ұқтырып істеген дұрыс. Өйткені өз кінәсін қабылдаған бала түзелуге дайын болады. Өз кінәсі мен қатесін

оған түсіндірмей тұрып жазалу, түзетуге тырысу еш нәтиже бермеуі мүмкін. Өйткені қатесін түсінбеген бала, керісінше, әке-шешесін кінәлап, өзінікі дұрыс деп ойлағандықтан одан әрі қырсығуы мүмкін. Сондықтан да:

д) Бұйрық беріп, тыйым салатын немесе бір нәрсе үйрететін кезде олар **түсінетіндей етіп себебін түсіндіру** керек.

е) Қарым-қатынас әдебін үйретуге, әсіресе, ауқатты отбасылар өз балаларына тәкаппар және дөрекі болуына жол бермеуге тиіс. Өйткені бұлар бірте-бірте тұрақты мінезге айналып кетеді. Оларға қайта кішіпейілді болуды үйретіп, олар түсінетін тілде Құрандағы Қарұнның қиссасын үйрету керек.

ж) Балалардың дін мен адамдықтың шегінен шықпайтындай етіп, өз **балалық шақтарының қызығын көруге мүмкіншілік жасау** керек. Бірақ оларды тым еркінсітіп те, тым қатты қысып та жібермеу керек. Өйткені қатты еркіндік нәпсіні құтыртып, жалқаулыққа апарса, тым қатты қысу баланы жасық, жасқаншақ етіп тастайды. Қатты қыспақ көрсету кейбір өр мінезді балалардың асау болып, бағынбай кетуіне себеп болуы да мүмкін. Мұндай бала-

лар кейін ата-анасының сөзін құлаққа ілмейтін дәрежеге жетуі де ғажап емес. Сондықтан да ата-ана белгілі әдіспен балаларды уақыттарын жақсы да пайдалы амалдармен толтыруына көмектесуі керек.

з) Оларға Жаратушы Иенің нығметтері жайында айтып, **«хамд пен шүкір»** айтуға ынталандыру керек. Пайғамбарымыздың өмірінен мысалдар келтіріп, ішкі әлемдерінің рухани пісіп-жетілуіне уақыт бөлу керек.

и) Кішкентай кездерінен бастап **«ғибадат пен дінге қызмет етуге»** үйретіліп, олардың қаншалықты маңызды екенін ұғындырулары керек.

Қысқасы, балаларымыздың кәміл адам болып өсу керектігін қалайтын болсақ, өзіміз де кәміл ата-ана болуға тырысып бағуымыз қажет.

Бала тәрбиесі әуелі ата-ананың жүрегіндегі балаға деген махаббаттан басталуы керек. Оларды Аллаһтың асыл аманаты ретінде жақсы көріп, сол сүйіспеншілікті дүние мен ахіреттің бақытын табуға себеп деп білу керек. Егер артымызда ізгі ұрпақ тәрбиелеп қалдыра алмасақ, мазарымыз қаңырап қалады.

Ертеңгі шынайы қонақтайтын орнымыз мазар болатынын ұмытпағанымыз жөн.

Әр ана бала тәрбиесі мен оның күтіміне байланысты нелерді есте сақтасын дер едіңіз?

Бір мақал-мәтелде «*Әл-умму мәдрасәтун: ана — мектеп*» деп айтылған.

Ана балаларының қасында үйде көбірек болатындықтан балаларға көркем өнеге болып, олардың рухында із қалдырарлықтай «алғашқы әрі ең үлкен тәрбиеші болуға» міндетті.

Ананың аузынан шыққан әр сөз бала тұлғасының құрылысына қаланған кірпіш тәрізді. Ана жүрегі баланың білім алатын сыныбы. Шапқат пен мейірбандықтың қайнары — аналар. Ана тәрбиесінен қол үзіп қалған балаларды тәрбиелеу тым қиынға түседі. Көркем мінезді жандар көбіне салиқалы аналардың қолынан тәрбиеленген адамдардан шыққан.

Үй жұмыстары, бала тәрбиесі, күйеуіне қарау секілді үлкен шаруаларды иықтарына артып алған жанкешті салиқалы ана, шын мәнінде, терең махаббатқа, шексіз құрметке

және өмірбақи алғысқа бөленуге лайықты жан. Ислам әлемінде көрнекті тұлғалар қашан да ата-анаға, әсіресе, анаға деген құрметтің ең жоғарғы үлгілерін көрсетіп кеткен. Расулұл-лаһ ﷺ өзінің сүт анасы Халима رضي الله عنها анамыздың үйіне апта сайын баратын, өз шапанын жерге төсеп, оған анасының отыруын өтінетін. Сүт анасы үйге кірген-шыққан кездері үнемі орнынан тұрып, оған құрмет көрсететін.

Міне, солай балаларын өздеріне жақыннан қарау мүмкіндігіне ие болған аналар өз балапандарын тәрбиелеу мәселесінде сахаби әйелдерді үлгі алғаны абзал болады.

Хазіреті Пайғамбардың тәрбиесін көріп, өнегелі аналарға айналған сахаби әйелдер балалары Расулұллаһты ұзақ уақыт көрмей кетсе, балаларына қатал ескерту жасайтын. Соның бірі Хұзәйфа رضي الله عنه бірнеше күн Пайғамбарымызды көрмей кеткен кезінде оны шақырып алып, онысына ренжіп, айыптаған анасы жайында былай әңгімелейді:

Анам менен:

«Пайғамбарымызбен ең соңғы рет қашан көрісіп едің?», деп сұрады

Мен:

«Бірнеше күн болды, көрмей жүрмін» дедім.

Маған қатты кейіді, ренжіп, ұрсып берді.

Ал мен:

Тоқташы, ренжімеші! Дереу Расулұллаһқа барып, оның жанында ақшам намазын оқиын. Сосын маған да, саған да истиғфар тілеуін өтінейін» дедім (Термези, Мәнәқиб 30; Ахмет бин Ханбәл, Мүснәд V, 391-392).

Осындай тәрбие әдісімен ғана балаларымызды өз бетімен кетуден, еркелеп кетуден, ысыраптан қорғай аламыз. Оларға жақсы есім беріп, Құранмен таныстырып, кішкентай жасынан оларға Раббысына құл болудың, әсіресе, намаз оқудың рахатын үйретіп, кішкентай, тап-таза кір баспаған жүректеріне мұқтажға жәрдем етудің, инфәқ жасаудың қуанышын таттыруымыз керек.

Бұл тұрғыда жаңылыс басқан, қателіктерден, яғни олардың менмендігін қоздыратын істерден барынша сақтануымыз керек. Өйткені балалар **таза таспа сияқты әке-шешелерінің барлық қылықтарын, дұрысы мен**

бұрысын ажырата алмай, сол күйі көшіріп алып, оларды еліктеуге бейім болады. Мысалы, инфәққа байланысты жаман қылық көрсету баланың саф ділін/таза жүрегін қалай қозғап, қалай жаулап алатынын көз алдымызға елестету үшін мына оқиғаны ойымыздан өткізейік:

Бір әке есігінің алдына келген қария, кемтар мұқтаж адамды кішкентай қызының көзінше ұрсып, қуып жібереді. Ал қызы кішкентай жасының тазалығымен:

«Әке, мына байғұстың жүрегін неге ренжітіп жатырсыз?» деп сұрады.

Тас жүректі әке:

«Сен оларға қарама, қызым. Мұндайлар басқаларға жүк болудан ұялмайды. Қолдарына түскен кезде қағып алып, жөніне кетеді. Бұлар кім біледі, бізден де бай шығар!», дейді.

Босағадағы кісі, қатты мұқтаж болғаннан болар:

«Аллаһ разылығы үшін..» деп, тағы сұрай бергенде, әлгі әкенің жыны қозып, ашулана:

«Жоғалт көзіңді, оңбаған неме!» деп, айқай салады...

Бұл оқиғадан соң кішкентай қыз біраз уақыт әлгі кісіге жаны ашып жүрсе де, әкесінің әлгідей қылығын көріп өскен соң, бой жеткен кезінде мұқтажға жәрдем етпейтін, әрі оларды тыңдамайтын, сезбейтін, олардың қиналғандарына қаймықпайтын адам болып өспей ме?!

Сондықтан марқұм әкем **Мұса Әфенді** мұқтажға бір нәрсе ұстатқысы келгенде кейде кішкентай балалардың қолымен бере отырып, олардың да инфәқ жасауға әдеттенуін мақсат тұтатын. Бір күні маңызды бір қызмет үшін садақа жиналып жатқан кезде қасындағы жеті сегіз жастағы баладан көзін алмай қарап тұрды. Оның қарап тұрғанынан қаперсіз бала үлкендердің асыға садақа беріп жатқандарын көріп, ол да кішкентай жүрегінің үлкен жанашырлығымен аз ғана тиын ақшасын жәрдем жиналған жәшікке салып жіберді. Мұны көрген Мұса Әфенді баланы қасына шақырды да, маңдайынан сипап, өзінің ыстық ықыласын көрсетіп, жұмсақ дауыспен:

«Бәрекелді, жарайсың балам! Біраздан бері сенің не істейтініңді аңдып отырдым. Егер ештеңе бермегеніңде, мына атаңның көңілін қалдырар едің!..» деді.

Осы оқиға балалардың қылықтары мен мінездерін қалай айна-қатесіз шағылыстыратынының керемет мысалы.

Сонымен қатар хадис шәрифтерде қыз балалар тәрбие мен күтімді көбірек қажет ететіндіктен ер балаларға қарағанда ерекше насихаттарға тақырып болған.

Бір хадисте айтылғандай:

«*Кімде-кім үш қыз баласын бауырына басып, өсіріп, жақсы тәрбие беріп, үйлендірсе, және оларға қарайласып, жақсылық жасауын жалғастырса — ол адам жәннаттық*» (Әбу Дәуіт, Әдеп 121; Ибн Ханбәл, III, 97).

«*Егер кім екі қыз баласын кәмелетке толғанша өсіріп, тәрбие берсе, қиямет күні ол адам және мен былай қатар боламыз*» деп, саусақтарын бірлестірді» (Мүслим, Бирр 149; Сондай-ақ қрңз: Термези, Бирр 13).

Бұл хадис шәриф балаларға, әсіресе қыз балаларға қалай мәміле жасау керектігін баян ететін керемет хабар.

Бала тәрбиесінде ең көп мұқияттылықты қажет ететін тақырыптардың бірі — таяқ мәселесі. Бұл әсте хош көрілмейтін, жаңылыс түсінік. Жаман әдеттерге әуестенбесін деп балаға бетін қайтаратын әдістер қолдануға болады. Бірақ, ол әдістердің арасында таяқ болмау керек. Өйткені ол ертеңгі болашақ азаматты үркек, қорқақ немесе арсыз, ұятсыз адамға айналдырады. Қала берді Пайғамбарымыз ﷺ адам былай тұрсын, хайуанның өзін қатты және таяқпен жазалауға тыйым салған. Бірде әлі үйретілмеген түйені Хазіреті Айшаға сыйға тартқан кезде, оны қатты әдіспен үйретпеуі жайында былай деп ескерту жасаған:

«*Ей, Айша! Жұмсақ мінezділік бір нәрсенің бойына кірсе, оған міндетті түрде көрік береді. Бір нәрседен шығарылса, оған міндетті түрде кемшілік қосады*» (Мүслим, Бирр 78; Әбу Дәуіт, Әдеп 10).

Қорыта айтар болсақ, салихалы әйел иләһи құдіретпен кеңейтілген мейірім есігіндей. Содан болар, Пайғамбарымыз:

«Жәннат аналардың аяғының астында..» деп айтқан.

Отбасындағы жанұя мүшелерінің жаман қылықтарын, әсіресе, балалардың шаршататын еркеліктері мен бұзықтықтарын әп-сәттеерітіп жіберетін жауһардай ана жүрегі... Бақыт шешектерінің тұқымдары аналардың көңілдеріне себілген. Сол себепті Хазіреті Пайғамбар ﷺ анаға деген махаббатты қайта-қайта үгіттеп өткен. Өзінен көп кімге үлкен құрмет пен қызмет көрсетілуі керектігі жайында сұраған адамға үш рет қатарынан "*Анаң!*", содан кейін "*Әкең!*"», деп айтқан (Бұхари, Әдеп 2; Мүслим, Бирр 1, 2; Ибн Мәжә, Уасая 4; Әбу Дәуіт, Әдеп 120; Термези, Бирр 1).

Әйел адам өзінен тумаған, күйеуінің бұрынғы әйелінен қалған балаларына қалай қарауы керек?

Оларды өз баласындай етіп тәрбиелеуі қажет. Махаббатын, күтімін, шапқаты мен аналық қызметін, жалпы аналық жүрегін олардан есіркемегені дұрыс. Пайғамбарымыз ﷺ балалық шағында өзін бауырына басқан және өз анасындай болып қарайлаған Хазіреті Әлидің анасы Фатима бинт Әсәдты өмірі

бойы жақсы көріп, құрмет көрсеткен. Бұл салиқа әйел қайтыс болғанда Пайғамбарымыз ﷺ жаназасының тұрған жеріне жақындап, басының қасына отырып, оның жанкешті қызметіне Хақ құзырында куәлік ете отырып, былай деген:

«Ей, анашым! Аллаһ саған рахымын төксін. Сен менің анамнан кейінгі өз анамдай едің. Өзің аш жүріп, мені тойдыратын едің. Өзің кимей, мені киіндіретін едің. Тағамның тәттісін өзіңнен аяп, маған сақтаушы едің. Әрі мұның бәрінен Аллаһтың ризалығы мен ахірет бақытын іздеуші едің».

Сосын Расулұллаһ ﷺ жаназаның үш рет жуылуы бұйырып, өз көйлегін шешіп, оған кигізді. Жаназа осы көйлектің үстінен кепенделді. Хазіреті Пайғамбарымыз ﷺ қабірді қазуға да өз қолымен жәрдем етіп, кейін өзі қабірге жатып, бұл салиқалы әйелге дұға етті» (Табарани, Мұғжәмұл-кәбир XXIV, 351-2; Хаким III, 116-117).

Пайғамбарымыздың бұл сүйіспеншілігі мен құрметі мейірімді ана құшағына деген алғыстары біз үшін керемет үлгі-өнеге. Сондай-ақ осындай жетімді анасын ұмыттыратындай бауырына басқан, оны өз мейірбан құшағына

алып, тәрбие берген, ақылды кеңестерімен, тәтті сөздерімен қанаты сынық, көңілі қаяу жетімнің жүрегіне тақ құрып алған ананың табиғаты қандай керемет десеңші!

Сол ұлы ана жетімнің көңілінде қалдырып кеткен сол тәтті естеліктердің себебімен өмір бойы оның аузынан шыққан дұғалардың берекесімен иләһи мейірімге қарық болар, сірә.

Дәл сол сияқты әкелер де өз әйелдерінің бұрынғы күйеуінен қалған балаларымен бірге тұратын болып жатса, оларды сырт көз өз балаларынан ажырата алмайтындай етіп қарауы керек.

Осы орайда өзіңізге әсер еткен Хазіреті Пайғамбарымыздың ﷺ балаларға көрсеткен мәмілелерінен мысал келтірсеңіз...

Хазіреті Пайғамбарымыз ﷺ балаларға үнемі терең махаббат танытып, оларды өбіп, кекілінен сипайтын, мүбәрак саусақтарын тарақ етіп, олардың шашын түзейтін. Балаларға мейірім көрсетпегендерді ұнатпайтын, оларды дөрекі, қатты адамдар деп айтатын.

Хазіреті Айшаның ﵂ риуаят етуі бойынша бір күні Хазіреті Пайғамбырмыз ﷺ немерелерін сүйіп отырғанда қасына Исламның үйреткен мейірімін, нәзіктік пен биязылығынан жұрдай бәдәуи келді. Расулұллаһ ﷺ балаларды қатты сүйетініне таңырқаған ол:

«Уа, Расулаллаһ! Сіз балаларыңызды сүйетін бе едіңіз? Біз балаларымызды сүйіп, еркелетпейміз» деді.

(Аллаһтың осы көркем нығметі періштедей балаларға әлгі бәдәуидің мейірі түспейтін тасжүректігі Аллаһ Расулының жүрегіне батты). Бәдәуиге:

“*Аллаһ сенің жүрегіңнен мейірім мен жанашырлықты алып тастаса, мен не істей alармын!..*” деді» (Бұхари, Әдеп 22).

Хадис шәрифтің әмірі сол — мұсылманның көңілі Аллаһтың аманаттарынан махаббатын, шапқат пен мейірімін аямауы және мейірімін қайда және қалай бағыттауы керектігін біліп, солай өмір сүруі қажет.

Бірде Хазіреті Пайғамбардың ﷺ үстіне кіші дәретін сындырып қойған немересіне:

«Сен қалай Расулұллаһтың үстіне дәрет сындырасың?» деп кейімек болған Үммү Фадлға:

«*Ұлымның жанын ауырттың ғой, Аллаһ саған рахым етсін!*» деп, балалардың мұндай істеріне түсінушілікпен қарау керектігін көрсеткен болатын (Ибн Мәжә, Табир 10).

Ол құшағына мүбәрак немерелері болған күйде намаз оқитын, сәждеде немересінің мүбәрак арқасына шыққан кезінде де сәждесін ұзартатын. Балаға килікпек болғандарға:

«*Қоя беріңдер. Бала қызығын қандырсын!*» дейтін.

Сондай-ақ Расулұллаһ ﷺ баланың жылағанын естігенде намазын жылдам аяқтайтын. Бірде үйінде намаз оқып жатқанында баланың жылаған дауысын естіп, намазын тез аяқтады да, үйдегілерге:

«*Олардың жылап, мені жабырқататынын білмеуші ме едіңдер?*» деді.

Он жасынан бастап, он жылын Хазіреті Пайғамбардың қызметінде өткізген Әнәс رضي الله عنه айтады:

«Расулұллаһқа он жыл қызмет еттім. Маған ешқашан «Туу!» деп кейімеді. Бір нәрсе істеп қойсам, «Неге бұлай істедің!?» деп, ренжімейтін, бір нәрсе істемей қалсам, «Былай істесең болмас па еді?!» деп ұрысқан емес» (Бұхари, Саум 53, Мәнәқиб 23; Мүслим, Фәдаил 82).

Расулұллаһтың ﷺ құзырында өсіп жетілген жастар ерекше көркемдік пен парасатқа ие болған. Бұған мысал ретінде Сәһіл бин Сағдтың мына риуаяты өте ғибрат аларлық:

Расулұллаһқа ﷺ сусын әкелінді. Одан біраз ғана ішті. Сол кезде оң жағында бір бала, сол жағында асхабының үлкен жастағы кісілер отырған болатын. Пайғамбарымыз ﷺ оң жағында отырған балаға теңдессіз әдеп пен жұмсақ тілмен:

«*Рұқсат болса, мына сусынды әуелі мына үлкен кісілерге берейін!*» деді. Ал әлгі бала ақылдылық көрсетіп, сол жердегі баршаны таңдандырған және әлемге ғибрат болып қалатындай тамаша жауап қайырады:

«Уа, Расулаллаһ! Сенен маған бұйырып тұрған нәсібімді ешкімге бере алман!».

Сол кезде Сүйікті Пайғамбарымыз ﷺ мүбәрак қолындағы сол сусынды балаға ұсынды» (Бұхари, Әшрибә, 19).

Бұл оқиға Хазіреті Пайғамбардың балаларға қандай қадір көрсетіп отырғанын және екі адам арасындағы сыйластық ағыстарын көрсетуі тұрғысынан үлкен тәрбиелік маңызға ие.

Аллаһ Расулы ﷺ Хазіреті Фатиманың үйінде болған күні немерелері Хасан мен Хұсайын су сұрады. Хазіреті Расулұллаһ ﷺ алдымен Хасанға су берді. Хазіреті Фатима رضي الله عنها Расулұллаһ Хасанды көбірек жақсы көреді деген пайымға барды. Ал Пайғамбарымыз былай деді:

«*Жоқ, алдымен суды Хасан сұраған*» деді де, артынан былай деп сөзін жалғады:

«*Сыйлық пен жақсылық жасау кезінде балаларыңа тең қараңдар. Егер мен біреуін артық тұтатын болсам, қыз балаларды артық тұтар едім*» (Ибн Ханбәл, I, 101; Ибн Хажар, Әл-мәталибул-ғалиа, IV, 69; Хәйсәми, IV 153).

Пайғамбарымыз бала тәрбиесіне үлкен маңыз беріп, үмметін де осыған қарай насихаттайтын көптеген өсиет хадистер айтып кеткен:

«*Балаларыңа сыйлық жасаңдар және көркем тәрбие беріңдер*» (Ибн Мәжә, Әдеп, 3).

«*Ешбір әке өз перзентіне көркем әдептен асқан сыйлық жасай алмас*» (Термези, Бирр 33/1952).

«*Адамның өз баласын (бір рет болса да) әдепке салуы бір саға/өлшем (жейтін нәрсе) садақа бергенінен де қайырлы*» (Термези, Бирр 33).

«*Адам баласының өлгенде артына қалдыратын нәрселеренің ішіндегі ең қайырлысы өзіне дұға ететін салиқалы перзент, сауабы өзіне тиіп тұратын жәрия/үзілмес садақа, өзінен соң халық амал жасайтын пайдалы ілім*» (Мүслим, Уасийәт 14; Термези, Ахкам, 36).

«*Баланың әкесіне қатысты хақыларының бірі — руханияты мол есім қоюы және жақсы тәрбие беруі*» (Бәйхаки, Шуабул-иман, VI, 401-402).

«*Кімде-кім үш қыз баласын бауырына басып, өсіріп, жақсы тәрбие беріп, үйлендірсе,*

сондай-ақ оларға қарайласып, жақсылық жасауын жалғастырса, ол адам — жәннаттық» (Әбу Дәуіт, Әдеп 121; Ибн Ханбәл, III, 97).

«Егер кім екі қыз баласын кәмелетке толғанша өсіріп, тәрбие берсе, қиямет күні ол адам және мен былай қатар боламыз» деді де, саусақтарын бірлестірді» (Мүслим, Бирр 149; Сондай-ақ қрңз: Термези, Бирр 13).

«Кімде-кім қыз балаларын өсіріп, бағу жолында қиындыққа ұшыраса да оларға қарауын жалғастыратын болса, ол балалар оны жәһәннам отынан қорғайтын қалқан болады» (Бұхари, Зекет 10, Әдеп 18; Мүслим, Бирр 147; Сон-дай-ақ қрңз: Термези, Бирр 13).

Хазіреті Әнәс секілді балалық шағын Пайғамбарымыздың тәрбиесінде өткізген басқа сахабилер бар ма? Олардан бірнеше мысал келтіре кетсеңіз...

Әрине, ондай сахабалар бар. Олардың басында кішкентай кезінен иман келтірген **Хазіреті Әли** келеді, әлбетте. Хазіреті Пайғамбардың ﷺ немере інісі Хазіреті Әли Расулуллаһ тәрбиесінде өзінің жан-дүниесіне ру-

ханият толтырды, ғылымның есігіне айналды. Қияметке дейін жалғасатын тасаввуф сілсіләсінің (рухани көсемдер шежіресінің) бастауы болды.

Оның бауыры **Жағфар Тайяр** да, Пайғамбар махаббатының ерекше үлгісі.

Расулұллаһтың өз қызы **Фатима** үмметтің аруы болды. Кішкентай кезінен көрсеткен ұлық тәрбиесі мен мүбәрәк әкесін қанатының астына алғандықтан **«әкесінің анасы»** деген сипатқа ие болған. Үмметтің бас тәжі болған оның ұлдары Хазіреті **Хасан** мен Хазіреті **Хұсайын**дар бар.

Мұсаб бин Ұмайр мүшрік жанұясының барлық дәулетінен бас тартып, Аллаһ Расулының ﷺ жанында болуды таңдады. Ислам жолында жанкештілік пен басқаларға деген жанашырлықтың керемет үлгісіне айналды. Аллаһ Расулына деген махаббаты оны бұл жолда жанын беруге дейін апарды.

Ұсама бин Зәйд жиырма жаста болған кезінде Пайғамбарымыз оны Ислам әскерінің қолбасшысы етіп тағайындады.

Пайғамбарымыздың қасында өскен осындай жас сахабилерді көптеп санап шығуға болады. Алайда осы атағандарымыз өзі мысал болуға жеткілікті болар деп ойлаймын...

Енді мына, мүмкін болса, өз балалық шағыңыз жайында айтып өтсек дейміз. Мысалы, сол жылдардан есіңізде қалған оқиғалар бар ма?

Әр адамның балалық шағынан көптеген естеліктер қалатын шығар. Солардың кейбірі адамның көкейінде терең із қалдырып жатады. Мен де өз көкейімде із қалдырған есте-ліктеріммен бөлісейін.

Балалық шағым Еренкөй деген аймақта өтті. Ол кездері үйлердің айналасында бақшамыз болатын. Сондай-ақ төменгі қабаттарда қонақ бөлмесі болатын, сол жерге көп ыстық ықыласты қонақ келіп-кетіп тұратын. Тіпті, Рамазанда берілген ауызашарларда сол жерде ине шаншитын жер болмайтын.

Ауызашарға әр күні әртүрлі мамандықтар мен түрлі ортадағы адамдар шақырылатын. Бір күні жүргізушілер, екінші бір күні қара жұмысшылар, тағы басқа бір күні көше

тазалықшылары, ендігі бір күні ұсталар, басқа бір күні ұстаздар мен молдалар және т.б. шақырылатын. Ауызашардан соң оларға «тіс төлемақысы» деп аталатын кең тараған сыйлық таратылатын. Ол сыйлық кейде киімдік мата, кейде беретін адамына байланысты қағазға ораулы ақша да болатын. Тарауих намазынан соң шай ішіліп, әр топ өз әлемі жайында әңгіме-дүкен құрып кететін. Сол сәттер жүректер қайнасып, бір-бірімен жалғасқан ең тамаша сәттер болатын.

Бала кезімде назарымды аударған жәйттардың тағы бірі — көршілер арасындағы көркем қатынастар. Көрші көршісіне өз туысқанындай қарайтын. Тіпті, біз бала кезімізде көршілерімізді туыстарымызбен шатастырып жүретінбіз. Жағдайы бар көршілер мұқтаж көршілеріне махаббат пен мейірім құшағын айқара жайып жүретін. Бір көше/аймақ жабылып, мұқтаждар мен ғаріптердің қажеттіліктерін тауып беріп, жоғын жамап, жетім қыздардың көрпе-төсек, дүниесін дайындап беретін.

Ол кездерді құрт ауруы (туберкулез) кең тараған кез болатын. Антибиотиктер де жоқ. Құрт аурулары көбіне қарағай ағашы өсетін

жерлерде емделінетін. Бүкіл ауыл болып құрт ауруымен ауырғандарға көп қарайласатынбыз. Өйткені, құрт ауруымен ауырғандардың емі тек қарағай ағаштары өсетін жерлерде, сол қарағайдың ауасынан дем алдыру арқылы жасалатын. Ол кезде ерте жаста өлгендер көп болатын. Мейірімді көршілер мен көше тұрғындары оларға қан толтыратын азықтар апарып беріп тұратын.

Науқастарды зиярат ету отбасылардың алғашқы істерінің бірі болатын. Ондай зияраттарға әркім өз жағдайына қарай сорпа, ботқа секілді дәмдерден апаратын. Зияраттар тез аяқталып, науқастың көңілін көтеріп қайтатын.

Жаназалар да сондай болатын. Құран хатым дұғалары үнемі бірге жасалатын. Жаназа шыққан үйге үш күн бойы ас апарылатын.

Елу жыл бұрын тоңазытқыш деген нәрсе екінің бірінен табыла бермейтін. Бір нәрсені суыту үшін ауладағы құдыққа құмыра салып қоятын едік. Тоңазытқышы бар отбасылар кешке қарай көршілеріне мұздарынан беретін. Осы секілді сыйларын көбіне балаларынан беріп жіберетін әдет болатын. Осылай балаларына кіші жастан жанашырлық, жәрдемдесу

мен өзгенің қамын ойлауды көкейлеріне орнықтырып жүретін.

Менің бала кезімде Еренкөй жағалауы бос болатын. Теңіз бен құрлық бірлескен жерлерде шамамен екі метрдей құмды жағалау болатын. Сол жерде балалар үймелеп, құмнан үй салғанды ұнататынбыз. Біраз уақыттан соң арамызда келіспеушіліктер туындап, бір-бірімізге: «Сен менің шекарама кіріп кеттің!». «Жоқ, сен мен жаққа басыңды сұғып кеттің!» деп, салғыласа бастайтынбыз. Сосын бір толқын келіп, әлгі бөлісе алмаған құм үйлерімізді жермен жексен қылып, тегістеп кететін.

Осы естеліктер бүгін мынадай ой салады: балалық пен ересектіктің арасында бір дәреже ғана айырмашылық бар. Жасы ілгерілеген сайын адамның ойын түрлі және ақылға сыймас құмарлықтар, бос күйбеңдер жаулап алады. Бірақ, нәтижесінде бәрі де соңғы демнің сілкінісі немесе бір толқынымен жоқ болып кетеді...

Қандай ғибраты мол естелік! Осыншалық иләһи құдіреттің жүйесіне соқырлық танытқандар үшін өмірдің соңы қандай өкінішті алданыш болмақ!

Балалық кезімізде ауыл болып ең қатты толқыған күніміз азанның асыл нұсқасымен айтылуына рұқсат етілген күн болған шығар. Барлығы сол түні ертерек оянып, таң намазының азанын күтті. Сол түні құдды бір айт мейрамына дайындалғандай күй кештік. Тіпті, анатайым кешқұрым бізге:

«Бүгін таңертең нағыз кәдімгі азан айтылады, ертерек тұрайықшы, өткізіп алмайық!» деп ескертіп, бүкіл үй ішімізбен ерекше толқып, тебіренгенбіз.

Сол таңда кәдімгі Хазіреті Білəлдің Қағбада алғашқы азан оқыған кезіндегі рухани сезімдер мен жүрек тебіреністері қайталанғандай болды. Таңғы самал оның Мәдинадағы азаны болып есіп тұрғандай. Өйткені азан үмметіміз үшін ерекше қасірет пен сүйінішке айналған болатын. Қазір де кейде Түркия сыртына сапар шеккен кездерде осы қасіретті тартамыз. Отанға оралған кезде жүрегің ерекше бір сүйінішке бөленеді. **Аллаһ Құранымызды, Азанымыз бен Байрағымызды, Отанымыз бен халқымызды түрлі қауіп қатерлерден сақтасын! Жаманшылықтардың ауылын алыстатсын!.. Әмин!..**

Балалық кезіңізде сіздің көңіліңізде көркем із қалдырған тұлғалар болды ма?

Бала кезімде менің көңілімде ең қатты із қалдырған екі қәдірменді кісіні атап айтқым келеді. Ол – **әкем** мен **анам**. Әрине, қоршаған ортам да бар...

Анам менің есімді білгелі біздің көңіл әлемімізге өте баға жетпес қазыналар құйып өткен періште рухты, мүбәрак жан болатын. Бізге әрбір орайы келген сайын Аллаһ достары әулие жандарға деген махаббатты көкейімізге құйып, өз парасатымен көңіл бақшамызға нұры әсемдіктерді егуге тырысатын. Оның бауырымды босанғаннан кейін, яғни екі баланы бағып-қағып, басқа да жұмыстарымен қатар Құранды жаттап, қари болып шығуы маған Хақ жолында қызмет етуге деген құлшыныс, Құранға деген махаббат беріп, көп әсерін тигізді.

Ал, әкем болса, Аллаһқа деген махаббаты мен иманы, берілгендігі мен тақуалығы, көркем ахлағы мен биязы салмақтылығы, өзге де ерекшеліктерімен барлық қырынан мен өнеге алатын ұлы тұлға. Терең сезімталдық иесі, биік

дүниетанымы бар адам болатын. Мысалы, ол кездері Имам-хатиб лицейлері жаңадан ашылып жатқан кез және оны бітіріп шыққандарға дүниелік тұрғыдан еш үміт сыйламайтын оқу орны болатын. Бірақ әкем үлкен сүйінішпен Имам-хатиб лицейіне бізді апарып жаздырды. Соңғы сыныпты сол жерде жатып оқыдық. Демалыс күндері бізге мешіттерді, Топкапы сарайын және басқа да тарихи жәдігерлерді аралататын. Біздің ақыл деңгейімізге қарай аталарымыздың дінге, иманға, отанға және ұлтқа жасаған қызметтері мен жанкештіліктерін, сондай-ақ олардың қандай асыл рухты жандар болғанын әңгімелеп беретін. Бізге оларға лайықты ұрпақ болуды үгіттейтін. Ара-тұра үлкен сыйлы ұстаздарды, имамдарды зияратқа ертіп апарып, оларды бойындағы биязылық, рухани тереңдік және көркем тәрбиелерінен сусындататын. Бізді өнеге боларлық адамдармен таныстырып жүретін.

Әкемнің кедей жандарға деген сүйіспеншілігі дариядай терең болатын. Оларға қызмет жасай отырып, олар оны қабыл етсе, алғыс айтатын. Қаражаттай сыйлық жасағысы келгенде оны ұқыптап, қорапқа салып ұсынатын. Тіпті, қораптың сыртына: **«Қабылдағаныңыз үшін көп рахмет!»** деп жазып

қоятын. Бұл Жаратқанға деген махаббатпен Оның жаратқандарын да сүюдің және оларға жылы шыраймен қараудың табиғи нәтижесі еді. Анам екеуі науқастарға тамақ пісіріп, ауруханаларға апаратын. Сол бала кезімде осы мейірім көріністері рухымды өзіме де сездірмей нақыштай берген көрінеді. Осылай анам мен әкем мен үшін үлкен рахым мен береке болған еді.

Сондай-ақ бала кезімде маған әсер еткен көптеген оқиғалар мен естеліктердің көпшілігі Имам-хатиб лицейінде оқып жүрген жылдарымда болған шығар. Әсіресе, дәріс берген ұстаздарымыз тура біздің бағымызға сайланғандай еді. Өте баға жетпес және естен кетпес тұлғалар танып өттік. Олардың ішінде:

Жәлаледдин Өктем атты ұстазымыз жетпіс жастағы паркинсон (тырысқақ) ауруымен ауыратын кісі еді. Соған қарамай бір баланың жетегінде сыныпқа келіп, 25 жасар жігіттің қарқынымен дәріс беретін.

Бұрын православиялық христиан болып, кейін өзіне иман нәсіп болған **«Йаман деде»** атымен танылған **Абдұлқадир Кечеоғлұ** он минут парсы тілінің граммтикасын түсіндіргеннен

кейін Мәснәуиден екі шумақ оқып, оны еңіреп жылап отырып бізге түсіндіретін. Көздерінің асты көлкілдеп, хауыздай шұңқыр болып кеткен. Моншақтай көз жастары көзінен сол шұңқырға ағып түсіп, одан төмен қарай бетін жағалай аққан кезде соның өзі бізді ерекше рухани сезімге бөлейтін. Көңілінде Пайғамбарға деген махаббаттың орны бөлек еді. Оған:

«Мәуләнаны қандай жақсы көресіз!» деп айтқандарға, көңіл әлемінен тасып шыққан мына көркем жауабын беретін:

«Қарағым! Мен қалай Мәуләнаны жақсы көрмейін, ол менің қолым мен көңілімнен ұстап жетектеп, Хазіреті Пайғамбардың есігіне алып келді».

Солардан рухани нәр алған сол күннен бүгінге дейін көп нәрсе келіп, кетті. Бірақ, біздің рухымызға нақыштап кеткен оның жан-дүние тебіренісінің іздері қалды. Өзі жазған атақты өлеңінен: **«Жамалыңмен жұбатшы мені, жандым, уа, Расулаллаһ!»** деген шумақтарын оқыған кездегі күзгі суықта жаураған бөкендей дір-дір етіп, көктемгі шықтай тамшылармен көз жасын төккені әлі көз алдымда...

Тағы бір ұстазымыз сағат 07:00де келіп, сорпамызды даярлап беретін. Енді бір ұстазымыз дастарханда қалған бөлінген нан көрсе, ешкімге ұрыспай «Қараңдар, балаларым. Осы нығметті таба алмай жүрген қаншама мұқтаждар бар. Нығметке құрмет етсек және шүкірлік жасасақ, Аллаһ оны арттыра түседі. Ал оның қадірін білмесек, қолымыздан алады» деп, жылы сөзбен насихаттайтын.

Фәлсәфа тобының ұстазы Нуреттин Топчу болса, қоғамдағы кей жеке адамдардың өз қара басын ғана ойлайтын эгоисттігіне қатты көңілі түсіп, Ислам қоғам ішінде де, жеке адамдардың бойында да табылса екен деген дертпен:

«Бұл адамдар тасаввуфқа неге сонша бейқам болды екен?» деп, таңырқап жүретін.

Тағы бір ұстазымыз көркем жазу дәрісінен беретін. Бірақ шәкірттердің қамыс қаламы мен сиясын өзі әкеліп беретін.

Тағы бірі түнде жатақхананы айналып қарап шығып, үсті ашылып қалғандардың көрпесін қымтап жауып жүретін.

Кейбір ұстаздарымыз соңғы дәріс беріп болған соң дәрістен артта қалған шәкірттер

үшін қосымша дәрістер ұйымдастырып, олардың кемшіліктерін толтырып алулары және әр оқушының жақсы жетілуі үшін қолдарынан келгенін аянбай еңбек ететін.

Ұстаздарымыздың бізге ең көп үйретуге тырысқан нәрселерінің бірі — жан мен малды қолдануды білудің дәрісі. Олар бұл дәрістерді бізге сөзбен емес, өз іс-әректтерімен түсіндіретін.

Міне, сол күннен қырық жыл өтіпті. Бірақ сол күндердің ізгі адамдарынан қалған естеліктер әлі күнге жадымызда қалды. Берекелі және ізгі іздері ақылымыз бен көңілімізде әлі ояу тұр. Сондықтан да сол күндерімізді көркейткендердің баршасына қашан да дұға етумен жүремін... Хақ Тағала барлығына разы болсын. **Бірақ, ендігі кезек қазір біздің бүгініміз бен ертеңімізді көркейтуге келіп тұр.** Бұл міндет бізге артылып тұр. Аллаһ Тағала баршамызға осы жолда табыс пен сәттілік бергей!..

Бәрекелді, енді бүгінімізге оралатын болсақ, бүлдіршіндерімізді бүгінде қандай қатерлер күтіп тұр? Сол қауіп-қатерлерге тойтарыс беруде ата-аналардың қандай міндеттері бар?

Бүгін балаларымызды күтіп тұрған қауіптердің ең басында олардың руханияттан жырақ өсіп жатқандары болып келеді. Яғни, тек осы дүниені есепке алумен ғана берілген тәрбие нәтижесінде ахірет терезесінің бітеу болып қалуы.. Яғни, жүрек тәрбиесінің кем болып жатқанын білетін болсақ, ахірет дайындығымен, көркем руханиятпен көркеймеген ұрпақ бақыт таба алмайды. Қалтасы мен сөмкесін неше түрлі дипломға толтырып қойсақ-дағы. Қоғамдағы жастардың күйреуінің көптеген қайғылы мысалдары бар. Бүгінгі таңда соған апаратын көптеген жаман әдеттер шығып жатыр. Оның ішінде есірткінің тырнағына жан тәсілім еткендер, әйел намысының қорғалмай, барған сайын кіші жастарға дейін түсіп бара жатқан арсыздық уының ізеттікті улауы... Бұлар балаларымызға қандай қауіптер төніп тұрғанын көрсетіп-ақ тұр. Мұны көретін көздер болса, оның шешімі саналарға иман мен оның ұлы

ахлағын орнықтыру арқылы мүмкін болатынын түсінеді. Уахидің нұрымен таныспаған жүректер шынайы бақытты қалай таппақ? Бұл жөнінде әлемге танымал ақын Мұхаммед Акиф секілді мынадай жоғары рух күйінде болуымыз қажет:

Иман жауһары, илайым, неткен биік,
Имансыз тат басқан жүрек
бойдағы артық жүк...

Дін мәселесіндегі білімсіздік — тым қорқынышты қараңғылық. Өйткені адам білмейтін нәрсесінің дұшпаны болады. Діннен жырақтау рухани сезімдерден қол үзуге себеп болады және ұжданның пікір көкжиегін тарылтады. Ішкі және сыртқы нұрларды сөндіреді. Құран мен Сүннеттің даналы хикметтерінен, рухани жарықтығынан мақрұм етеді. Адамға Жаратушысы тарапынан сыйға берілген маржандарды жоғалтып, адамды сүйек пен ет толтырылған тері дорбасына айналдырады. Ондай адам тек осы дүниедегі құлқынын ойлайтын ғана күйге түседі..

Халық арасында белгілі және жиі айтылатын хикая бар. Бір әке өз баласының дін мен руханияттан мақрұм екенін көрген сайын:

«Балам, сен адам болмайсың!..» деп айтады екен. Бала өз әкесіне ерегесіп, мектепке барып, білімін толықтырып, өзі тұратын қалаға әкім болады. Әкесінің сөзін есіне салу үшін өз адамдарын жіберіп, оны өз қабылдауына шақыртады. Әкесі алдына келген кезде:

«Әке, әке!.. Сен маған “сен адам болмайсың” деп айтушы едің, көрдің бе, міне, әкім болдым!..» дейді. Әкесі ұлына ақылды көзімен қарап тұрып, былай деп жауап береді:

«Балам! Мен саған әкім бола алмайсың деп айтқан жоқпын. Адам болмайсың деген едім. Егер сен адам болсаң, әкеңді өзіңе шақыртпай, өзің әкеңнің алдына келер едің!..»

Міне, дәл осы мысалдағыдай діни тәрбиенің болмауы осы дүниелік пайданы пұтқа айналдыру ауруын тудырады. Діннен жырақтауымыздың ең басты себебі осы.

Материалдық пайданы пұтқа айналдыру — фәлсафа емес, бишаралық. Ол адамдық емес, надандық пен қараңғылық. Рухани сезімдердің ұйықтатылуы, қоғамның тірі мәйітке айналуы, басқа тілмен айтқанда өлмей жатып тас пен топырақтың астына көмілу деген сөз.

Адамзаттың адам болу қасиетіне қауыша білуі үшін Құран Кәрімнің үгіттеріне құлақ асуды үйренуі керек.

Аллаһ ﷻ біздерге ең үлкен нығметі жайлы былай баян етеді:

«(Ол) – **Рахман! Құранды ұқтырған, адамды жаратқан. Оған сөйлеуді үйреткен.** (...) **Көкті көтеріп, тепе-теңдігін орнатқан** (Олай болса, сен де сол тепе-теңдікті бұзбағын)» (Рахман сүресі, 1-4, 7-аяттар).

Осы жаһанды иләһи дәл өлшемдермен безендірген Раббымыз ғалам атты өлшем мен таразыдан өзге Құрани өлшемдермен бізге дүниедегідей, өлімнің арғы жағында да өлшемдер бар екенін білдіреді. Дүние мен ахірет өлшемдер мен таразыларға толы. Тіпті, өмір мен өлімнің өзі бөлек, дәлме-дәл және қатесіз таразыдай. Барлық рухани күйіміз сол өлшемдерге сай болуы келешек ұрпаққа да ғибадат, іс-әрекет пен мінез-құлықтың үлгісі болып қалуы тиіс. Құран аятында былай бұйырылады:

«Сонда кім зәредей ғана қайыр істесе, оны көреді. Ал, кім зәредей жамандық істеген болса, оны да көреді» (Зілзала сүресі 7-8-аяттар).

Бұл жаһан иләһи өлшемдер мен таразылармен безендіріліп, Құранның өзі бізге өлшемдерді айқын түрде көрсетіп тұрса да, қалай болса солай ғұмыр кешіп, сол өлшемдердің сыртында жүргендердің жағдайы неткен қасіретті ғапылдық!

Заманымыз Рахман сүресіндегі аяттың аясында бүлдіршіндеріміз бен балаларымызға жаратылыстың сырын, Құранды, құлшылықты ең көркем түрде түсіндіріп, үйретуге зәру болып отыр.

Қысқасы, балаларымыз аятта бұйырылған ғаламдағы иләһи өлшемдер мен тепетеңдікті бұзбайтындай етіп, көркем де киелі жаратылыстарын сақтап қалатындай тәрбиеленуі тиіс. Әрине, бұл еш күмәнсіз, отбасы ұяшығында ана мен әкенің шебер көңілдерімен беріле алатын дүние.

Мұндай іс баланың шынайы келешегін шынайы түрде ойлайтын әкелер мен аналардың тындыратын шаруасы. Мұндағы келешек деп отырғанымыз, әрине, осы дүниеге ғана қадалып қалған келешек емес, мәңгі бақытқа ұласатын мәңгілік келешекті айтып отырмыз. Өкінішке орай, бүгін келешек деген атпен тек осы күнін ғана құтқару жолында кетіп, балалардың шынайы келешектері қауіпке тігілуде.

Қаншама қате істер жасалып: «Қайтеміз енді, балапанымыздың болашағы одан маңыздырақ» деген сылтаулармен балаларымыздың Хақ құзырында күнәһар болуға итермелеудеміз. Ал негізінде біз балаларымызды руханиятқа қаншалықты жақын етіп өсіретін болсақ, соншалықты Аллаһ Тағала оның болашағын жарық қылмақ. Осман империясының жиырма төрт миллион шақырым шаршы кеңейіп, жайылуының сыры осы тәрбие түсінігінде жатыр. Қиын шақтардағы Аллаһтың жәрдемінің келуі де осыған қатысты. Чанаккале мен тәуелсіздік соғысы жеңістері осы ақиқаттың берекетінің көрінісі. Акиф ақын қандай керемет айтқан:

Тікелей Құраннан алып
шабыт пен ой-сананы,

Ғасырдың санасына
сөйлетелік Исламды!..

Олай болса, балаларымызды барынша Құран ахлағы, тәфәккурі мен тура жолымен тәрбиелеу арқылы өзіне, отбасына және ең маңыздысы — дініне, отанына және ұлтына адал ұл болып өсуіне ат салысуымыз керек. М. Акиф өз шумақтарында былай дейді:

Иесіз ел қайткенде де күйрейді,
бұл — айнымас шындық,
Ие болсаң сен егер,
бұл отан еш күйремейді!

Айтып өткеніміздей, ең алдымен бұл — әкелер мен аналардың міндеті. Біле білсек, **Чанаккале мен тәуелсіздік соғыстары секілді қаншама ұлы жеңістер сырт көзге сол жеңістерге үлесін қосқан қолбасшылардың, ғазилар мен шейіттердің еңбегі болғанымен, екінші жағынан оларды жетілдіріп, тәрбиелеп, батасын беріп, отан қорғауға аттандырған ата-аналардың еңбегі.**

Осы шындық қасіреттен өртенген ақын отбасының бүгінгі халіне және негізінде қандай болуы керектігіне назар аударады:

Түздегі емес, ей, әке, үйдегі зияндар қинар,
Кейде баланың рухына тығын теледидар.
Қайта гүл егілсін, адамның жәннаты үйі-дүр
Ей, ана, сенікі бұл борыш, үйлерді сүйдір!..

(СЕЙРИ)

Кей отбасылар балалары болса екен деп, барын салып жүргенде, кей адамдар балалы болғысы келмейді. Тіпті, бұл үшін қолдарынан келгенін істеп бағады. Осылай ету дұрыс па?

Үйленгеннен кейін зәрулік немесе басқа да салмақты себеп болмаса, балалы болғысы келмейтіндер немесе оларды әлі ана құрсағында жатқан кезінде түрлі қол сұғулар арқылы алдырып тастап жатқандар ұрпақтың күйреуіне себеп болады. Өсімдіктер мен хайуандардың өзі ұрпақтарының жалғасуы үшін мыңдаған түрлі ғибратты әрекеттер көрсетіп жатқан кезінде, мақлуқаттың арасындағы ең үстемі адамның өз ұрпағына балта шабуға тырысуы қандай ақыл мен ар-ұжданға сыймақ? Жылан екеш жылан да өз жұмыртқасын тасаға жасырып, қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Ұрпағын сақтап қалу жолында жанталасқан жан-жануарлардың қасында ғаламның ең абыройлы деген жаратылысы адам баласының сол мейірім мен шапқаттан жұрдай болуы жүрекке батарлық ащы жағдай...

Құран аятында қияметте орын алатын көрініске назар аударып, былай делінеді:

«Тірідей топыраққа көмілген қыздан қандай күнәсі үшін өлтірілгендігі сұралған кезде..» (Тәкуир сүресі, 8-9-аяттар).

Өкінішке орай, 1400 жыл бұрынғы қылмыстар әдісі ғана ауысқан күйде, бүгінде адамзаттың маңдайындағы дақ **«аборт»** түрінде қайта қайталануда.

Бүгінгі ғасырда кейбір ата-аналар нақты зәрулік болмаса да, тек өз өмірлерінің тыныштығы мен жайлылығы үшін ауясыз түрде бала алдыруды қылмыс санамайтын болып келе жатыр. Кәдімгі қыз балаларын тірідей топыраққа көмген жартылай жабайы жәһилият адамдарымен жабайылықта жарысқа түсіп жатқандай. Ана құрсағындағы күнәсіз сәбилер болмашы мақсаттар жолында өлітіріліп, заманауи қылмыстар жасалуда. Бұл ең баста иләһи нығметке деген көргенсіздіктің ең жаман түрі. Сондай-ақ, бұлай еткендердің өмірдің қандай тосын тағдырына тап болатыны да беймәлім. Бұл қылмысты істегендер, бәлкім, ертең өмірде жападан жалғыз қалған кезінде қолынан ұстайтын, сүйеу болатын адамы сол баласы болатынын ойлануы керек. Өйткені уақытында өз ата-аналарының да оны қаламай, дәл сол тағдырға өзін қиған болса, бүгін өздері

де бұл жарық өмірде болмас еді. Бұны да ойлау керек.

Дін мен иманнан мақрұм болғандықтан өмірді тек материалдық жоспарға ғана ығыстырған, өз менмендігі мен нәпсісінің қалауының соңынан қуалаудан басқа ойы жоқ, адамгершілік қасиеттер мен абыройларымен қош айтысқан өзімшіл ұрпақтың қандай пәлекеттер алып келгеніне дүние тарихы сан мәрте куә болған.

Аллаһ бәрімізге отбасы ұяшығымызды қайырларға толтырып, сол жанұядан қайырлы ұрпақтар тәрбиелеп, Мұхаммедтің үмметіне және барлық адамзаттың кәдесіне жарауды нәсіп етсін.

Әмин!..

Исламда әйелдің алатын орны және қыз баланың тәрбиесі

Әйелдің ізеттілігі мен нәзік қылығы қоғамды жәннатқа айналдырады. Сол жәннатта өсіп, жетілген ұрпақтар қоғамның тыныштығы мен бақытының кепілі болады. Сондықтан да салиқалы жанұядағы әйел қоғамның хрусталь шамы іспеттес.

Әйел адамның Исламдағы алатын орны қандай? Бүгінгі таңда әйелдер түрлі себептермен және жалтыраған сөздермен алдатылып, көшелерде бақыт іздеп сенделуде. Әйелдер өз рахаты мен бақытын қайдан іздеуі керек?

Хақ Тағала әйелге сезімталдықты еркектен гөрі молырақ берген. Сол сезімталдықтың молдығы әйелге Аллаһ Тағаланың артқан асыл борышының қажеттілігі. Ол борыш ұрпақтың жалғасуы, тәрбиеленуі. Осы иләһи тәртіп бұзылатын болса, әйелдің жаратылысы мен табиғатына қиянат жасалған болады.

Бүгінгі заманда әйелдер мен ерлер арасында ойдан шығарылған теңдік жолындағы жарыс басталып келе жатыр. Жаратылыс

ерекшеліктеріне теріс келетін бұл жарыстың кесірінен жұбайлық және аналық борыштар аяқ асты болып, жанұяның құзыры мен ынтымағы жоғалып, қоғам өмірі шайқалып, тұлғалар адамгершілігін жоғалтып бара жатқандай. Әйел мен еркектің физикалық жаратылысы мен рухани жаратылысы тең емес қой, қалайша қызмет пен құқықтары тең болсын. Басты нәрсе — барлық саладағы теңдік емес, ақылар мен міндеттер арасындағы тепе-теңдік.

Хақ Тағала еркектер мен әйелдер арасында бірін бірі толықтырып отыратын, керемет міндет бөлісін жасай отырып, әрқайсысына бөлек-бөлек қабілеттер берген. Әйел мен еркек тек дене және рухымен біріккен кезде ғана олардың жаратылысына қойылған мақсат орындалады. Жанұя және соның нәтижесінде қоғам да бақытқа кенеледі.

Әйел Аллаһтың өзіне ғана дарытқан көркем қасиеттерін қорғауы және әрі қарай дамытуы оның жетілгендігінің белгісі. Әйел өз бойындағы қасиеттерді Аллаһтың орнатқан жүйелі тәртібіне кереғар түрде бағыттап, өз ақиқаты мен ерекшеліктерін жоғалтатын болса, өз құнын да жоғалтқан болады. Өз нәзіктігін, тәттілігін, биязылығын жоғалтқан болады. Сөйтіп, қоғамның өмірі шөлге айналады.

Әйелдің өз жаратылысына сай өмір сүруі қоғамды жәннатқа айналдырады. Әйел өз отбасындағы қоғамның хрусталь шамы іспеттес. Тарих беттерін ашатын болсақ, қоғам әйел арқылы көтеріліп, сондай-ақ әйелдердің қолынан күйрегендігін көреміз. Егер әйелдер бақытты көшеден іздеуге сендірілетін болса, олардың өмір жолдары әйнек сынықтарына толмақ.

Әйел бақыты өз қасиеттерін қорғай отырып өмір сүруінде және отбасында жасырылған. «*Жәннат аналардың аяғының астында*»[3] (Сүюти, Жәмиүс-сағир, I, 125) хадисі нағыз аналар үшін Пайғамбарымыздың қандай ұлы сүйіншісі.

Салихалы ана иләһи құдіреттің кеңейтілген рахым құшағы, жанұяда бақыт қайнары, зауық пен шаттықтың сәулесі, отбасы мүшелерінің мейірім одағы. Раббымыздың **«әр-**

3. Осыған ұқсас тағы бір хадис:

«Жәһимә есімді сахаби әйел пайғамбарымызға келіп: «Уа, Расулаллаһ! Соғысқа қатысқым келеді. Мұны сенімен ақылдасуға келдім» дейді.

Аллаһ Расулы ﷺ одан:

"*Анаң тірі ме?*", деп сұрайды.

Ол "иә" деп жауап береді.

Пайғамбарымыз сонда:

"*Олай болса, анаңа қызмет жаса, өйткені жәннәт оның аяғының астында*" дейді» (Нәсәи, жиһад 6).

Рахман» және **«әр-Рахим»** есімдерінің осы дүниеде ерекше көрініс табуы.

Біздерді ең әуелі бір мерзім өз құрсағында, сосын құшағында, содан кейін өле өлгенше жүректерінде сақтап көтеріп жүрген аналарымызға көрсетілуі қажет құрмет пен тағзымға тең лайық келетін басқа тіршілік иесі жаратылмаған. Үй тәртібі мен бала тәрбиесін мойнына артып алған ана, шын мәнінде, үлкен сүйіспеншілікке, үлкен құрмет пен өмір бойы алғыс айтуға лайықты.

Ана рухында біріккен терең шапқаттың шекараларын белгілей алатын өлшем бар ма екен? Өзі жемей жегізген, өзі кимей кигізген, түн ұйқысын төрт бөліп, ұйықтамай тербеткен ана... Өмірдің бұрқасындарында бізге шаң тозаңы қонбасын деп, бүкіл болмысын атаған аналар мен әкелердің ақысын өтей алуымыз мүмкін бе екен?

Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

«Ананың ақысына абай бол! Оны басыңдағы тәжің деп біл. Өйткені аналар босану бейнетін тартпағанда, балалар бұл дүниеге жол таппаған болар еді».

Үлкен әулие әрі Ислам құқықшысы болған **Имам Ағзам** зұлымдық қолында ойыншық болмау үшін Бағдат қаласының басқазысы болудан бас тартқан. Халифа Әбу Жағфар Мансур оны жазалау үшін абақтыға жауып, дүре соқтырып, жазалаған болатын. Күн сайын дүре саны арттырылып отырды. Ал Имам Ағзам соғылған дүренің азабынан гөрі: «Мына күйімді анам естісе не болады?» деген уайыммен достарына хабар жібереді:

«Менің мына халімді анам ести көрмесін. Ол менің қиналғаныма шыдай алмайды, уайымнан өледі!.. Ал мен оның қайғырғанына шыдай алмаймын!» деп, анаға деген махаббаттың тірі үлгісін көрсеткен. Анасына деген оның махаббаты оған соққан дүренің ауырсынуын да ұмыттырып жібергендей.

Баһауддин Нақшыбенд Хазіреті :

«Біздің қабірімізді зияратқа келгендер алдымен анамыздың қабірін зиярат етсін!», дей отырып, ана сүйіспеншілігінің тереңдігіне мысал болатын сөз қалдырған екен.

Абдұррахман Молла Жәми болса:

«Мен анамды қалай сүймейін, ол мені бір

мезгіл бойында, бір мерзім қолында, сосын өмір бойы жүрегінде арқалап өтті!..» дейді.

Сөзсіз, ұрпақтың тәрбиеленуінде аналардың алар орны маңызды, солар жайында айта кетсеңіз!

Бір ұлтты қандай келешек күтіп тұрғанын болжау онша қиын жұмыс емес. Ол үшін ол елдің жастарына көз салу жеткілікті. Әр дәуірдің жастары өз мінездеріне сай, күш-жігерін жұмсай алатындай бөлек әлемде өмір сүреді. Сол жастардың тіршілігі ұлтының күре тамыры секілді. Яғни, әр ұлт пен мемлекет өз жастарының сезіміне, пікір дүниесіне қарай бейімделеді. Егер бір елде жастар өз күштерін қайыр мен руханият жолында және адамгершілік жолында жұмсайтын болса, ол ұлттың болашағы зор деген сөз. Ал, егер керісінше жастар өз күштері мен қуаттарын нәпсі жолында тұтқын қылып қойған болса, ақыры аянышты болмақ. Олай болса, халқы мен ұлтын иығына артып, абыройлы ертеңге жеткізетін рухы биік, еңсесі асқақ жастар тәрбиелеп шығару ең үлкен міндеттердің бірі және ол аналардың қолында. Өйткені ұрпақты тәрбиелейтін — аналар. Барлық әулилер мен ұлы адамдар өздерінің алғашқы рухани нәрін өз аналарынан алған.

Мұның ең тамаша мысалдары — ардақты сахабилердің жұбайлары. Олар балаларына жандарымен, малдарымен бірге пида болуды да үйреткен. Балаларының көңілдерін Расулұллаһқа деген махаббатпен толтыра білді. Осылай өздері құрған жарық және құзырлы дәуір арқылы олар мықты қоғамның мықты жанұялардан құралатынын дәлелдеп кетті. Ал, мықты жанұялар көбіне рухани тәлім алған, нәпсі бөгеттерін асып өткен, салихалы әйелдердің шеберлік туындысы болады.

Қыздарымыздың тәрбиесінде қазіргі Құран курстарының рөлі қандай? Сол курстарда берілетін білім мен тәлім мәселесінде нелерге көңіл бөлу керек?

Барлық оқу орындары, әсіресе, рухани білім және тәрбие беретін Құран курстары мейірім мен пидагерщіліктің, дінге деген қызмет ордасы болуы керек. Олардың қабырғасында құрғақ білім үйіндісінен гөрі мейірім мен дін жолында қызметтің шабыты мен толқынысы орын алуы керек. Өйткені шәкіртінің санасына махаббатты қондыра алмаған сезімсіз оқытушы, иманның жанға сыйлар

сүйіспеншілігі мен рахатын кішкентай ғана пәк жүректеріне сезіндіре алмаған тәрбиеші және Құранның тереңдігін таттыра алмаған ұстаз үлкен обалға қалады. Өйткені олар отырған мекеме — бәйтул-мәл (үммет пен халықтың ортақ малы), ал шәкірттері аманат іспеттес. Шәкірт ойдағыдай тәлім алып шыға алмаса, құл хақысына кірген болып саналады.

Адамдардың көбіне дүниеге тұтқын болып кеткен осынау заманымызда, әсіресе, Құран ұстаздарының шәкірттеріне бұрынғыдан да көбірек көңіл бөлулері зәрудей қажет болып отыр. Мұғалімдер мен мұғалималар ең алдымен шәкірттерінің көкейін ұстазға деген махаббатқа толтырғаны дұрыс. Әлиф-бәні бастамас бұрын әлифтің ақиқатын түсіндіріп беру керек. Кішкентай ғана жүректерге Аллаһ пен Расулына деген сүйіспеншіліктің шуақтарын түсіріп, рухани сусындату керек. Исламның көркемдігін, бар кереметі мен ізгіліктерін сол тап-таза жүректерге шағылыстыруға тырысуы қажет.

Біресе жазалаушы сот болып, біресе жендет болып дөрекі айқайларымен шәкіртіне өктемдігін жүргізуге тырысқан мұғалімнің, түнерген қабақпен Құран Кәрім үйретуге кіріскен

ғапылдар мен сол сияқтылардың бұлары тек бос әуре ғана.

Құран Кәрімге селқос қараудан асқан адамның рухани өмірін қарайтатын қателік жоқ шығар. Сондықтан мұндай курстарда тәрбие ісімен айналысатын мұғалім мен тәрбиеші әйелдер қызмет адамы болуға тырысуы керек. Нағыз қызмет адамы — жүрегі иманға толы, көркем амалды, мейірімді, өзгенің қамын ойлағыш, көркем ахлақ мінезімен безенген, кек пен өшпенділікке дұшпан адамдар. Сондай-ақ қызмет адамы қандай ортада өмір сүріп жатса да, өз иманын қорғай білетін адам. Тіпті, фитнә ортасында да айналасына ізгіліктің шуақтарын шашып, басқаларға әсер ететін, бірақ басқалардың жамандықтарынан ешқандай әсер алмайтын адам болуы керек.

Қысқасы, нағыз қызмет ерлері барлық жағдайда жүрегін мал мен мүлік, қызмет пен дүниелік пайдаларды жүрегіне уайым етуден аулақ тұра алатын адамдар.

Бір ұлағатты сөзде былай делінеді:

«Дүние үш нәрсемен жәннат болады:

— Қолмен, тілмен және көңілмен инфәқ жасаумен,

— Аллаһтың құлдарын айыптамай, кешірімді болу арқылы

— Залымның зұлымдығына зұлымдықпен жауап бермей, қайта һидаяты үшін күресумен».

Өзге бір ұлағатты сөзде адамдар арасында өзін өзі танып, шегінен шықпағандарды үш сыныпқа бөле отырып, оларды былай атаған:

— Ешкімді ренжітпейтіндер,

— Аттары мен сипаттарын айтуға ұялатын биязы да кішіпейілді жандар,

— Иләһи аманаттар мен мақлұқаттарға Хақ назарымен қарайтындар».

Гүлдер мен шешектердің әсем бейнесі ең дөрекі және теріс қылықты адамдардың өзін күлімдете алатыны сияқты адамдарға өнеге болып, жол көрсететін адамдардың көңілі де сондай болуы керек. Олар барлық мақлұқатқа қуаныш пен шаттық таратып тұруы қажет. Ең қатты және надан адамның жүрегі де оның алдында еріп, жұмсарып, ғапылдықтан оянатындай болуы керек.

Құран курстарымыз білім беруден гөрі тәрбие беруді мақсат тұтатын тәрбие ошағы болуы тиіс. Өйткені, болашақтың жарқын беттерін алтын әріптермен толтыратын болашақ аналар тек сондай орындарда ғана тәрбиеленіп шығады. Онда оқитын қыздарымыз түлеп шығып, өмірдің тосын қырларымен беттескен кезде Исламның ізгіліктерін іс жүзінде пайдалана алатын болуы керек.

Құран курстары қос Фатиманың рухани күйіне орана алуы қажет.

Кешіріңіз, бұл екі Фатима дегеніміз кім? Біраз түсіндіріп кетер ме едіңіз?

Бірінші Фатима — Інсан сүресінің 8-11 аяттарында көркем ерекшелігін Хақ Тағала өзі мақтаумен еске алған Фатима.

Хазіреті Хасан мен Хұсайын бала кездерінде ауруға шалдығып қалады. Хазіреті Әли ﵁ мен Хазіреті Фатима ﵂ үш күн ораза ұстауды Аллаһқа атайды. Бірінші күні ауыз ашайын деп жатқандарында бір кедей кісі келіп:

«Аллаһ разылығы үшін, жейтін бірдеңе беріңдер!» дейді.

Олар дастарханқандарындағы жейтін астарын беріп жібереді. Өздері сумен ауыздарын ашып, екнші күннің оразасына ниет етеді. Екінші күні ауызашар уақытында бір жетім есік қағады.

«Аллаһ хақысы үшін бір үзім!» деп өтінген соң, тағы да дастарханқандарындағы барын соған беріп жібереді.

Ал өздері сумен ауыздарын ашып, ертеңгі оразаға ниет етеді.

Үшінші күні сол сағатта бір құл келіп, жейтін тамақ сұрайды. Тағы да олар алдарындағы нанын соған беріп, өздері сумен ауыз ашады. Соған байланысты осы Інсан сүресінің төмендегі аяттары түседі:

«Олар тамақты өз жаны қалап тұрса да міскінге, жетімге және тұтқынға жегізеді.

Олар: "Шын мәнінде, сендерді Аллаһтың ризалығы үшін тамақтандырамыз. Сендерден бір төлем немесе алғыс тілемейміз. Расында, біз қатулы да ауыр сынды күннің Раббысынан қорқамыз" дейді.

Сондықтан Аллаһ оларды сол күннің апатынан сақтап, жарық жүз бен қуанышқа бөлейді. Оларды сабыр еткендері үшін жұмақ және (жұмақтағы) **жібекпен сыйлайды»** (Інсан сүресі, 8-12-аяттар) (Уақиди, 470; Зәмахшари, VI, 191-192; Рази, XXX, 244).

Бұл аяттарда үш мәселе назар аудартады.

Біріншісі – Аллаһтың мақлұқатына мархамат, Аллаһтың мақлұқаттарына Аллаһтың назарымен қарай білу, жетім мен кедейдің және құлдың көңілін алу. Бұл жөнінде **Әбу Бәкір Уаррақ** былай деп айтады:

«Инфәқ жасамаған жәннатқа үміт етпесін. Пақырды сүймегендер Пайғамбарымызды сүйетіндігіне сендіруге тырыспасын. Екеуі де жалған!».

Екіншісі – инфәқты Аллаһ ризалығы үшін жасай білу. Осындай түсінікте болғандықтан Хазіреті Әли мен Хазіреті Фатима:

«Біз бір сыйақы күтпейміз, рахмет те сұрамаймыз. Тек Аллаһ разылығы үшін жасаймыз» деген болатын. Біз де жасаған амадарымызды тек Аллаһтың ризалығы үшін жасайық, құлдардан ешқандай сыйақы күтпейік.

Үшіншісі – қадірменді де өнегелі адамдар:

«*Біз қиямет күнінен сол қатты да қатулы, ауыр сынды күннен қорқамыз*» дейді. Бұл мүмин жанның жүрегінің хашятұллаһқа (Аллаһтан имену сезіміне) толған күйдегі айтатын сөзі.

Хақ Тағала да олардың осы ықыласы мен қызметіне жауап ретінде: «*Оларды сол ауыр сынды күннен қорғаймыз*» деп, уәде етуде.

Осы Фатиманың жан дүниесін шағылыстыратын тағы бір оқиға:

Пайғамбарымыз Қағбаның Рукну Йәмәни бөлімінде намаз оқып жатқанда Әбу Жәһил келеді. Оның жалғыз екенін көргенде қуана-қуана дереу адамын жіберіп, жаңа түскен түйе ішек қарнын алдыртты. Пайғамбарымыз сәждеде жатқанда 70-80 килограмдық сол түйе ішек-қарнын үстіне төге салды. Пайғамбарымыздың ол кезде әлі мұсылман болмаған көкесі Аббас та сол жерде болатын. Мүшріктердің кесірінен сескенгені үшін дауысын шығара алмады.

Ол кездері әлі тоғыз, он жаста болған Хазіреті Фатима сол жерден өтіп бара жатқан

болатын. Жүгіре келіп, Пайғамбарымыздың үстіндегі ласты тазалай бастайды. Бір жағынан көздерінен моншақ жастар төгіліп, тамағына тығылған өксікті ұстай алмай, өксіп-өксіп жылап жіберді.

Пайғамбарымыз ﷺ:

«*Жылама, қызым!..*» — деп жұбатып жатты» (Бұхари, Саләт, 109, Жиһад, 98, Жизйә, 21; Мүслим, Жиһад 107).

Туыстық жақындығы бар ерлердің бата алмаған нәрсесін ержүрек Хазіреті Фатима жасай білді. Ол Аллаһты және Оның Расулын барлығынан артық көретін, оларды бәрінен артық жақсы көретін. Сондықтан да Хазіреті Фатимаға «*Үммү Әбиһә: Әкесінің анасы*» аты берілген.

Екінші Фатимаға келер болсақ, ол Хазіреті Омар رضي الله عنه әлі мұсылман болмай тұрғанда, Хазіреті Пайғамбардың жанына қастық жасау мақсатымен жер мен көкті сілкіндірерлік үлкен қылмысқа кетіп бара жатқан жерінен өзіне кедергі болып, оны һидаятқа жетелеген қарындасы Фатима. Сол күні Фатима сондай бір шын жүрекпен Құран оқыған болатын.

Омардай қатал, қатты жүректі, жәһилия адамы еріп, жоқ болып, оның орнына көңілі мархаматқа толы, көздері жасаурайтын, Хақ алдында екі бүктелетін жаңа Хазіреті Омар пайда болған еді.

Сондықтан да курстарда тәрбиеленіп шығатын қыздарымыз осы екі Фатиманы және солар секілді жандарды өнеге тұтқандары өте маңызды. Барлық қызымыз солар сияқты өзгенің қамын ойлағыш әрі кең жүректі адам болуға тиіс. Жасаған амалдарын Аллаһ ризалығы үшін істеп, Құран Кәрімді жүрек толқынысымен, тереңнен оқуы керек. Сонда жүректер қалайтын ұлы нәсіптер мен иләһи нығметтер мен иләһи руханият нәрі көкейлерімізді толтырар.

Осы орайда Хазіреті Айша анамызды да есте ұстаған жөн. Өйткені ол Пайғамбарымыздың жұбайларының ең зерегі болатын. Ардақты сахабилердің арасындағы жеті мұжтәһидтің біреуі. Расулұллаһ ﷺ ол жайында:

«Діндеріңнің үштен бірін Айшадан үйреніңдер!» деп айтқан болатын (Дәйләми, II, 165/2828).

Сондықтан да әр мұсылман әйелдің Хазіреті Айша анамыздың Пайғамбарымыздың мақтауы мен алғысына ие болған зеректігі мен парасаттылығынан, Хақ Тағаланың куәлігіне лайық болған тазалығынан өз үлесін алуға тырысқаны абзал.

Тілеуіміз сол, Раббымыз барлық қыздарымызға Фатима аналарымыздың рухани өмірлерінен, Хазіреті Айша анамыздың зеректігі, парасаты мен тазалығынан және Хазіреті Хадиша анамыздың Аллаһқа берілген, жанкештілігінен нәсіп үлесін алуға жазсын!

Әмин!..

Сұлтан Аналардың уақыф мәдениетіндегі иман құлшыныстары

Осман Ислам империясы көркем мемлекет ретінде ғана емес, сонымен қатар уақыфтар мәдениеті ретінде де тарихтың алтын беттерінде орын алған.

Енді мына сахабилер өмірінен келтірген мысал өнегелер кейінгі дәуірлерде өз жалғасын таба алды ма, сол жайында біраз сөз өрбітсеңіз. Олардағы көркем отбасылық өмір мен рухани саптық кейінгі ғасырларда қаншалықты жалғасты?

Бұған еш күмәнім жоқ.

Ислам тежеуші дін емес, қозғаушы дін. Сол себепті алғашқы күндерінде болған әсемдіктер, жүз пайыз болмаса да әрқашан руханиятқа ғашық және ыстық ықыласты мүминдердің көңілінде бар болуын жалғастыра бермек.

Асрұ саадат дәуірінен кейінгі ғасырларда, әсіресе, Османлы кезеңі екінші асрұ саадат сияқты

болды. Шын мәнінде, ол кездегі мұсылмандар отбасы бақыты тұрғысынан болсын, қоғамның жан-дүниесін қалыптастыру тұрғысынан болсын, иманның мен ихсан, қайыр жолында жарыс өткенді. Олардан бізге мирас болып қалған рухани, материалдық байлықтар мен теңдессіз мәдениет жәдігерлері сол ақиқаттың тірі куәсі. Шынында да, Османлы көрікті мемлекет болуымен қатар уақыф мәдениеті ретінде де тарих сахнасында орын алған мемлекет. Соның нәтижесінде бүкіл әлемге өздерін мойындатып, мәдениеттердің асыл тәжі болып, ұзақ ғұмыр жасаған.

Осы уақыфтар мәдениеті болған Османлы мемлекетінде тұрғызылған сәулетті өнер туындылары арасында сұлтан аналар мен сарай ақсүйектерінің жұбайларының да еңбектері бар дейді. Осы жайында айта кетер ме едіңіз?

Османлы дәуірінде құрылғаны анықталған 26,300 уақыфтың 1,400-ге жуығын әйелдер тұрғызғандығы өте таңдандырар әрі маңызды жайт.

Солардың бірі — Нұр Бану Сұлтан Ана[4]. Ол Ыстанбұлдың Анадолу мен Румелі жағасында көптеген ғимараттар салдырған. Үскүдар Топташындағы Атиқ Уәлиде мешіті, мекемелері мен медресесі, дәруш-шифасы (аурухана-сы) мен қос моншасы оның бізге ұластырған өлімсіз шебер өнер туындылары мен еңбектері.

Сондай әйелдердің тағы бірі — Махпейкер Көсем Сұлтан Ана. Ол да Йени Жәмидің (мешіттің) негізін қалап, Үскүдар Шынылы мешітін, оның қасына мектеп, су шүмектерін, дәрул-хадис, қос монша және басқа да құрылыстар салдырған. Сондай-ақ ол Анадолу Кауағындағы мешітті де салдырған. Оның жетім және пақыр қыздарды үйлендіру үшін құрған уақыфы да атақты. Бұлардан өзге тағы көптеген қайырымдылық шаралары да бар. Өте таңдандырарлығы, сұлтан аналар арасында қатал табиғаты мен өр мінезімен таныла тұра тұра, Көсем Сұлтанның өзі әлсіздерге демеу болатын уақыфтар құру арқылы шапқат пен мейірімнің шыңын көрсете білген.

4. Сұлтан ана деген атау Османлы императорлығында негізінен ұлдары падишах болған әйелдердің ресми атауы болған.

Көсем сұлтан негізін қалап, бірақ аяқтауға ғұмыры жетпей жартылай қалып қойған Йени Жәмидің (мешіттің) құрылысын аяқтатып, ғибадатқа ашу абыройы Хатиже Тұрхан Сұлтанға бұйырды. Оған қосымша мектеп, медресе, кесенелер мен кітапханалар, ауыз су құбырлары сияқты қайырымдылықтары да бар. Сондай-ақ, Йени Жәми уақыфындағы назар аудартатын жәйт Рамазан кештерінде және өзге де қасиетті түндерде кейбір су шүмектерінен бал шербетін ағызып, намаздан шыққан жамағатқа ұсыну дәстүрін айту керек. Тіпті, балдың сапасының өзі жәми уақыфына арнайы тапсырмамен бекітіліп, сол кездің ең сапалы балы алыс аймақардағы жайлаулардан әкелінетін. Қаншалықты қымбат болса да, уақыфта үнемі осы балдан қолданылып, басқа бал қолданбау шарты қойылған екен. Мінеки, бұл да уақыф мәдениетіндегі қайырымдылық түсінігінің қандай жіңішке болғандығын, қандай маңыз берілгендігінің мысалы.

Бұл Ханым Сұлтан уақыфтары қызметінің жалғасуын қамтамасыз ету үшін өте бай табыс көздерін ашып қалдырып, сол уақыфтардың қызметін жүргізетін 116 қызметкер тағайындап кеткен екен,

Пертевниял Сұлтан ана да Ыстанбұл Ақсарай ауданындағы «Уәлиде Жәмиі» және «Я Уәдуд Мешітін» салдырып, сонымен бірге кітапхана, су құбырлары мен мектеп салдырып, оларды қайыр қызметіне уақыф ретінде атап кеткен.

Едирнекапы мен Үскүдарда бір-бір «Селатин жәмиін» салдырып кеткен Миһримаһ Сұлтан құрып кеткен үлкен-үлкен уақыф еңбектеріне қарамай, сондай кішіпейіл әрі қарапайым адам болған. Мұны мына оқиға өте керемет көрсетеді.

Мекке мен Арафаттың суы кезінде Харун Рашидтің жұбайы Зүбәйдә ханым тарапынан Бағдат өңірінен сол жерге дейін әкелінген болатын. Бірақ, Кануни Сұлтанның кезінде ол су құбырлары бұзылғандығы және су шүмектерінің жеткілікті мөлшерде ақпай қалғандығы айтылып жүрді. Мұны естіген Миһримаһ Сұлтан әкесі Кануни Сұлтанның құзырына кіріп, ескі су жолдарының бас сәулетші Мимар Синан тарапынан жөндеуден өткізілуін және сол қызметтің жасырын түрде жасалуын әкесінен қатты өтініп сұрап, сол мақсаттарға өзінің қолындағы барлық сәндік әшекей бұйымдары мен асыл тастарын

атаған болатын. Мимар Синан Сүлеймание Жәмиінің негізін салып болған соң бір мерзімге дейін жоқ болып кеткен. Мұның себебін ешкім біле алмады. Сондықтан да жәми негізі біраз отырып, орныксын деген оймен құрылысты тоқтатқан деген әңгіме жүреді. Ал, шын мәнінде, бұған «Айны Зүбәйдә» деп аталған сол су каналдарының жөнделуі мен сол қайырымдылықтың иесі Миһримаһ Сұлтанның қызметі мен инфәғының жасырын күйде қалуын қалағаны себеп болған.

Сұлтан аналар арасында қайырымдылық жасау жағынан ең атақтылардың тағы бірі — Безмиәлем Сұлтан ана. Бұл кісі ғасырлар бойы тарихта із қалдырған көптеген қайыр еңбектерін жасап кеткен. Ол кісі салдырған жәмилердің ең үлкені — Долмабахче сарайының қасындағы Уәлиде Жәмиі. Мәшһүр Галата көпірі де соның атаған уақыфтарының бірі.

Сұлтан ананың Шамда салдырған уақыфы да өте маңызды. Ол уақыфтың алға қойған мақсаты:

— Шамның тәтті суын қажыларға жеткізу

— Қызметкерлер сындырып қойған неме-

се ақау түсірген заттарды олардың адамгершіліктері мен көңілдерін түсірмеу үшін шығынын төлеп беру.

Қайырымды қолы өте алысқа созылған Безмиәлем Сұлтан ананың ең үлкен қызметтерінің тағы біреуі — өз жеке қаражатынан үлкен сома бөлу арқылы салдырған Ғурабаи Мүслимин Ауруханасы. Бұл ұлы туынды қасындағы жәмиі мен суымен 1843-ші жылы қызмет көрсетуге ашылып, сол күннен бүгінге дейін Мұхаммед үмметінің пақырларына шипа таратуда.

Сұлтан аналар қайырымдылық істерінде халықты сумен қамтамасыз ету мәселесіне бірінші орында маңыз беріп, Мекке мен Мәдинаны, Арафат пен Ыстанбұлды су құбырларымен, ауыз су шүмектерімен безендірген. Осы мақсатпен әлі күнге орнында тұрған су құбырларын жүргізіп, су жолдарын жөндеуден өткізіп, халықты қамтамасыз етіп тұратын дәрежеде мол су жеткізген.

Мүбәрак ата-бабалардың ықыласпен құрған уақыфтары қызметтерінің қияметке дейін жалғасуы жөнінде дұға, тілектермен салынған. Содан болар, сол уақыфтар бүгінгі және ертеңгі

адамдардың жәмиі мен мектебі, ауруханасы мен әскери казармасы түрінде көпшілігі әлі қызмет көрсетуін жалғастыруда. Бұлардың әрбірі өз алдына біздің мүбәрак ата-бабаларымыздың әзиз рухтарын шат қылатын жәри садақалар, иман мен ожданның асыл мұралары.

Хақ Тағала аталарымыздың жасап кеткен осы көңілден шыққан қызметтерін жалғастыра білуді және солар секілді өзгені ойлағыш, қайырсүйер, етек-жеңі кең ұрпақ тәрбиелеуді нәсіп етсін! Сол нәсіпке лайықты тұғырлы да құзырлы отбасылар құруды маңдайымызға жазсын!...

Әмин!..

СӨЗ СОҢЫ

Адамның жаратылуымен басталған отбасылық өмір, шүбәсіз, мәңгілік сапарымызда барып тұрақтайтын орнымызды белгілейтін бірегей айнамыз. Өйткені отбасы, былай қарағанда, ахиреттің егіс алқабы іспеттес. Осы дүниеде адамның сезімдері, ерік-жігері, ақыл-ойы мен көңіл әлемі тәрбиеленетін алғашқы мектеп, алғашқы махаббат, алғашқы бөлісу, ортақтасу, алғашқы бақыт пен алғашқы жәннат ортасы.

Сондықтан да бұл мүбәрак жанұялар барлық тұрғыдан өзінің асыл құны мен ерекшеліктеріне қауышып, өміріміздің ең жарқын ортасына айналуы керек. Сыртқы әлемде бір күнгі досқа қырық күн сәлем беріліп

жүргенде, отбасы ішіндегі өміріміздегі өмірлік жолдасымызбен өткізген күндеріміз қадірсіз болмауы тиіс. Отбасы өмірінде бір ғұмырды құшағына алатын бірлік бізді ешқашан шаршатпауы керек. Бір-біріміздің қадірі мен бағасын түсірмей, қайта жыл өткен сайын қадірі арта беретін, көркейе беретін, құндылана түсетін асыл мұрамызға айналуы керек.

Сол үшін де өз отбасыларымызға деген көзқарасымыз бен ойларымызды қайта ой желегінен өткізуіміз керек. Ол киелі ұя қонып кете беретін қонақ үй емес, ғапылдықты ортаға салатын сахна да емес. Ол жер Хақтың ризалығына ынтызар махаббаттың, бөлісу мен қызмет жемістері жиналатын көңілдің құтты бақшасы. Ол бақшаның гүлдері мен бәйшешектері, бұлбұлдары көктемгі маусымдай ауада тыныс алатын болса, қияметтегі нәсібіміз де көктем көркіндей болуы әдбен мүмкін.

Қысқаша айтқанда, отбасымыз:

Махшар күнінің үрейлі ортасында ата-ана мен балалардың бір-бірінен қашуына себеп болатын емес, бір-бірін онда қасіретпен құшақтастырып, сағынысып қауыштыратындай

етіп өмір сүрудің көркем мекені болуы тиіс. Ол үшін адам қазірден бастап абай болуы керек. Не істесе, қалай өмір сүрсе, отбасы мүшелері бір-бірінен қашатын болады, не істеп, қандай тіршілік кешетін болса, барлық отбасы мүшелері бір-біріне шапағатшы әрі құтқарушы болады!..

Пайғамбарымыз ﷺ айтады:

«*Қалай өмір сүрсеңдер, солай өлесіңдер. Қалай өлсеңдер, солай тірілесіңдер!*» (Мүнәуи, Фәйзүл-қадир, V, 663).

Осындай түсінікпен ең көркем түрінде құрылған отбасының құндылығы, әсемдігі мен зәрулігін ақын М. Әли Ешмели қандай көркем суреттейді:

Тұғырлы отбасы — жәннат сарайы,
жанға жайлы,
Сезім тіректері керегелерін
оның құрайды..
Барлық уықтары адалдан
сайлап байланар,
Харам араласса егер,
ол отбасы шайқалар..
Өзара түсініктен кірпіштері құралар,

Күдік, жаман ой әп-сәтте оны құлатар..
Тұп-тура жартысы
Адал жар деген дініңнің,
Қалған жартысынан
қол үзіп қалмас күнің..
Адал ұя көпірдей, апаратын ізгіге ұдай,
Ежелден бізге бұл нығметті
сыйлаған Құдай.
Бұл көпір болмаса жырақта
жүректер қалар,
Абайла, бұл көпірді жықпасын
өңшең надандар.
Бұл көпірде болсаң
тілің мен ісіңді абайла,
Бос ашу оны шайқалтар, үлкен зілзала.
Үлкен сыраттай бұл көпір,
тек наданға тар,
Ал опалыға ол даңғыл жәннатқа апарар.
Бұл жолда бізге өнеге Хадижадай ана,
Бұл жолда бізге үлгі Мұхаммедтей дана.
Қайырлы ұялар кие менен құт қашан да,
Бүгін де біз үшін ең үлкен осы дауа!..

Міне, отбасы осындай рухани керегелер мен адалдықтың уықтарынан құралып, иләһи өлшемдерге сай болған күні ол жанұя ахіретке қатысты соңсыз табыс пен рухани бақыттың ортасына айналуымен бірге осы дүниенің жаңаруына, қоғамның нығаюына, қоршаған ортаның жадырап, көркеюіне үлес қосатын болады.

Раббымыз біздерге осындай тұғырлы отбасыларды тарту етсін. Бұл әзиз халқымыз бен жастарымызды мынау жәннат отанымызда иман мен махаббат, адалдық пен жанкештілік, өзгені ойлағыштық, дінге қызмет арқылы мәңгілік шаттықтың сезімдеріне бөлесін. Осылай құрылған құзырлы жанұялардан бұрынғы өткен асыл ерлердей салихалы жандардың тәрбиеленіп шығуын нәсіп етсін!

Әмин!..

МАЗМҰНЫ

«Хикмет» баспа үйі ЖШС,

Алматы қаласы, Мамыр-4 мөлтек ауданы,
167-үй.

Байланыс телефондары:

8 (727) 255 63 41
255 63 57